

**KASE
ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕБІ**

2023

МАЗМҰНЫ

КASE ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ	3
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	3
БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ	6
НЕГІЗГІ УАҚИҒАЛАР	10
МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ.....	15
БИРЖА ТУРАЛЫ.....	16
БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТИЛЕРІ, ТРЕНДТЕРІ	21
КASE СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕБІ	23
Биржаның 2022–2024 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру	23
Орнықты даму қағидаттарын енгізу	44
Халықаралық қызмет	51
НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ	55
Халықаралық биржалық нарықтың трендтері.....	55
КASE нарықтары.....	61
Операциялық және қаржылық нәтижелер.....	85
Корпоративтік есеп	89
Корпоративтік басқару.....	89
Ақпараттық және физикалық қауіпсіздік	109
Тәуекелдерді басқару жүйесі.....	110
Қызметтің үздіксіздігін басқару	112
Комплаенс-бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	114
КASE Биржалық Тобының ішкі аудиті	116

KASE ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!

Директорлар кеңесінің атынан мен сіздерді KASE Тобының 2023 жыл үшін жылдық есебінің беттеріне қарсы алуға қуаныштымын.

2023 жыл ішінде әлемдік қаржы нарықтары әртүрлі геосаяси және экономикалық факторлардың ықпалына ұшырады. Көптеген елдерде инфляцияның кезең-кезеңімен төмендеуі байқалды, соның салдарынан кейбір орталық банктер пайыздық

мөлшерлеменің төмендеу мүмкіндігі жөнінде мәлімдеді, ал бірқатар елдердің кейбір орталық банктері оны төмендете бастады.

Халықаралық нарықтардағы белгісіздікке қарамастан, Биржа орнықтылық пен өзгерістерге бейімделуін көрсетті, Орталық Азия өңірінің жетекші биржасы және Қазақстан қаржы нарығының инфрақұрылымдық ұйымдары арасында ең маңызды ұйымның бірі мәртебесін сақтап, республика экономикасының өсуіне белсенді қолдау көрсетті.

2023 жылы Биржа технологияларды дамытуға, активтердің жаңа кластарын қамтуға, операциялық тиімділікті ұлғайтуға, экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық жауапкершілік (ESG) және нарықтық деректерді коммерцияландыру қағидаттарына байланысты жобаларды ілгерілетуге баса назар аудара отырып, 2022–2024 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыруды жалғастырды. KASE биржалық нарықтарында өтімділікті арттыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Бұл үшін қор нарығында эмитенттер ретінде шағын және орта кәсіпорындар (ШОБ) сегментін кеңейту, өнім желісін кеңейту, бөлшек, шетелдік

және институционалдық инвесторлар базасын ұлғайту, ESG қаржыландыру құралдарын дамыту жөніндегі міндеттер іске асырылды.

2023 жылы KASE алаңында шағын және орта бизнес облигацияларының рекордтық саны орналастырылды, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ субсидиялайтын облигациялардың алғашқы шығарылымдары орналастырылды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша KASE-дегі сауда-саттық көлемі тарихи максимумдарды қайта жаңартты, үшінші жыл қатарынан сауда-саттық көлемінің едәуір өсуі байқалады, сауда-саттық көрсеткіштері көпжылдық тарихи рекордтарды жаңартты.

Өткен жылы Биржа клирингілік және есеп айырысу функцияларын жеке құрылымға – еншілес ұйымы "KASE клиринг орталығы" АҚ-на бөліп беріп, сол арқылы орталық контрагенттің тәуекел-менеджмент жүйесін дамытуды қолдады. Бұл шешім ұйымдастырылған нарықта инвестициялау, шетелдік инвесторларды тарту, үздік халықаралық стандарттарды енгізу, Қазақстан мен өңірдегі өзге биржалық нарықтарда ұсынылатын қызметтер спектрін кеңейту үшін, сондай-ақ инфрақұрылымдық ұйымдардың тәуекелдерін неғұрлым тиімді басқару үшін қолайлы орта жасауға бағытталған.

2023 жылы Биржаның 30 жылдық мерейтойы болып өтті, ол қаржы саласы үшін әлемдік, сол сияқты жергілікті қаржы нарықтарының даму үрдістерін ашуға, KASE нарықтарында қаржыландыру мен инвестициялауды тарту мүмкіндіктері туралы бизнес-қоғамдастықты хабардар етуге, орнықты даму саясаты мен ESG қағидаттары тұрғысынан гендерлік инклюзивтілікті дамыту және гендерлік теңдікті қолдау перспективаларын талқылауға, сондай-ақ бөлшек инвесторлардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған маңызды іс-шаралар циклін ұйымдастырумен атап өтілді.

2023 жылы Биржа цифрлық теңгемен есеп айырысумен блокчейн технологиясы базасында токенделген бағалы қағаздарды шығару жөніндегі KASE Digital пилоттық жобасының бірінші кезеңін іске асыра отырып, дамудың жаңа технологиялық сатысына шықты.

KASE жалпы алғанда қаржы секторын дамытудың ашықтығының, сенімділігі мен тиімділігінің кепілі ретінде биржалық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі өзінің жаһандық миссиясын жалғастыруда.

Өткен жыл KASE тобының кәсібилігі мен жұмысының тиімділігінің жарқын мысалы болды, ол тіпті түрлі геосаяси және экономикалық факторлардың ықпалы жағдайында да оңтайлы шешімдер таба алды. KASE тобының ұжымына үйлесімді, кәсіби жұмысы үшін, ал акционерлер мен клиенттерге – сенімі, қолдауы және табысты ынтымақтастығы үшін шексіз алғысымды білдіремін.

Алия Молдабекова

KASE Директорлар кеңесінің төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!

30 жылдық даму жолын еңсерген Биржаның жұмысын қорытындылай келе, мен бүгін KASE – көшбасшы орнын сақтап қалған, сондай-ақ елдің ең ірі және сенімді инфрақұрылымдық ұйымы атағын берік ұстап тұрған жоғары технологиялық қаржы институты деп сеніммен айта аламын.

Қазақстан қор биржасы сіздермен: акционерлермен, қаржы нарығына қатысушылармен, серіктестермен және

клиенттермен бірге дамудың және қалыптасудың осынау қызықты жолынан өткерді.

KASE-нің қалыптасуы ұзақ әрі күрделі болды:

- валюта биржасынан бастап, қор, валюта, ақша және мерзімдік сияқты төрт нарықты ұсынатын әмбебап Биржаға
- нәтижелері бормен жазылған дауыстық сауда-саттықтан заманауи сауда-клирингілік жүйелері, DMA және SMA рұқсаттамалары бар жоғары технологиялық қаржы институтына дейін
- пейджер мен факстан нақты уақыт тәртіптемесіндегі market-data-ға дейін.

KASE – тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының куәгері және тікелей қатысушысы. Елімізбен бірге бірнеше экономикалық кезеңдерден өттік, сыртқы және ішкі турбуленттік факторлар жағдайында KASE дағдарыстық құбылыстарға қатысты орнықтылық пен беріктікті көрсетіп, тұрақтылық танытты және нығая түсті.

Бүгінде KASE – әртүрлі валютамен есеп айырысатын бағалы қағаздар мен қаржы құралдарының барлық түрлерімен сауда-саттық жасауға мүмкіндік беретін әмбебап, көп функционалды биржа.

KASE өзінің еншілес ұйымымен бірлесіп, барлық нарықтарда: қор, ақша және мерзімдік нарықтарда орталық контрагенттің қызметтерін ұсынады. ОК сервисі инвесторларға мәмілелер бойынша активтерді уақтылы алуға сенімді болуға, нарықтың тәуекел-бейінін барабар бағалауға, мәмілелердің ұлғаюы мен өтімділіктің өсуі мақсатында жасалған мәмілелер бойынша ішінара қамтамасыз ету кезінде бірыңғай шектелімнің мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік берді.

2023 жылы KASE өзінің еншілес ұйымы – Клиринг орталығына қор нарығында клиринг пен есеп айырысуды жүзеге асыру функцияларын берді, 2024 жылы валюта және мерзімдік нарықтарда көрсетілген функцияларды беру жоспарланған. KASE клиринг орталығы өткен жылы жүйелік маңызы бар инфрақұрылымдық ұйым мәртебесін алды. Осының барлығы заңнаманың ырықтандырылуына және цифрлық қаржы технологияларына қызығушылықтың жаһандық өсуіне көбейтіліп, қазақстанның қор нарығын дамытуда жаңа серпін үшін сенімді іргетас қалады.

2023 жыл Биржа үшін сауда-саттықтың жиынтық көлемі, сауда-саттыққа қолжетімді қаржы құралдарының саны, сондай-ақ жеке инвесторлардың ашылған шоттарының саны бойынша рекордтық жылдың бірі болды. 2023 жылғы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 57 %-ға ұлғайып, 411 трлн теңгені құрады. KASE барлық нарықтарындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1,7 трлн теңгеден, мәмілелер саны – 5,6 мыңнан асады. KASE Индексі 4 мың тармақ белгісін еңсеріп, тарихи максимумын жаңартты және 2023 жылы 29 %-ға өсіп, 4 187,38 тармаққа дейін жетті.

Өткен жылы листинг процедурасынан 36 жаңа эмитенттің бағалы қағаздары өтті. Мәселен, 2024 жылдың 01 қаңтарында KASE сауда-саттық тізімдерінде 237 эмитенттің 656 атауағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.

2023 жылғы маңызды оқиғалардың бірі қазақстандық ірі ұлттық компания мен Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің жүйелік операторы "KEGOC" АҚ-ның жай акцияларын қайталама орналастыру (SPO) болып табылады, оның шеңберінде KASE-де 18,7 млрд теңге тартылды, бұл орналастырудың жалпы көлемінің 82,4 %-ын құрайды.

Даму стратегиясы шеңберінде 2023 жылы Биржа Қазақстан Республикасының МБҚ нарығының индекстерін есептеуді және жариялауды бастады, юаньмен есеп айырысумен АҚШ доллары мен еуроның жаңа валюталық жұптарымен сауда-саттықты ашты, купондық мөлшерлемені субсидиялауды және облигациялар

бойынша кепілдіктерді ұсына отырып, 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде ШОБ-тың ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына шығуы бойынша жұмысты жалғастырды.

KASE жұмысының тағы бір принципті бағыты – Қазақстанда ESG стандарттарын және жауапты инвестициялау қағидаттарын ілгерілету, сондай-ақ ESG саласындағы білім деңгейін арттыру. Биржа өз тарапынан қаржы нарығының инфрақұрылымы ретінде орнықты даму қағидаттарын ілгерілету бойынша кешенді жұмыс жүргізуде. Осы жұмыстың нәтижесі қазіргі уақытта жалпы көлемі 211,5 млрд теңге болатын осындай облигациялардың 18 шығарылымы болды. Биржа ESG облигацияларын шығару инфрақұрылымын жетілдіру, жаңа ESG қаржы өнімдерін енгізу, ESG форматы бойынша ақпаратты ашу стандарттарын дамыту, сондай-ақ өз алаңында "жасыл", әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін мүмкіндіктер жасау арқылы орнықты даму қағидаттарын кезең-кезеңімен ілгерілетуді жалғастырады.

Биржалық құралдар желісінің қарқынды дамуының, сондай-ақ халық арасында кең ауқымды ағартушылық жұмыстың арқасында KASE-де жеке инвесторлар сегменті өсуде. 2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде 2,4 млн астам шот тіркелген.

Биржа биржалық нарықтың кәсіби қатысушыларымен және БАҚ өкілдерімен бірлесіп бөлшек инвесторлардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Бұл ретте өзара іс-қимылдың түрлі форматтары – газеттер мен әлеуметтік желілердегі мақалалар мен жарияланымдар, теледидардағы, радиодағы хабарлар, семинарлар, қор нарығының түрлі аспектілеріне арналған вебинарлар табысты қолданылуда.

Өзінің техникалық инфрақұрылымын жоспарлы және тиімді дамыта отырып, KASE сенімді технологиялық алаң ретінде өзінің клиенттері мен серіктестері арасында өзін танытты және халықаралық нарықтардың алдыңғы қатарлы трендтерінің қарқынына назар аудара отырып, жетілуін жалғастыруда. Мәселен, дамудың келесі кезеңі өз алаңында цифрлық активтер мен токенделген қаржы құралдарын енгізу жағына қарай қадам жасау болып табылады.

2023 жылы Биржа KASE Digital бағалы қағаздарын токендеу жөніндегі пилоттық жобасының бірінші кезеңін табысты аяқтады. Сонымен қатар, климаттық мәселенің маңыздылығын арттыру және Қазақстанның 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын және қабылданған Экологиялық кодексті

іске асыру аясында KASE-нің DLT платформасында көміртегі кредиттерін іске қосу мүмкіндігі қарастырылуда.

2024 жылы KASE Биржаның 2022–2024 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру шеңберінде деривативтер нарығында жаңа валюта жұптары мен қаржы құралдары бойынша сауда-саттықты ашу, KASE Global секторын дамыту, клирингілік қатысу сертификаттарымен сауда-саттықты жандандыру және корпоративтік облигациялар нарығын дамыту жөніндегі қызметті жалғастыруға ниетті. Блокчейн технологиясы және басқа да перспективалы цифрлық технологиялар негізінде пилоттық жобаларды іске асыру жоспарлануда, бірінші кезеңде мерзімдік нарықты танымал ету, деривативтер нарығына және туынды бағалы қағаздар нарығына әлеуетті инвесторларды тарту мақсатында құралдар желісін кеңейту мүмкіндігі қарастырылады.

Биржа өтімділікті арттыруды жалғастырады және Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бойынша бағалы қағаздар нарығын дамыту міндеттері шеңберінде әрекет етеді. Биржа ұлттық активтердің IPO-сын іске асыруды, ШОБ пен ірі бизнесті бағалы қағаздар нарығына тартуды, қазақстандықтардың қаржылық сауаттылығын арттыру және Биржаға бөлшек инвесторларды тарту жөніндегі қызметті, оның ішінде "KASE академиясы" оқыту жобасын, KASE корпоративтік сайтында оқытуды толықтыруды және KASE Mobile мобильді қосымшасын дамыту есебінен жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Осылайша, KASE инновациялық өнімдер мен қызметтерді ұсынуда, сондай-ақ өңірдегі өз мәртебесін нығайтуда жаңа биіктерге ұмтыла отырып, қарқынды дамуын жалғастыруда.

Әріптестерімізге, серіктестеріміз бен акционерлерімізге 2023 жылы тұрақты қолдау көрсеткені және бірлескен күш-жігері үшін шексіз ризашылығымды білдіргім келеді. Қойылған міндеттерді ойдағыдай орындау үшін біздің қажетті ресурстарымыз бен тәжірибеміз бар екеніне сенімдімін. Біздің тұрақты серіктестігіміз бен жинақталған тәжірибеміз, соның ішінде дағдарысқа қарсы жағдайдан алынған сабақтар бізге тек Қазақстан қор биржасының ғана емес, еліміздің бүкіл қор нарығының одан әрі ілгерілеуі үшін негіз болады.

Алина Алдамберген

KASE Басқарма төрайымы

НЕГІЗГІ УАҚИҒАЛАР

Қаңтар

2023 жылдың қаңтарында KASE-де "жасыл" облигациялар шығару есебінен қаржыландыру алуды жоспарлап отырған компаниялар мен жергілікті атқарушы органдар үшін "Green bond competition" бірінші конкурсы өтті.

23-24 қаңтарда KASE MENA IPO Summit 2023 саммитіне, AFM Цифрлық трансформация және қаржы және тауар нарықтарының болашағы семинарына және Дубай және Абу-Даби (БАӘ) қалаларындағы нарық қатысушыларымен кездесулерге қатысты.

27 қаңтарда KASE "KASE-де қаржыландыруды тарту" тақырыбында "Ел тірегі" өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер одағының өкілдерімен дөңгелек үстел өткізді.

Ақпан

03 ақпанда "ҚазМұнайГаз "ұлттық компаниясы" АҚ жай акциялары KASE индексінің өкілеттік тізіміне енгізілді.

03 ақпанда KASE Қазақстанның Кондитерлер қауымдастығы мен Астық өңдеушілер одағының өкілдерімен "KASE-де қаржыландыруды тарту" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

17 ақпанда кәсіпкерлердің қаржылық сауаттылығын және олардың ШОБ қаржыландыру мүмкіндіктері туралы хабардарлығын арттыру үшін "KASE-нің бизнес үшін мүмкіндіктері" атты вебинар өткізілді.

24 ақпанда Астана қаласында "KASE Day in Astana" бизнес-таңғы ас форматында KASE нарықтарында қаржыландыруды тарту және бос қаражатты инвестициялау мүмкіндіктері туралы ақпарат беру мақсатында жеке және квазимемлекеттік сектор өкілдерімен және Биржаның серіктестерімен кездесу өткізілді.

2023 жылдың ақпанында KASE елдердің қаржы нарықтарының қауіпсіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында ОК үшін тәуекелдерді тиімді, практикалық және тиісті басқаруды және операциялық стандарттарды ілгерілететін CCP12 қауымдастығының мүшесі атанды.

2023 жылдың ақпанында KASE акционерлері "Қазақстан қор биржасы" АҚ Дивидендтік саясатын бекітті.

Наурыз

06 наурызда KASE Басқармасының төрайымы А. Алдамбергенов CFO Summit оныншы мерейтойлық форумында "Капитал нарықтарын трансформациялау: KASE жаңа имиджі" тақырыбында баяндама жасады.

06 наурызда Биржа IFC-мен бірлесіп Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының жыл сайынғы ашылу рәсімін өткізді, оның шеңберінде "DigitALL: Women in FinTech" тақырыбында пікірталас өтті.

06 наурызда KASE валюта нарығында жаңа қаржы құралдарымен - доллар-қытай юаны және еуро-қытай юаны валюталық жұптарымен сауда-саттықты бастады.

24 наурызда KASE жаңадан бастаған бөлшек инвесторларға арналған "Инвестициялауға 5 қадам" вебинарын өткізді.

Сәуір

03 сәуірде жастар мен балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі Global Money Week KASE дүниежүзілік жаһандық бағдарламасы аясында Қазақстанның ЖОО студенттеріне арналған 15-ші мерейтойлық "Биржалық симулятор" жобасын іске қосты, 06 сәуірде "Биржалық симулятор" жобасы шеңберінде оқу сауда-саттығының ресми ашылу рәсімі өтті.

07 сәуірде KASE мен Green Investment Group Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды, оның мақсаты Қазақстанның қор нарығында орнықты даму принциптерін дамыту және енгізу болып табылады.

28 сәуірде KASE Өзбекстан Республикасында "Өзбек республикалық валюта биржасы" АҚ және "Тошкент" республикалық қор биржасы" АҚ қолдауымен "KASE Day in Tashkent" өткізді.

Мамыр

03 мамырда KASE мен "Орталық Азия қор биржасы" ААҚ Астана қаласында Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды, оның мақсаты Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының капитал нарықтары мен қор биржаларын дамыту саласында тәжірибе алмасу болып табылады.

04 мамырда KASE 30 жылдық мерейтойына орай Астана қаласының әкімдігімен және "Тұрақты даму" жер қорымен бірлесіп Қазақстан Республикасының астанасындағы Президенттік паркте KASE аллеясының салтанатты ашылу рәсімін өткізді.

Маусым

29 маусымда "Nalyk Finance" АҚ "Қазақстан Халық банкі" АҚ банкінің жай акцияларына фьючерстер бойынша маркет-мейкер мәртебесін алды.

2023 жылдың 15-16 маусымы аралығында KASE Басқарма төрайымы А. Алдамберген Ереван қаласында (Армения) Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) ConFEAS 2023 капитал нарықтары бойынша жыл сайынғы халықаралық конференциясына қатысты.

Шілде

20 шілдеде KASE Банкаралық төлем карточкалары жүйесінің (БТКЖ) қатысушылары үшін KASE-нің БТКЖ шеңберінде банктермен өзара іс-қимылы бойынша таныстыруды өткізді.

20 шілдеде "KASE Клиринг орталығы" АҚ клирингілік қызметті жүзеге асыруға лицензия алды.

Тамыз

06 тамызда KASE қызметкерлері Қазақстан қор биржасының 30 жылдығын мерекелеу аясында Букреев шыңын (3010 м) бағындырды.

25 тамызда KASE алаңында "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ купондық мөлшерлемесін субсидиялаумен облигациялардың "дебюттік" шығарылымы болып табылатын "BRBAPK" ЖШС облигацияларымен сауда-саттықтың ресми ашылуы өтті.

28 тамызда "KASE Клиринг орталығы" АҚ банк операцияларын жүргізуге лицензия алды.

Қыркүйек

12 қыркүйекте KASE алаңында "ESG Insights: трендтер, даму және интеграция" тақырыбында онлайн вебинар болып өтті.

2023 жылдың 19-21 қыркүйегі аралығында KASE Басқарма төрайымы А. Алдамберген мен Басқарма төрайымының орынбасары Ж. Саржақов WFE жыл сайынғы жиналысына, WFE жұмыс комитетінің және директорлар кеңесінің отырыстарына қатысты. А. Алдамберген "2023 жылғы нарықтық инфрақұрылым әлемі – 2-бөлім. Дамушы нарықтар" сессиясында сөз сөйлеп, оның аясында Қазақстан экономикасы мен KASE-нің даму қарқыны, биржаның жетістіктері, алдағы 5 жылға арналған даму перспективалары мен сын-тегеуріндері туралы айтып берді.

21 қыркүйекте KASE Қазақстан экономикасын дамытудың барлық басты трендтері мен жоспарларын талқылау үшін Kazakhstan Growth Forum 2023 шеңберінде ақпараттық серіктесі ретінде 2023 "Strategic Positioning" тақырыбында сөз сөйледі.

2023 жылдың 23-24 қыркүйегінде Биржа өзінің 30 жылдығына орай қаржы секторының қатысушылары мен бизнес өкілдеріне арналған футболдан турнир өткізді.

25 қыркүйекте KASE клирингілік және есептік функцияларды, сондай-ақ орталық контрагенттің функцияларын Биржаның 100 % еншілес ұйымы – "KASE Клиринг орталығы" АҚ-на беруді жүзеге асырды.

Қазан

02 қазаннан бастап KASE өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттеусіз Қазақстан Республикасының МБҚ нарығының біріктірілген индекстерін есептеуге және жариялауға кірісті.

2023 жылдың 06-20 қазанында KASE Дүниежүзілік қор биржалары федерациясының (WFE) World Investor Week 2023 жыл сайынғы бағдарламасын, "Ring the Bell for Financial Literacy" рәсімін қолдау үшін Қазақстанның 5 қаласында жетекші жоғары оқу орындарының алаңдарында "KASE FEST" қазақстандық брокерлер жәрмеңкесін өткізді.

2023 жылдың 10 қазанынан 10 қарашасына дейін KASE Қазақстан Республикасында өкілеттік тізім акцияларының биржалық саудасын, сондай-ақ KASE Global секторын танымал етуге бағытталған акциялар нарығындағы бөлшек инвесторлар арасында конкурс өткізді.

17 қазанда KASE Басқарма төрайымы А. Алдамберген Абу-Дабиде (БАӘ) UNCTAD 8-ші Халықаралық Инвестициялық Форумна қатысты, онда KASE басшысы БҰҰ Тұрақты қор биржаларының Жаһандық диалогында сөз сөйледі және UN SSE бастамаларын KASE-нің іске асыру барысы туралы айтып берді.

19 қазанда KASE Басқарма төрайымы А. Алдамберген VI Conference Capital Markets Kazakhstan-ның "Қазақстанның қаржы нарығы. Инфрақұрылым және реттеу" сессиясында сөз сөйледі.

Қараша

01 қарашада KASE ЦАРЭС (CAREC) капитал нарығын реттеушілердің екінші форумында Бағалы қағаздарды токендеу пилоттық платформасын – KASE DIGITAL EXCHANGE іске асыру жобасын ұсынды.

01 қарашада KASE алаңында 2021-2025 жылдары кәсіпкерлікті дамыту бойынша ұлттық жобаны іске асыру барысында кәсіпкерлік субъектілері шығарған облигациялар бойынша "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-ның субсидиялауы шеңберінде "KazWind Energy" ЖШС-нің "жасыл" облигацияларының дебюттік шығарылымының сауда-саттығының ашылу рәсімі өтті.

07 қарашада KASE серіктестерімен бірге Биржаның 30 жылдық мерейтойына және ҚР Ұлттық валюта күні мен еліміздің қаржы жүйесі жұмыскерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында "Қазақстан Камераты" мемлекеттік классикалық музыка ансамблінің орындауында салтанатты концерт ұйымдастырды.

10 қарашада KASE-де 2023 жылдың 28 қыркүйегінен 27 қазанына дейін өткен SPO-ға орайластырылған "KEGOC" АҚ акцияларының сауда-саттығының ашылу рәсімі өтті.

14 қарашада KASE алаңында Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) Бас Ассамблеясы (GA) және Басқарма/Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің

отырысы өтті. Сондай-ақ Стратегиялық сессия мен Капитал нарығы туралы дөңгелек үстел өтті, онда қатысушылар қор биржаларының жаңартуларымен және жаңалықтарымен танысты.

14 қарашада KASE-нің 30 жылдығын мерекелеу аясында ТМД БХҚ мүшелерінің жалпы жиналысы және ТМД БХҚ валюталық және қор биржаларының дөңгелек үстелі өтті.

16 қарашада Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің және "Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы" ЗТБ қолдауымен Қазақстан қаржыгерлерінің XI Конгресі аясында "Қаржы нарықтарын трансформациялаудағы биржалардың рөлі" атты Халықаралық биржалық форум өтті.

Желтоқсан

19 желтоқсанда KASE-де ProShares Trust (АҚШ) шетелдік эмитентінің Bitcoin Strategy ETF биткойнына фьючерстік келісімшарттарға ETF бағалы қағаздарымен сауда-саттық басталды, маркет-мейкер ретінде "Фридом Финанс" АҚ әрекет етті.

МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ

Миссиясы

Қазақстан Республикасының экономикалық өсуіне:

- отандық эмитенттердің қаржыландыруды тартуы үшін құралдардың кең ауқымын ұсыну;
- қаржы жүйесінде өтімділікті қайта бөлу үшін платформаны қамтамасыз ету;
- жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін ашық инвестициялық орта ұсыну арқылы жәрдемдесу.

Пайымы

KASE – отандық эмитенттер үшін қолжетімді және жергілікті және халықаралық инвесторларға ашық биржалық қызметтердің толық спектрін көрсететін жоғары технологиялық сауда-саттық алаңы.

Мақсаты

Өңірдегі жетекші биржалық алаң мәртебесіне қол жеткізу және қолдау және стейкхолдерлер үшін KASE құндылығын арттыру.

БИРЖА ТУРАЛЫ

Қазақстан қор биржасы (KASE немесе Биржа) ұлттық валюта - теңге енгізілгеннен соң екі күннен кейін 1993 жылдың 17 қарашасында құрылды. Өзінің 30 жылдық мерей жасында Биржа биржалық қызметтердің толық спектрін көрсететін, отандық эмитенттер үшін қолжетімді және жергілікті және халықаралық инвесторларға ашық жоғары технологиялық сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Қазақстанның қаржы нарығы инфрақұрылымының орталық элементі болып табылады.

Биржаның бүкіл тарихында дауыстық сауда-саттықтан халықаралық стандарттарға жауап беретін толыққанды қазіргі заманғы сауда-клирингілік және есептік инфрақұрылымға дейінгі эволюциядан өтті.

KASE-нің қор (бағалы қағаздар), ақша (репо және своп операциялары), валюта нарықтары мен деривативтер нарығын қоса алғанда, әртараптандырылған бизнесі, сондай-ақ жолға қойылған сауда-клирингілік және есептік инфрақұрылымы бар. KASE алаңының әмбебаптығы сауда-саттыққа қатысушыларға және олардың клиенттеріне қаржы құралдарының әралуан түрлерімен бірнеше нарықтарда операцияларды белсенді жүргізуге мүмкіндік береді, бұл өтімділікті басқару және инвестициялық стратегияларды іске асыру үшін ең жақсы жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Биржа қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органның лицензиялары негізінде мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызмет (2012 жылдың 19 шілдесіндегі № 4.2.3/1 лицензия);
- 2) бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызмет (2012 жылдың 19 шілдесіндегі № 4.2.3/1 лицензия);
- 3) ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізу (2020 жылдың 30 қаңтарындағы № 4.3.8 лицензия).

KASE мәмілелер бойынша есеп айырысулардың аяқталуына кепілдік беруді қамтамасыз ете отырып, барлық нарықтарда Орталық контрагенттің қызметтерін көрсетеді. 2022 жылы орталық контрагенттің функционалын жеке ұйымға бөлу бойынша жұмыс басталды, Биржаның 100 % еншілес компаниясы – "KASE Клиринг орталығы" АҚ (КАСС немесе Клиринг орталығы) құрылды, ол жеке ұйым ретінде өз қызметін 2023 жылы бастады. Орталық контрагенттің функцияларын орындау шеңберінде КАСС инвесторлар үшін мәмілелер бойынша активтерді уақтылы алуға кепілдіктерді қамтамасыз етеді, тәуекелдерді басқаруды және нақты уақыт тәртіптемесінде құралдарды барабар бағалауды жүзеге асырады.

Биржа World Federation of Exchanges, Federation of Euro-Asian Stock Exchanges, The Global Association of Central Counterparties (CCP12), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Халықаралық биржалар қауымдастығы сияқты халықаралық биржалық қауымдастықтарға толыққанды мүше болып табылады және қазақстандық қор нарығының өкілі болып табылады, бұл қазақстандық сауда-саттық алаңы қызметінің негізгі аспектілерінің халықаралық стандарттарға және ең үздік әлемдік практикаға сәйкестігін растайды.

Биржа қызметтердің барлық тізбесін ұсынады: мүшелік, листинг, сауда-саттық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтері (клиринг, есеп айырысу, ОК), нарықтық ақпаратты тарату, сондай-ақ 28 индекстер мен индикаторларды есептеу және сүйемелдеу.

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Биржаға 52 кәсіби қатысушы, оның ішінде Қазақстан Республикасының барлық лицензияланған банктері мен брокерлік ұйымдары, төрт шетелдік қатысушы, екі халықаралық қаржы ұйымы мүше болды.

Биржаның ресми тізімі бірнеше алаңға бөлінген: "Негізгі", "Баламалы", "Аралас" және "Жеке орналастыру".

"Негізгі" алаңы даму тарихы бар ірі компанияларға, "Баламалы" алаңы – "Негізгі" алаңымен салыстырғанда неғұрлым жеңілдетілген талаптар белгіленген шағын және орта капиталдандыру компанияларына арналған. Тізімді осылайша бөлу ірі компаниялар мен шағын және орта бизнеске қор нарығында қаражат тартуға мүмкіндік береді.

"Аралас" алаңында исламдық бағалы қағаздар, деривативтер, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздар және халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы

қағаздары сияқты қаржы құралдарымен сауда-саттық жасалады, олар ұлттық, сол сияқты шетел валютасында номинациялануы мүмкін.

"Жеке орналастыру" алаңы жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес бағалы қағаздар үшін листингке арналған. Жеке орналастыру білікті инвесторлардың шектеулі тобы арасында мемлекеттік емес облигацияларды жария етпеуді білдіреді, мұндай бағалы қағаздарды шығару шарттары жеке меморандуммен анықталады.

"Аралас" алаңының KASE Global секторы шетелдік эмитенттердің неғұрлым өтімді бағалы қағаздарымен сауда-саттық жасауға арналған. Жаңа сектордағы сауда-саттыққа Нью-Йорк қор биржасының – NYSE Equity негізгі алаңында және NASDAQ биржасының – NASDAQ Global Select алаңында акциялар, сондай-ақ Euronext Paris және Euronext Amsterdam алаңдарында листингтен өткен және Standard & Poor's 500, NASDAQ 100 және Euronext 100 биржалық индекстеріне кіретін акциялар жіберілді.

Биржа қор және ақша нарықтарының 28 индикаторын дербес есептейді және сүйемелдейді. Қазақстанның қор нарығы Биржаның акциялары мен облигацияларының нарығын көрсететін индекстермен және индикаторлармен ұсынылған. Акциялар нарығын сипаттау үшін Биржа негізгі индикатор – KASE индексі есептейді, ол қазіргі уақытта ұлттық қор нарығының негізгі индикаторы рөлінде де-факто болады. Бұдан басқа, Биржа акциялар нарығының жалпы капиталдандырылуын – акциялары KASE-де айналымға жіберілген барлық компаниялардың жиынтық нарықтық құнын есептейді және жариялайды.

KASE индексі Қазақстан Республикасының неғұрлым ірі және қаржылық тұрақты резидент компаниялары шығарған Биржаның ресми тізімінің неғұрлым өтімді акцияларының жиынтық нарықтық құнының өзгеруін көрсетеді.

Облигациялар нарығын талдау үшін Биржа қазақстандық компаниялардың облигацияларының неғұрлым өтімді шығарылымдарының "таза" бағалары мен кірістілік көрсеткіштерінің өзгеруін көрсететін KASE_BM* негізгі алаңы үшін және KASE_BA* баламалы алаңы үшін бірқатар индекстерді анықтады. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында Биржа Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының бірқатар индикаторларын қосымша енгізуді жоспарлап отыр.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы "таза" және "таза емес" бағалардың индекстерін, сондай-ақ өтеуге дейінгі әртүрлі мерзімдердегі кірістілік көрсеткіштерін көрсететін индекстер мен индикаторлар сериясымен ұсынылған.

Репо нарығын көрсететін индекстер мен индикаторлар мынадай индикаторлармен берілген: TONIA – ақша нарығындағы негізгі тәуекелсіз бенчмарк, бұдан басқа, қосымша репо нарығы TRION, TWINA, TCI, TCR_1m, TCR_3m, TCR_6m сияқты индикаторлармен ұсынылған. Валюта свопы нарығы бойынша Биржа SWAP-1D, SWAP-2D, сондай-ақ репо және валюта свопы нарығының композиттік индексі – MM Index сияқты индикаторларды есептейді.

KASE нақты уақыттағы биржалық ақпаратты, мұрағаттық және анықтамалық деректерді қамтитын ақпараттық өнімдердің кең ауқымын ұсынады.

KASE негізгі артықшылықтары:

- нарықтың әмбебаптығы, өйткені бизнесті әртараптандыру экономикалық циклдің тұрақты ауытқуларынан өтуге көмектеседі, оның түрлі кезеңдерінде нарыққа қатысушылар қаржы құралдарының әртүрлі кластарын талап етеді;
- KASE-дегі сауда-саттықтың сандық параметрлері акцияларды FTSE және MSCI акцияларының дамушы нарықтарының индекстеріне енгізу кезінде, сондай-ақ қазақстандық акциялар нарығының рейтингі үшін пайдаланылады;
- KASE шетелдік инвесторлар үшін market data көзі болып табылады және Bloomberg, Refinitiv және басқа халықаралық қаржы нарықтарында нарықтық ақпаратты негізгі жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасайды;
- қазақстандық капитал нарығы туралы ақпараттың негізгі көзі бола отырып, халықаралық биржалық қауымдастықтардың қызметіне қатысу есебінен инвесторлардың географиясын кеңейту мүмкіндігі;
- KASE заманауи технологияларға, сауда-саттық пен есеп айырысудың реттелген инфрақұрылымына ие, ОК қызметтерін ұсынады, T+2 толыққанды режиміне, репо нарығына ие;
- шетелдік инвесторлардың нарыққа қол жеткізуін жеңілдететін T+2 сауда-клирингілік циклінің болуы;
- биржалық нарықтарда ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру үшін меншікті корреспонденттік желінің болуы;

- KASE Index халықаралық қоғамдастық үшін қазақстандық акциялар нарығының негізгі индикаторы болып табылады;
- KASE мүшелері Қазақстанның барлық банктері мен брокерлік-дилерлік ұйымдары болып табылады;
- қызметкерлердің тәжірибелі және кәсіби штаты.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТИЛЕРІ, ТРЕНДТЕРІ

KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2023 жылы 411 трлн теңгені құрады және 2022 жылмен салыстырғанда 57 %-ға немесе 149 трлн теңгеге өсті. Мәмілелер саны өсті, есептік жылы 1,4 млн мәміле жасалды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 53 %-ға жоғары.

Сауда-саттық көлемінің айтарлықтай өсуі ақша нарығында байқалды, жыл қорытындысы бойынша оның мәні 60 %-ға 370 трлн теңгеге дейін өсті. Шетелдік валюта нарығындағы өсім 43 %-ды құрап, 30 трлн теңгеге жетті.

Қор нарығында мемлекеттік бағалы қағаздар секторында тұрақты өсім байқалды, 2022 жылмен салыстырғанда өсім 33 %-ды құрап, 8 трлн теңгеге жетті. Мемлекеттік бағалы қағаздар секторындағы қайталама сауда-саттық көлемі 49 %-ға өсіп, 2,8 трлн теңгеге жетті. KASE-де саудаланатын мемлекеттік қарыз номиналды құны бойынша 2023 жылы 11 %-ға ұлғайып, 24 трлн теңгеге жетті.

2023 жылдың қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 28,8 %-ға 4 187,4 тармаққа дейін ұлғайды. Акциялар нарығын капиталдандыру жыл ішінде 26,4 %-ға 26,7 трлн теңгеге дейін өсті. Акциялар сауда-саттығының жиынтық көлемі 8,5 %-ға немесе 26,3 млрд теңгеге ұлғайып, 333,6 млрд теңгеге жетті. Акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 78,3 %-ға немесе 132,2 млрд теңгеге ұлғайып, 301,1 млрд теңгені құрады. 2023 жылы "KEGOC" АҚ SPO өтті, оның шеңберінде KASE-ге 18,7 млрд теңге тартылды, бұл тартудың жалпы көлемінің 82,4 %-ын құрады.

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 2023 жылы 6,5 %-ға 13,5 трлн теңгеге дейін төмендеді. 2023 жылы корпоративтік облигациялармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 12,1 % -ға немесе 301,5 млрд теңгеге азайып, 2,2 трлн теңгеге дейін төмендеді. Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 33,3 %-ға немесе 331,8 млрд теңгеге азайып, 664,9 млрд теңгеге дейін төмендеді.

2023 жылы листинг процедурасынан 36 жаңа эмитенттің бағалы қағаздары өтті: екеуі акциялар секторында, бесеуі KASE Global секторында, 28 корпоративтік облигациялар секторында және біреуі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздар секторында.

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 237 эмитенттің 656 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.

2024 жылдың 01 қаңтарында Орталық депозитарийде жеке тұлғаларға тіркелген 2,4 млн шот болды: 693 мың жеке шот және омнибус-шоттар арқылы есепке алынатын 1,7 млн ұстаушылардың брокерлік шоты, бұл ретте өткен жылдың 01 қаңтардағы жағдай бойынша – жеке тұлғалар ашқан шамамен 547 мың жеке шот және 413 мың омнибус шот тіркелген.

KASE СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕБІ

Биржаның 2022–2024 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру

KASE Директорлар кеңесі 2021 жылдың желтоқсанында бекіткен Биржаның 2022–2024 жылдарға арналған даму стратегиясы төрт негізгі стратегиялық бағытты қамтиды, олардың шеңберінде қойылған мақсаттарды іске асыру үшін стратегиялық міндеттер көзделген.

Стратегиялық бағыттар мен міндеттер:

1. Биржалық нарықтарда өтімділікті арттыру:

- жаңа құралдарды енгізу
- сауда-клирингілік линктерді орнату
- деривативтер нарығын дамыту
- шағын және орта бизнес компанияларының қор нарығына шығуы үшін қосымша ынталандыруларды енгізу
- инвесторларды тарту және жандандыру жөніндегі міндеттерді іске асыру

2. Негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде орталық контрагентті дамыту:

- ОК жеке еншілес ұйымға бөлу
- IOSCO ҚНИП-не сәйкес қызметті жетілдіру
- ESMA/EMIR нормаларына сәйкес келтіру
- операциялық рейтинг алу
- клирингілік қатысу сертификаттарын іске қосу

3. Инновацияларды енгізу және технологиялық жаңғырту:

- IT-инфрақұрылымның жоғары істен шығуға төзімділігін қамтамасыз ету
- цифрлық қаржы құралдарын енгізу жөніндегі пилоттық жобалар
- сауда-саттыққа қатысушылардың күмәнді мінез-құлқын анықтау технологиясын енгізу

4. Стейкхолдерлер үшін құндылықты арттыру:

- корпоративтік басқару деңгейін арттыру
- дивидендтік саясатқа жаңа тәсілдерді енгізу
- басқару есеп берушілігін жетілдіру
- жобалардың маржиналдылығын ескере отырып оларды бағалаудың жаңа тәсілдерін қолдану.

2023 жылы Биржа алдыңғы үш жылдық кезеңге салынған және әлемдік және жергілікті макроэкономикалық үрдістерге және қор биржаларын дамытудың үздік халықаралық практикаларына бағдарланған бастамаларды жалғастыру және дамыту ретінде әзірленген 2022 – 2024 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыруды жалғастырды.

1 стратегиялық бағыт. Биржалық нарықтардағы өтімділікті арттыру

Осы стратегиялық бағыт бойынша KASE Биржалық Тобы инвесторларды тарту және жандандыру жөніндегі міндеттерді іске асырады, сондай-ақ компаниялар, атап айтқанда шағын және орта бизнес үшін оларды ұйымдасқан нарыққа шығару бойынша қосымша ынталандырулар жасау бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Жергілікті және шетелдік инвесторларды тарту мақсатында жаңа құралдар енгізілуде: жаңа валюта жұптарымен, клирингілік қатысу сертификаттарымен сауда-саттық, KASE құралдарына ETF, шетел валютасындағы репо іске қосылды, сондай-ақ нарыққа қатысушылар бағдар ретінде пайдаланатын және тұтастай алғанда қазақстандық нарықтың тартымдылығын бағалауға мүмкіндік беретін есептелетін индекстер мен индикаторлардың тізімі кеңейтілді.

Биржа шағын және орта бизнес компанияларының қор нарығына шығуы үшін жағдай жасау жөніндегі жұмысты жалғастыруда. Биржа шағын және орта бизнес компанияларының қор нарығына шығуына жағдай жасау жұмыстарын жалғастыруда. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің қолдауымен 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға түзетулер енгізілді, онда купондық мөлшерлемені субсидиялау және облигациялар бойынша кепілдіктерді беру көзделген (опционалды). 2023 жылы алғашқы үш эмитент листинг процедурасынан өтіп, Биржада 5 млрд теңге тартты.

Қор нарығына бөлшек инвесторларды жоспарлы түрде тарту Биржаның ағымдағы Стратегиясы шеңберіндегі басым міндеттердің бірі болып табылады, оның ішінде жаңа құралдарды енгізу, сауда-саттық шарттарын жақсарту және KASE Global шетелдік бағалы қағаздар секторын дамыту, сондай-ақ қаржылық сауаттылықты арттыру мен мобильді қосымшаны дамытудың кең ауқымды бағдарламаларын іске асыру арқылы іске асырылады.

Биржа Қазақстанның корпоративтік нарығындағы ESG саясатының жолсеріктерінің бірі бола отырып, ESG стандарттарын өз компаниялары арасында дәйекті түрде ілгерілетеді, сондай-ақ өз алаңында "жасыл", әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін мүмкіндіктер жасайды. Жасыл облигациялар секторы орналастыруды шетелдік қор биржалары белсенді қолдайтын жаһандық қаржы нарығының перспективалы және тез өсетін сегментін білдіреді. Биржа Қазақстанның корпоративтік нарығындағы ESG саясатының жолсеріктерінің бірі бола отырып, ESG стандарттарын өз компаниялары арасында дәйекті түрде ілгерілетеді, сондай-ақ өз алаңында "жасыл", әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін мүмкіндіктер жасайды.

Ағымдағы Стратегияда орнықты даму саласында жаңа өнімдер мен сервистер құру және оларды қазақстандық қаржы нарығында қолдану жөніндегі міндеттер де көзделген. Биржа орнықты даму мәселелерін ілгерілету және ESG-құралдарға қызығушылықтың болуын анықтау үшін Биржаның жұмыс істеп тұрған және әлеуетті эмитенттері арасында іс-шаралар өткізуді жалғастырады.

Дамудың тағы бір маңызды екіні демеушілік маркет-мейкинг бағдарламаларын іске асыру, қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламаларын жүргізу, мобильді қосымшаны дамыту арқылы бөлшек инвесторларды тартуға бағытталған. Бұдан басқа, блокчейн технологиясы негізінде жаңа цифрлық өнімдерді енгізу мүмкіндігі зерделенеді.

МБҚ нарығының индекстері мен индикаторларын енгізу

2023 жылдың 02 қазанынан бастап Қазақстан қор биржасы өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттеусіз Қазақстан Республикасының МБҚ нарығының индекстерін (біріктірілген индекстер) есептеуге және жариялауға кірісті.

Көрсетілген индекстер өтеу мерзімдері бойынша сегменттелген (бір жылдан кем (s), бір жылдан бес жылға дейін (m), бес жыл және одан астам (l)), бұрын енгізілген МБҚ индекстеріне толықтыру болып табылады. Біріктірілген МБҚ әдіснамасын анықтау кезінде Биржа Облигациялар жөніндегі еуропалық комиссияның (European bond commission) және Қаржылық талдаушылар қоғамдарының Еуропалық федерациясының (European Federation of financial analysts societies) облигациялық индекстерін анықтаудың жалпы қабылданған практикасын ескерді. Біріктірілген индекстерді есептеу тәсілі қазақстандық нарықтың ерекшелігін ескере отырып

анықталған және оларды есептеу MOEX орнатқан және KASE-нің ASTS+ деректемелер қорына бейімделген Индекс-серверінің жеке модуліне енгізілген.

Индекстердің мәні МБҚ нарығындағы сауда-саттық аяқталғаннан кейін күніне бір рет есептеледі және Биржаның ресми интернет-ресурсында жарияланады. Осы индекстер үшін өкілеттік тізім ретінде KASE ресми тізіміне енгізілген, купонның белгіленген мөлшерлемесі бар және теңгемен номинацияланған Қазақстан Республикасының индекстелмеген МБҚ пайдаланылды.

Шетел валютасы нарығындағы жаңа валюталар жұптары

Нарық қатысушыларының қытай юанімен валюталық операцияларға өсіп келе жатқан қызығушылығының негізінде Биржа 2023 жылдың 06 наурызынан бастап валюта нарығында жаңа қаржы құралдарымен – доллар-қытай юаны және еуро-қытай юаны валюталық жұптарымен сауда-саттықты бастады. Бұл құралдар валюталық спот-нарықта саудаға арналған және есеп айырысуды жүзеге асырудың әртүрлі мерзімдерін ұсынады: T+0, T+1 және T+2.

Доллар-қытай юаны валюталық жұбы нарықта тез танымалдыққа ие болды және 2023 жылдың қорытындысы бойынша USD/CNY валюталық жұбымен 828 мәміле жасалды, сауда-саттық көлемі 1,3 трлн теңгені (шетел валюталарымен сауда-саттықтың жалпы үлесінде 4,4 %) немесе 2,9 млрд USD құрады. EUR/CNY валюталық жұбымен 50,2 млн теңге немесе 100 мың еуро көлемінде бір мәміле жасалды.

2023 жылдың соңына қарай шетел валюталары нарығы 22 құралмен ұсынылды, оның ішінде T+0, T+1 және T+2 есеп айырысуды жүзеге асыру мерзімдері бар жеті валюта жұбы (USDKZT, RUBKZT, CNYKZT, EURKZT, EURUSD, USDCNY және EURCNY) бар. Аталған құралдармен сауда-саттық 2020 жылдың 30 қарашасынан бастап пайдалануға берілген ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде жүргізіледі. Қосымша, валюта нарығында биржадан тыс нарықтың ұқсасы болып табылатын келіссөздер мәмілелерінің тәртіптемесі жұмыс істейді. Әртүрлі тәртіптемелерде жасалған мәмілелерге бірыңғай неттинг және валюта нарығындағы орталық контрагент ретінде KASE-нің тәуекелдерді басқару жүйесі қолданылады.

KEGOC SPO өткізу

2023 жылы KASE ірі қазақстандық ұлттық компания мен Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің жүйелік операторы – "KEGOC" АҚ-ның жай акцияларын орналастыруға қайта қатысты.

KEGOC SPO кең ауқымды өткізу үшін KASE Қазақстанның 5 қаласында жетекші ЖОО алаңдарында бөлшек инвесторларға арналған қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкесін өткізді, оған 2000-нан астам адам қатысты. Биржа қор нарығында қаржылық сауаттылық бойынша іс-шаралар ұйымдастырды: "KASE-дегі менің портфелім" кешенді оқыту бағдарламасы, Бөлшек инвесторлар конкурсы және "Биржалық симулятор" оқу сауд-саттығы.

Биржаның "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-мен және брокерлік ұйымдармен бірлесіп жүргізген ауқымды жұмысқа белсенді қатысуының, сондай-ақ жеке тұлғалардың өтінім беруін едәуір жеңілдеткен қаржы секторындағы цифрлық технологияларды дамытудың арқасында KEGOC SPO шеңберінде KASE алаңында 18,7 млрд теңге тартылды, бұл жалпы орналастыру көлемінің 82,4 % құрайды.

Компанияның KASE-дегі жай акцияларына жазылу барысында инвесторлардан жалпы сомасы 37 млрд теңгеге 28,8 мыңнан астам өтінім келіп түсті. Оның ішінде жеке тұлғалардан түскен өтінімдер көлемі 12,6 млрд теңгеге (қабылданған өтінімдер көлемінің 43,9 %), сақтандыру ұйымдары, екінші деңгейдегі банктер мен брокерлер тұлғасындағы институционалдық инвесторлардан – 14,5 млрд теңгеге (қабылданған өтінімдер көлемінің 50,3 %) және заңды тұлғалардан – 1,7 млрд теңгеге (5,8 %) жетті. KASE-де ұсынысқа сұраныс 127 %-ды құрады.

Бұл ретте жеке тұлғалар берген барлық белсенді өтінімдер толық көлемде қанағаттандырылды, заңды тұлғалардың өтінімдері ішінара қанағаттандырылды және институционалдық инвестордың бір өтінімі қанағаттандырылмады.

KASE сауда-саттық жүйесі арқылы жазылулар мен өтінімдер алымдары бойынша есеп айырысуларға Клиринг орталығы кепілдік берді. Бұл ретте жақында енгізілген омнибус шот технологиясы бойынша KASE-ге 19 мыңнан астам инвестор өтінім берді.

2023 жылдың 10 қарашасында KASE-де 2023 жылдың 28 қыркүйегінен 27 қазанына дейін өткен SPO-ға орайластырылған "KEGOC" АҚ акцияларымен сауда-саттықтың ашылу рәсімі өтті. Рәсімде KASE Басқарма төрайымы А. Алдамберген, ҚНДРА

Төрағасының орынбасары М. Хаджиева, "KEGOC" АҚ аға тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі Н. Аханзарипов, "SkyBridge Invest" АҚ Басқарма төрайымы Ш. Айнабаева сөз сөйледі.

Бұған дейін KASE алаңында "KEGOC" АҚ IPO барысында 2014 жылдың аяғында акцияларды сатып алуға берілген өтінімдер саны 41 мыңнан асып, жалпы сомасы 16,7 млрд теңгені құрады. Сұраныс ұсыныстан 1,3 есе асып түсті. "KEGOC" АҚ-ның жай акциялары неғұрлым өтімді акциялар қатарына кіреді және 2015 жылдың 01 ақпаннан бастап KASE Индексінің Өкілеттік тізіміне енгізілген.

Субсидияланған купон мөлшерлемесімен ШОБ алғашқы шығарылымдары

Шағын және орта бизнес субъектілері үшін қаржы ресурстарын тарту көздерін ертарандандыру мақсатында Биржа "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ, ҚНДРА және Экономика министрлігімен бірлесіп, қор нарығы құралдарының көмегімен ШОБ-ті қаржыландыру бағдарламасын әзірледі.

Осы бағдарламаны дамыту шеңберінде ауқымды норма шығару жұмысы жүргізілді, оның нәтижесінде Қазақстан Республикасында ШОБ-ті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы және 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба (бұдан әрі – Ұлттық жоба) шеңберінде қосымша қолдау шарасы ретінде купондық сыйақы мөлшерлемесіне мемлекеттік субсидиялар және облигациялар бойынша кепілдіктер беру көзделген.

Қазақстанда ШОБ қолдау жөніндегі ұлттық жоба ел экономикасын дамытудың басым бағыты болып табылады. Жобаның негізгі мақсаты – шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдай жасау, оның Қазақстан экономикасындағы үлесін ұлғайту және қазақстандық компаниялардың әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ бұл жоба жаңа жұмыс орындарын құруға және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған.

Республикалық бюджет шеңберінде ДАМУ үшін ШОБ-ті қолдауға қаражат бөлу мақұлданды. Өз кезегінде Биржа аталған алаңның эмитенттері үшін ірі бизнес өкілдеріне қарағанда едәуір төмен жеңілдетілген листингілік талаптарды белгіледі. Сонымен қатар, KASE-де шағын және орта бизнес субъектілерінің (қаржылық емес ұйымдардың) облигацияларының листингі үшін мамандандырылған саудасаттықты ұйымдастырғаны үшін листингілік алымдар мен комиссиялық алымдарды төлеу бойынша жеңілдіктер көзделген.

2023 жыл ішінде Биржа осы Ұлттық жоба шеңберінде шағын және орта капиталдандыру эмитенттерін тарту бойынша жұмыс жүргізді.

Биржа ШОБ компаниялары үшін 40-тан астам алғашқы кеңес беру кездесулерін өткізді. Кездесулерден басқа түрлі қауымдастықтар үшін дөңгелек үстелдер, сондай-ақ ДАМУ-мен бірге бизнес үшін вебинарлар өткізілді.

Осы жұмыстың нәтижесінде 2023 жылы листинг процедурасынан купондық мөлшерлемесі субсидияланатын облигациялардың алғашқы үш шығарылымы өтті:

- "BRBAPK" ЖШС облигациялары KASE ресми тізіміне 2023 жылдың 17 тамызынан бастап енгізілді. Компания 5 жыл айналыс мерзімімен, купон мөлшерлемесі жылдық 20,5 %-бен 500,0 млн теңге тартты: жылдық 14,5 % – субсидияланатын және 6 % - субсидияланбайтын;
- "KazWind Energy" ("КазВинд Энерджи") ЖШС "жасыл" облигациялары 2023 жылдың 13 қазанынан бастап KASE ресми тізіміне енгізілді. Компания жылдық 21,75 %-бен 3,0 млрд теңге тартты: жылдық 15,75 % – субсидияланатын және жылдық 6 % – субсидияланбайтын.
- "Black Biotechnology (Блэк Биотехнологджи)" ЖШС "жасыл" облигациялары 2023 жылдың 13 қарашасынан бастап KASE ресми тізіміне енгізілді. Компания жылдық 21,50 %-бен 1,5 млрд теңге тартты: жылдық 15,5 % – субсидияланатын және 6 % – субсидияланбайтын.

Биржа ШОБ және ірі бизнес сегментінің эмитенттерін қор нарығына тарту бойынша белсенді жұмысты жалғастыруда, қор нарығының құралдары туралы жеке бизнеске арналған оқыту бағдарламалары тұрақты негізде жүргізіледі, Биржаның жаңа мүшелерін тарту және Биржаның мүшелері мен эмитенттеріне ұсынылатын сервистерді жақсарту жөніндегі жұмыстар жалғасуда. 2024 жылы Биржа листингілік алымдарды төлеу бойынша жеңілдіктерді ұзартты, сондай-ақ халықаралық қаржы институттары арқылы әлеуетті инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде.

Деривативтер нарығын дамыту

Деривативтер нарығын дамытудың өтімділікті ұлғайтуды, инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейтуді, тәуекелдерді төмендетуді және нарыққа жаңа қатысушыларды тартуды қоса алғанда, бірқатар әлеуетті артықшылықтары бар. Бұл міндет Биржаның және нарықтың басқа да қатысушыларының тарапынан жүйелі тәсілді және тұрақты күш-жігерді талап етеді.

2023 жыл ішінде Биржа қатысушылар санын кеңейту және маркет-мейкерлерді тарту жолымен деривативтер нарығында өтімділікті ұлғайту үшін жағдайлар жасауда белсенді жұмыс жүргізді; деривативтер туралы білім деңгейін және олардың инвестициялық процестегі рөлін арттыру мақсатында нарыққа қатысушылар мен жұртшылық үшін білім беру бағдарламалары, семинарлар мен кеңес беру өткізілді. KASE брокерлік компаниялармен серіктестікте бөлшек инвесторлардың кең аудиториясы үшін вебинарлар өткізді, сондай-ақ жаңадан бастаған инвесторлар үшін оқыту материалдарын әзірледі.

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың деривативтер секторында саудаға АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына, ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамына, KASE Индексіне, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ мен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына жеткізілмейтін фьючерстер қолжетімді.

Маркет-мейкерлерді тарту бағдарламасы шеңберінде 2023 жылы "Haluk Finance" АҚ және "NGDEM Finance" АҚ-мен келісім-шарттарға қол қойылды, олар "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына фьючерстерді және тиісінше KASE Индексіне фьючерстерді жылжыту бойынша міндеттемелерді өз мойнына алды.

Биржа маркет-мейкер институтын нығайтып және сауда-саттық құралдарының спектрін біртіндеп кеңейте отырып, деривативтер нарығын белсенді дамытуды жалғастыруға ниетті. Осы жоспар шеңберінде алтынды, пайыздық мөлшерлемелерді және S & P500 индексіні қоса алғанда, әртүрлі активтерге фьючерстерді енгізу мүмкіндігі қарастырылуда.

МБҚ нарығындағы бастапқы дилерлер институты

МБҚ нарығындағы бастапқы дилерлер институты жобасының шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп KASE қатысуымен МБҚ нарығына қатысушылардың белсенділігін бағалау бойынша скорингтік модель әзірленді.

Бұл жобаның мәні Қаржы министрлігінің бастапқы шығарылымдарына нарыққа қатысушылардың шектеулі тобына рұқсаттама беру болып табылады. Оның орнына қатысушылар мемлекеттік борыш нарығында мамандандырылған рөл атқаратын болады. Шектелуі рұқсаттама шетелдік инвесторларды тартуға және

үкімет үшін қарыз алу құнын азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бастапқы дилерлер институты МБҚ ішкі нарығының тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Кәсіби қатысушылардың белсенділігін және олардың мүмкіндіктерін бағалау үшін Ұлттық Банк олардың мемлекеттік облигациялар нарығындағы қызметін бақылаған мониторингтік кезең жарияланды.

Бұдан басқа, қатысушылардың МБҚ нарығындағы белсенділігіне байланысты рэнкинг жасауға мүмкіндік беретін скорингтік модель әзірленді. 2023 жылдың маусымнан қарашасына дейін Биржа МБҚ нарығына қатысушылардың белсенділігін бағалауды жүзеге асырды және оны өз сайтында жариялады. 2024 жылы неғұрлым белсенді қатысушылар анықталады және бастапқы дилерлер институты өз қызметін бастайды.

2 стратегиялық бағыт. Негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде ОК дамыту

KASE базасында барлық нарықтарда: қор, ақша және мерзімді нарықтарда орталық контрагент институты енгізіліп, тиімді жұмыс істеуде. KASE ОК-ны барлық нарықтарына кезең-кезеңмен енгізді. Алдымен 2012 жылы туынды нарықта, 2018 жылы Биржа валюта нарығында іске қосты. 2019-2020 жылдары ОК қор және ақша нарықтарында жұмыс істей бастады.

KASE-нің барлық биржалық нарықтарында орталық контрагенттің қызметтерін іске қосу және дамыту қатысушылардың кредиттік тәуекелін төмендетуді, мәмілелер бойынша есеп айырысулардың аяқталуына кепілдік беруді, кроссмаржалау және неттинг есебінен қатысушылардың транзакциялық шығындарын қысқартуды қамтамасыз етеді. ОК сервисі инвесторларға мәмілелер бойынша активтерді уақтылы алуға кепілдік беруге, тәуекелдерді басқаруды және нақты уақыт тәртіптемесінде құралдарды барабар бағалауды енгізуге мүмкіндік береді.

2022 жылы орталық контрагенттің функционалын жеке ұйымға бөлу жұмыстары басталды. Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен Биржаның 100 % еншілес компаниясы "eTrade.kz" ЖШС-ін қайта ұйымдастыру арқылы "KASE клирингтік орталығы" АҚ құру туралы шешім қабылданды. 2022 жылдың 21 маусымында Клиринг орталығы заңды тұлға – KASE-нің 100 % еншілес компаниясы ретінде тіркелді.

2023 жылдың 25 қыркүйегінде Биржа клирингілік және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ орталық контрагенттің функцияларын Клиринг орталығына беруді жүзеге асырды.

25 қыркүйектен бастап КАСС клирингілік қатысушылары 42 қаржы ұйымы – "қор" санаты бойынша KASE мүшелері болып табылады. Клирингілік қызмет көрсетуге 1 500-нан астам қаржы құралдары, оның ішінде KASE ресми тізіміндегі 253 эмитенттің бағалы қағаздарының 989 шығарылымы қабылданды.

Клиринг және есеп айырысу функцияларын беруге дайындық шеңберінде Клиринг орталығы қажетті процестерді енгізді және нарық инфрақұрылымын құрайтын және оны пайдаланушылар болып табылатын қаржы ұйымдарымен іскерлік қатынастар орнатты, қызметкерлер ауыстырылды және активтерді беру жүзеге асырылды, ішкі нормативтік құжаттар әзірленді және бекітілді, сондай-ақ қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органның мынадай лицензиялары алынды:

- 1) бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызмет (2023 жылдың 21 шілдесіндегі № 3.1.8.2 лицензия);
- 2) ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізу (2023 жылдың 28 тамызындағы № 4.3.22 лицензия).

Биржалық нарық инфрақұрылымының функцияларын бөлу инвесторлар ұйымдасқан нарықта операциялар жасаған кезде олар үшін тартымды жағдайлар жасау, шетелдік инвесторларды тарту, Қазақстан мен өңірдегі өзге биржалық нарықтарда қызметтер ұсыну үшін мүмкіндіктерді кеңейту, сондай-ақ инфрақұрылымдық ұйымдардың тәуекелдерін бөлу мақсатында жүзеге асырылды.

Клиринг пен ОК функцияларын жеке заңды тұлғаға бөлу тек KASE-де ғана емес, сондай-ақ басқа биржалық және биржадан тыс нарықтарда айналыста болатын әртүрлі қаржы құралдары бойынша ОК қызметтерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Осындай стратегиялық міндеттердің бірі тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және оны European Market Infrastructure Regulation халықаралық заңнамасына және үздік бизнес-практикаларға сәйкес келтіру болып табылады. Осы міндетті орындау үшін Клиринг орталығы 2023 жылы Орталық контрагенттің тәуекел-модельдерінің EMIR талаптарына сәйкестігіне валидация жүргізді, нәтижесінде Клиринг орталығы өзінің тәуекел-менеджмент жүйесінің тұрақтылығын табысты растады.

Клиринг орталығы шетелдік ОК-мен және халықаралық орталық депозитарийлермен іскерлік қарым-қатынас орнатуда. Осылайша Клиринг орталығы ОК халықаралық қауымдастығына – Америка, Еуропа, Таяу Шығыс, Африка және Азия-Тынық мұхиты өңірінің қаржы нарықтарында операцияларды жүзеге асыратын 40 мүшені біріктіретін CCP Global-ға қосылды. Клиринг орталығы халықаралық орталық депозитарийлермен - Euroclear және ClearStream-пен олардың жұмыс тәжірибесін және шоттар ашу мүмкіндігін зерделеу мақсатында бірқатар кездесулер өткізді.

3 стратегиялық бағыт. Инновацияларды енгізу және технологиялық жаңғырту

Биржа қаржы нарығының негізгі инфрақұрылымдық элементтерінің бірі бола отырып, озық әлемдік тәжірибелерге сәйкес озық технологиялық шешімдерді енгізуге ерекше назар аударады. Ағымдағы Стратегия шеңберінде ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздікті халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, IT-инфрақұрылымның істен шығуға жоғары төзімділігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету, сауда-саттыққа қатысушылардың мінез-құлқын қадағалауды жүзеге асыруда озық технологияларды қолдану жалғасуда.

Блокчейн технологиясы және басқа да перспективалы цифрлық технологиялар негізінде пилоттық жобаларды іске асыру жоспарлануда. Ішкі инфрақұрылымды жаңғырту микросервистік архитектураны пайдалана отырып, жаңа бэк-офис жүйесін енгізу есебінен жүзеге асырылатын болады.

Цифрлық қаржы құралдарын енгізу жөніндегі пилоттық жобалар

Биржа өзінің Даму стратегиясына, сондай-ақ қаржы нарықтарын цифрландырудың жаһандық үрдістеріне және ел дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес белсенді дамып келеді.

Блокчейн саласындағы дәстүрлі биржалардың жаһандық тәжірибесі олардың көпшілігі таратылған DLT тізілімдерін қолдануды белсенді түрде зерттеп жатқанын көрсетеді. Мұндай кейстердің мысалы Швейцариядағы SIX Digital Exchange, Гонконг және Варшава қор биржаларының бастамалары, сондай-ақ қор нарығының экожүйесіндегі өз рөлін қайта ойластыратын орталық депозитарийлердің белсенділігі бола алады.

2023 жылы Биржа цифрлық қаржы құралдарымен сауданы енгізу шеңберінде алғашқы практикалық қадамды жасады және Corda шешімінің open source базасында KASE DLT платформасында бағалы қағаздарды токендеу жөніндегі KASE DIGITAL пилоттық жобасының Proof of Concept (PoC) кезеңін іске асырды.

PoC шеңберінде жүргізілген жұмыстар идеяның техникалық іске асырылуын растады. Пилот шеңберінде токенделген бағалы қағаздың өмірлік циклінің негізгі сценарийлері іске асырылды. Осылайша, симуляцияланған эмитентті тіркеу бойынша тестілік транзакциялар жүргізілді, оның бағалы қағаздары (облигациялары) белгілерінің эмиссиясы жүзеге асырылды, симуляцияланған брокердің қатысуымен Биржаның сауда-саттық жүйесінде тестілік сауда-саттық

операциялары жүргізілді, смарт-келісімшарттар әзірленді. Токенделген облигациялармен есеп айырысу KASE DLT платформасын ҚРҰБ цифрлық теңге платформасымен ықпалдастыру арқылы Цифрлық теңгемен жүргізілді.

KASE DLT платформасында Цифрлық теңгемен 1:1 қамтамасыз етілген стейблкоиндардың жаңа типін шығару қор нарығындағы операциялар бойынша есеп айырысудың үздіксіздігін және үлкен операциялық икемділікті қамтамасыз ету үшін ең жақсы шешім болып таңдалды. Бұл үшін ҚРҰБ еншілес ұйымы – Ұлттық төлем корпорациясымен бірлесіп сценарий іске асырылды, бұл ретте KASE DLT платформасында Цифрлық теңгемен қамтамасыз етілген стейблкоиндардың жеке түрі шығарылды, олар токенделген активтермен есеп айырысу үшін KASE DLT платформасында пайдаланылуы мүмкін.

Токендеудің көптеген артықшылықтарына қарамастан, Биржаның алдында реттеу және заңдық аспектілер сияқты сын-қатерлер тұр. Тиісті құқықтық шеңберлерді әзірлеу осы нарықтың тұрақты және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін өте маңызды. KASE DIGITAL жобасын 2025 жылы өнеркәсіптік пайдалануға жоспарлы енгізу Қазақстанның қор нарығында жаңа цифрлық құралдарды табысты енгізуге және бейімдеуге мүмкіндік береді. 2024 жылы негізгі назар заңнамалық базаны құру, платформаға, лицензиялауға, токенделген бағалы қағаздар нарығына қатысушыларға қойылатын талаптарды анықтау бойынша реттеушілермен бірлескен жұмысқа аударылатын болады.

IT инфрақұрылымының істен шығуға төзімділігінің жалпы деңгейін арттыру үшін негізгі және сақтық ДӨО базасында метро кластер салу

2023 жылы Биржа істен шығуға төзімділік деңгейін арттыру, биржалық сервистерге қолжетімділік деңгейін арттыру және өз қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізді. Жүргізіліп жатқан жұмыстар шеңберінде Биржаның барлық IT-инфрақұрылымын айтарлықтай технологиялық жаңғырту жүргізілді, ол физикалық қамтамасыз етуді де, виртуалды қамтамасыз етуді де қозғады.

Орындалған жұмыстар мынадай іс-шараларды қамтыды:

- деректерді сақтау жүйелерін синхрондауды пайдалана отырып, метро кластер құру. "Созылған" HA (High Availability) кластерлеу технологиялары, ДӨО арасындағы жергілікті желінің бірыңғай мекен-жай кеңістігі қолданылды. Нәтижесінде бұл Биржаның ақпараттық жүйелерін қалпына келтіру уақытын

бірнеше сағаттан минутқа дейін, ал кейбір жағдайларда іс жүзінде ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін тоқтатпай айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді. Метрокластерді құру Биржаның инфрақұрылымын жұмыс істеу мен дамудың неғұрлым жоғары заманауи деңгейіне шығарды.

- жаңа серверлік жабдықты орнату және пайдалануға беру;
- екі алаңда деректерді сақтаудың жаңа жүйелерін орнату және пайдалануға беру;
- бас тартуға төзімділік деңгейін қамтамасыз етудің жоғары әлемдік стандарттарына сәйкес келетін TIER III деңгейіндегі ДӨО-на көшу жүзеге асырылды;
- ақпараттық жүйелердің виртуалды ресурстарын екі тәуелсіз алаңға "созуға" мүмкіндік берген виртуалды инфрақұрылымды толық қайта құрылымдау аяқталды;
- екі ДӨО-ғы жергілікті желілерді бірыңғай кеңістікке біріктіру, бұл ақпараттық жүйелердің нақты орналасқан жеріне қарамастан жұмыс істеуіне мүмкіндік берді.

4 стратегиялық бағыт. Стейкхолдерлер үшін құндылығын арттыру.

Биржа қаржы нарығының маңызды құрылымдық элементі ретінде өзінің стейкхолдерлері үшін құндылықтарды арттыру бойынша күш-жігер жұмсауды жалғастыруда. Атап айтқанда, жаңа Стратегия шеңберінде корпоративтік басқару деңгейін арттыру, басқарушылық есеп берушілікті жетілдіру, жобалардың маржиналдылығын ескере отырып, оларды бағалаудың жаңа тәсілдерін қолдану бойынша жұмыс жүргізілуде, сондай-ақ дивидендтік саясатқа жаңа тәсілдер енгізілді.

Бұл іс-шаралар KASE-нің орнықты дамуына және оның инвестициялық тартымдылығын арттыруға, Биржаның стратегиялық және бәсекелестік артықшылықтарын күшейтуге ықпал етеді.

Дивидендтік саясатқа жаңа тәсілдерді енгізу

Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2023 жылдың 10 ақпандағы шешімімен Биржаның жаңа Дивидендтік саясаты бекітілді. Дивидендтер төлеудің жаңа тәсілдері орталық контрагенттің функцияларын орындайтын ұйымдар үшін капитал мен активтер жеткіліктілігінің халықаралық стандарттарын, шетелдік биржалар мен орталық контрагенттердің дивидендтерін төлеу тәсілдерін, есеп айырысу-клирингілік функционалы мен орталық контрагенттің функционалын жеке ұйымға бөлуге байланысты Биржаның қаржылық моделінің өзгеруін ескереді. Атап айтқанда, Дивидендтік саясаттың жаңа редакциясында Биржаның ағымдағы және күрделі шығындарын жабу үшін Биржаның өтімді активтері мөлшерінің жеткіліктілігі, сондай-ақ оның Биржада жұмыс істеуі кезінде немесе оны жеке заңды тұлғаға – Биржаның еншілес ұйымына бөліп шығару кезінде орталық контрагенттің функцияларын орындау кезінде оның сақтық қорларының жеткіліктілігі нормасының сақталуын ескеретін дивидендтік төлемдер нормасын есептеу шарттары мен формуласы көзделген.

Дивидендтік саясат бекітілгеніне қарамастан, Биржа қол жеткізілгенмен тоқтамайды. Қазіргі редакцияны жетілдіру және өзектендіру үшін біз құрылымымыздағы маңызды өзгерістерді назарға аламыз. Орталық контрагентті негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде дамытуға ұмтылу, сол арқылы КАСС еншілес ұйымын құрып және орталық контрагенттің клирингілік және есеп айырысу функцияларын ауыстыруды жүзеге асыра отырып, төленетін дивидендтердің мөлшерін есептеу әдістемесін жақсарту мүмкіндігін қарау бойынша қадамдар

жасауға түрткі болды. Бұл процесс Биржа акционерлерінің дивидендік кіріс алудағы мүддесі мен негізгі компанияның стратегиялық дамуды қамтамасыз етудегі маңыздылығы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету міндеттемесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Жобалардың маржиналдылығын ескере отырып, оларды бағалаудың жаңа тәсілдерін қолдану

2022 жылы Биржада жобалық тәсіл енгізілді, сондай-ақ жаңа Жобаларды жоспарлау мен басқарудың ережелері қабылданды. Бұл Ережелер биржалық қызметтің озық практикаларын дамыту мен енгізудің стратегиялық тәсілдерін анықтауға бағытталған. Олар Биржаның даму стратегиясын, сондай-ақ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті жобаларды әзірлеу және олардың іске асырылуын бақылау тәртібін белгілейді.

Өткен жылы Биржа алдындағы басты міндеттердің бірі аталған ережелерді жетілдіру және жобалық менеджмент шеңберіндегі жобалардың тиімділігін бағалау әдістемесіне олардың маржиналдылығын ескере отырып, тәсілдерді енгізу болды. Бұл бағалау әдістемесі бизнес-процестерді табысты басқару және компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін маңызды құрал болып табылады.

Мұндай әдістемені енгізу ресурстарды бөлу және инвестициялар туралы шешімдер қабылдау үшін неғұрлым объективті негіз беруге мүмкіндік береді. Ол неғұрлым перспективалы жобаларды анықтауға және оларды іске асырудың неғұрлым тиімді тәсілдерін анықтауға көмектеседі. Бұл сондай-ақ компанияның ресурстарын пайдалануды оңтайландыруға ықпал етеді, ол қаржылық, уақыттық және адами ресурстарды қамтиды.

Бұдан басқа, жобалардың тиімділігін бағалау әдістемесі неғұрлым нақты және шынайы жоспарларды әзірлеуге ықпал етеді, бұл тәуекелдерді азайтуға және нәтижелердің болжамдылығын жақсартуға көмектеседі. Ол сонымен қатар Биржа ішіндегі ашықтық пен жауапкершілікті арттырады.

2023 жылы жобалардың тиімділігін бағалау әдістемесін анықтаудың негізгі тәсілдері әзірленді және тиімділіктің түйінді көрсеткіштері іріктелді. Алайда, Биржа акционерлерінің талап етілетін минималды кірістілігін анықтау маңызды болып табылады, онымен жобалар кірістілігі нормасының нәтижелері салыстырылатын болады. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және 2024 жылы бенчмарктерді

пайдалана отырып, Биржа капиталының құнын есептеу әдістемесін қоса алғанда, жобалардың тиімділігін бағалаудың барлық байланысты әдістемелерін кешенді енгізу жоспарлануда.

Астана қаласындағы өкілдік

2023 жылы Астана қаласында KASE өкілдігінің ашылуы биржаның қызметін кеңейту стратегиясындағы негізгі қадам болып табылады және Биржаның Қазақстанның қаржы нарығының жетекші қатысушыларының бірі ретіндегі жайғасымын нығайтады.

Қазақстан Республикасының астанасында өкілдік ашудың басты мақсаты – KASE, оның клиенттері мен Астанадағы серіктестері арасында тікелей өзара іс-қимыл орнату. Елордада физикалық қатысуды ұйымдастыру Биржаға өз клиенттерінің шеңберін кеңейтуге, кездесулер мен диалог үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді, бұл ұзақ мерзімді және өзара тиімді қатынастарды дамытуға ықпал етеді.

Ұсыныстарды өңдеу, жарнамалық іс-шараларды әзірлеу және конъюнктураны зерделеу арқылы өзгеріп отыратын нарықтық жағдайларға бейімделу KASE-ге бәсекеге қабілетті болуға және нарық талаптарына сәйкес келетін жаңа ұсыныстар мен өнімдерді қалыптастыруға белсенді түрде өз үлесін қосуға көмектеседі.

KASE өкілдігінде іс-шаралар мен кеңес беруді ұйымдастыру клиенттерге қосымша сараптамалық қолдау және нарық туралы ақпарат бере отырып, маңызды рөл атқарады, бұл оларға негізделген стратегиялық шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Осылайша, Астана қаласында KASE өкілдігінің ашылуы Биржаның өңірдегі өзінің қатысуын дамытуға ұмтылысын растайды және қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз етуін және өз клиенттері мен әріптестерін қолдауын көрсетеді.

Оқыту, консалтинг, нарықты ілгерілету

KASE қаржылық қызметтерді тереңдетіп зерделеуге және барлық мүдделі тұлғалар арасында қаржылық сауаттылықты арттыруға ерекше көңіл бөледі. 2023 жылы Биржа эмитенттер мен инвесторлар, студенттер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін оқыту бағдарламаларын ұйымдастыруды жалғастырды.

2023 жыл ішінде Биржа қор нарығына бөлшек инвесторларды тарту және қаржылық сауаттылықты арттыру үшін іс-шаралар жүргізді. Халықтың қор нарығының құралдары туралы хабардарлығын арттыру мақсатында KASE брокерлік ұйымдармен ынтымақтастықта "KASE-дегі менің портфелім" кешенді оқыту бағдарламасын өткізді, онда "Бағалы қағаздар нарығына енгізу", "Акцияларды таңдау", "Облигацияларды таңдау", "Инвестициялық қорларды таңдау (ПИҚ және ETF)", "Мерзімді нарыққа кіріспе", "Инвестициялық портфельді құру" тақырыптары ашылды.

2023 жылдың қазанында Биржа Павлодар, Астана, Шымкент, Алматы, Ақтөбе қалаларының жетекші жоғары оқу орындарында қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкесін өткізді. Аталған жәрмеңке World Investor Week 2023 WFE жыл сайынғы бағдарламасын қолдау мақсатында, сондай-ақ KEGOC SPO қарсаңында ұйымдастырылды.

Іс-шара SPO-ны танымал ету және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру үшін оқу орындарының студенттерін қоса алғанда, әлеуетті бөлшек инвесторларды барынша қамту мақсатында өткізілді.

KASE, "Самұрық-Қазына" АҚ, "KEGOC" АҚ және брокерлік компаниялардың өкілдері – "Қазпочта" АҚ, "Фридом Финанс" АҚ, "Jusan Invest" АҚ, "BCC Invest" АҚ, "SkyBridge Invest" АҚ, "Halyk Finance" АҚ - іс-шараға қатысушыларға қор нарығындағы инвестициялау, оның ішінде SPO мүмкіндіктері, брокерлік компаниялармен өзара іс-қимыл, "KEGOC" АҚ қызметінің нәтижелері туралы айтып берді. Жалпы, іс-шараға 2000-нан астам қатысушылар қатысты.

2023 жылдың 10 қазанынан 10 қарашасына дейін акциялар нарығында бөлшек инвесторлардың жыл сайынғы конкурсы өткізілді. Іс-шараны өткізу Қазақстандағы акциялардың биржалық саудасын насихаттауға бағытталды. Конкурсқа KASE қор нарығына мүше брокерлік компаниялардың клиенттері болып табылатын жеке тұлғалар қатысты. Конкурсқа қатысушыларға қолжетімді қаржы құралдарының тізіміне KASE Индексінің акциялары мен KASE Global секторының акциялары кірді.

Конкурсқа 130-дан астам бөлшек инвесторлар қатысты. Конкурс қорытындысы бойынша оның қатысушылары 485,9 млн теңгеге 5 448 мәміле жасады. Өткізілген кезеңде акциялармен мәмілелер жасау қорытындысы бойынша максималды кіріс тапқан үш жеңімпаз бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Биржаның қор нарығына әлеуетті инвесторларды тартуға бағытталған тағы бір жобасы "Биржалық симулятор" конкурсы – Биржаның 2008 жылдан бері жылына екі рет өткізетін студенттік жобасы болып табылады. Конкурс барысында жобаға қатысушыларға – ЖОО студенттеріне сауда-саттық басталғанда басқаруға номиналды мөлшері 1 млн теңге болатын портфель (қаржы құралдарының/акциялардың виртуалды жинағы) ұсынылады. "Биржалық симулятор" қатысушыларының негізгі міндеті ең үздік инвестициялық портфельді қалыптастыру болып табылады.

2022 жылдан бастап конкурс Биржаның KASE Mobile іске қосылған мобильді қосымшасы арқылы барлық ниет білдірушілер үшін өткізіледі. Жоба шеңберінде сауда-саттыққа қатысушыларға 60-тан астам құралдар қолжетімді. Өкілеттік тізімнің акцияларынан, сондай-ақ Yandex, Exxon Mobil, Coca-Cola сияқты танымал брендтердің акцияларынан басқа, сауда-саттықта инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары қолжетімді.

2023 жылы бұл конкурс екі кезеңде өтті: 03 сәуірден 31 мамырға дейін және 02 қазаннан 30 қарашаға дейін. "Биржалық симулятор" жобасына қатысу үшін 2023 жылы 6 000-нан астам қатысушы тіркелген.

Компаниялар үшін оқыту бағдарламалары

2023 жылдың ақпанда Биржа "ДАМУ" ҚДҚ және "Есо Product" ЖШС-мен бірлесіп "KASE бизнеске арналған мүмкіндіктері" атты вебинар өткізді. Спикерлер бизнес үшін қор нарығының құралдары, олардың түрлері мен артықшылықтары, қор нарығына шығу кезінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары туралы айтып берді, ал әлеуетті эмитент мемлекеттік бағдарламаның қатысушысы ретінде ДАМУ-мен және Биржамен өзара іс-қимыл жасау тәжірибесімен бөлісті.

2023 жылдың маусымында Биржа кәсіпкерлерді "KASE-де қаржыландыруды тарту" оқыту бағдарламасына шақырды. Аталған кешенді бағдарлама шеңберінде мынадай вебинарлар өткізілді:

- "Қор нарығында қаржыландыруды тартудың мақсаттары мен артықшылықтары". Биржа өкілдері бизнес үшін қор нарығының құралдары, олардың түрлері мен артықшылықтары туралы, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары туралы айтып берді;

- "Компания капиталын басқару және қаржыландыруды тарту тәсілдері". Биржа мен KPMG-дің Орталық Азия және Кавказ өңіріндегі талдаушылары капиталдың оңтайлы құрылымын таңдаудың халықаралық және жергілікті тәжірибелері туралы, микро- және макрофакторлардың капиталдың оңтайлы құрылымынан ауытқуға әсері туралы, сондай-ақ қаржыландырудың әділ мөлшерлемесін өз бетінше қалай есептеу керектігі туралы айтып берді;
- "Бағалы қағаздарды қор нарығында орналастыруға дайындық кезеңдері". Биржаның спикерлері әлеуетті эмитенттерге корпоративтік басқару, құжаттардың мазмұны және қаржылық есеп берушілік бөлігінде қойылатын талаптар, листинг процедуралары мен кезеңдері туралы, сондай-ақ бағалы қағаздардың айналысы кезеңінде ақпаратты ашу жөніндегі талаптар туралы айтып берді;
- Астана қаласында "Атамекен" ҚР ҰКП алаңында "KASE-нің бизнеске арналған мүмкіндіктері". Спикерлер бизнес үшін қор нарығының құралдары, олардың түрлері мен артықшылықтары, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары, сондай-ақ Биржадағы листинг процедуралары туралы айтып берді.
- RepRisk халықаралық компаниясының қатысуымен "ESG Insights: трендтер, даму және интеграция". RepRisk өкілдері озық инновациялар мен ESG ерекшеліктері туралы, әлемдегі және Орталық Азиядағы ESG нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен перспективалары туралы, ESG тәуекелдері және оларды басқару саласындағы зерттеулер туралы, сондай-ақ корпорациялардың қызметіне, инвестицияларға және банк қызметіне ESG тәуекелдерінің интеграциясы туралы айтып берді;
- "PRI-ге кіріспе: Әлемдік инвестициялық секторда жауапты инвестициялау тәжірибесін дамыту және ESG саласындағы білім деңгейін арттыру". Аталған іс-шарада Солтүстік Еуропадағы, Орталық және Шығыс Еуропадағы және ТМД-дағы PRI Academy жауапты инвестициялау жөніндегі аға сарапшылары спикерлер ретінде сөз сөйледі, олар қатысушыларды жауапты инвестициялау қағидаттарымен және PRI қызметімен, әлемдік инвестициялық сектормен, сондай-ақ ESG ілгерілету және осы бағыттағы құзыреттерді кеңейту мүмкіндіктерімен таныстырды.

Инвесторларға арналған оқыту іс-шаралары

Биржа жыл сайын халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізу үшін едәуір ресурстар бөледі, өйткені бұл қор нарығының дамуына және халықтың инвестициялауға тартылуына ықпал етеді. Осы мақсатта 2023 жылы бірқатар кең ауқымды жобалар ұйымдастырылды.

Балалар мен жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған Global Money Week жаһандық жобасы шеңберінде Биржа "Инвестициялауға 5 қадам" және "Салық салу және бағалы қағаздарды декларациялау" атты вебинарларын өткізді.

ЖОО студенттері үшін жыл ішінде "Қор нарығының негіздері" атты офлайн-лекциялар өткізілді. Биржа "KASE-дегі фьючерстер" және "Инвесторлар үшін репо нарығының мүмкіндіктері" тақырыбында вебинарлар өткізді.

PR-шаралары

Биржа өз серіктестерімен және мүдделі тараптармен ақпарат алмасу үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен белсенді және тиімді өзара іс-қимыл жасауға бағытталған. Жыл сайынғы негізде Биржа биржалық нарықтағы жағдай және онда сатылатын қаржы құралдары, Биржаның бастамалары, сондай-ақ әлемдік нарықтағы трендтер туралы ақпаратты ашуға бағытталған іс-шаралар өткізеді.

БҰҰ-ның "Тұрақты Қор Биржалары" бастамасын (Sustainable Stock Exchanges Initiative) іске асыру шеңберінде 2023 жылы Биржа алтыншы рет Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының ашылу рәсімін, сондай-ақ "Гендерлік инклюзивтілік және тұрақты даму" конференциясын өткізді.

KASE биржалық нарығының қызметі туралы хабардарлықты арттыру, сондай-ақ қор нарығындағы уақиғаларды жария ету мақсатында Биржа "Business FM" радиостанциясында "KASE биржалық жаңалықтары" жаңалықтар хабарын шығаруды жалғастырды.

KASE брендин ілгерілету үшін Биржа тұрақты түрде LinkedIn, Facebook, Instagram, Telegram сияқты әлеуметтік желілерде цифрлық контент шығаруды жалғастыруда.

KASE қолдауымен қаржы нарығының топ-менеджерлері үшін X Мерейтойлық CFO Summit Kazakhstan өтті, оның барысында KASE Басқарма төрайымы Алина

Алдамберген "Transformation of Capital Markets: New Image of Stock Exchange" тақырыбында сөз сөйледі.

Орнықты даму қағидаттарын енгізу

Биржа өз қызметі шеңберінде оларды енгізу қаржы нарықтарының орнықты, жауапты және әдепті жұмыс істеуіне ықпал етеді деп есептей отырып, орнықты даму қағидаттарын ұстанады, бұл экономикаға да, тұтастай алғанда қоғамға да қолайлы. Биржаның Қазақстан Республикасы қор нарығының инфрақұрылымдық ұйымы ретіндегі миссиясы отандық эмитенттерді қаржыландыруды тарту үшін құралдардың кең спектрін қамтамасыз ету, қаржы жүйесіндегі өтімділікті қайта бөлу үшін платформаны қамтамасыз ету және жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін ашық инвестициялық орта ұсыну арқылы Қазақстан Республикасының экономикалық өсуіне жәрдемдесу болып табылады.

Биржа өз қызметі шеңберінде Биржаның Корпоративтік басқару кодексінде және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында бекітілген орнықты дамудың мынадай қағидаттарын пайдаланады: ашықтық, есеп берушілік, ашықтық, әдептілік, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, процедуралардың болуы.

Биржа өз қызметінде БҰҰ Жаһандық келісім-шартының мынадай қағидаттарын ұстанады:

- 1) адам құқықтарын қорғау саласында: Биржа халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді; Биржа адам құқықтарының бұзылуына қатыспауды қамтамасыз етеді;
- 2) еңбек қатынастары саласында: Биржа мәжбүрлі және балалар еңбегін, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жою саясатын қолдайды;
- 3) қоршаған ортаны қорғау саласында: Биржа экология мәселелерінде сақтық қағидатын ұстанады; Биржа қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдайды; Биржа экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуды және таратуды құптайды;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында: Биржа сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және қорқытып алушылық пен парақорлықты қоса алғанда, басқа да құқыққа қарсы әрекеттерге төзбеушілік туралы мәлімдейді.

KASE ESG-қағидаттарын стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқаруға белсенді түрде біріктіреді, орнықты даму мәселелерін басқаруды регламенттейтін саясатты әзірлейді, орнықты дамудың үздік тәжірибелерін өз қызметіне енгізеді және оларды эмитенттер арасында ілгерілетеді. Биржаның орнықты даму саласындағы қызметі орнықты дамудың қаржы құралдарын дамытуды, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті қолдауды және орнықты даму, оның ішінде климаттық тәуекелдерін басқаруды қамтиды.

Листингілік компаниялардың ESG ақпаратын ашуы

БҰҰ-ның "Тұрақты Қор Биржалары" Бастамасына қосылып, KASE қаржылық емес есеп берушіліктің, сондай-ақ орнықты даму туралы есеп берушіліктің үздік практикаларын қолдануды ілгерілетеді. Осы жұмыс шеңберінде KASE халықаралық қаржы институттарымен серіктестікте көрсетілген есеп берушілік бойынша әдіснамалық ұсынымдарды қалыптастырады және ілгерілетеді, сондай-ақ листингілік компаниялар үшін ақпаратты ашу жөніндегі міндетті талаптарға қаржылық емес есеп берушілікті және ESG критерийлері бойынша есеп берушілікті жасау жөніндегі нормаларды дәйекті түрде енгізеді. 2020 жылдың ақпанда KASE жылдық есептерге қойылатын талаптарды жаңартты, онда Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" санатында бағалы қағаздары бар компаниялар үшін әлеуметтік жауапкершілік пен экологиялық жөніндегі ақпаратты қосымша ашуды көздеді. Биржаның бастамасы компаниялар үшін маңызды болды және тұрақтылық мәселелері бойынша сапалы есептер дайындау үшін қажетті әлеует жасауға мүмкіндік берді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 155 листингілік ұйымның 80-і ESG немесе оның негізгі элементтерін ашумен жылдық есептерді ұсынды.

2021 жылы Биржа жеке құжат – "Ақпаратты ашу ережелерін" бөліп көрсетті, оған листингілік компаниялар үшін ақпаратты ашу жөніндегі негізгі талаптар кірді. Егер бұрын KASE тек негізгі сәттерді ғана ашуды талап етсе, енді орнықты даму саласындағы ақпараттың, оның ішінде белгілі бір кестелік ерекшеліктердің толық ашылуы басталды. Жалпы, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге қатысты қызметтің негізгі көрсеткіштерінің тізімін қамтитын қосымшалар пайда болды, сондай-ақ корпоративтік басқару жөніндегі қызметтің негізгі көрсеткіштерін және салалық ерекшеліктер жөніндегі басшылық сияқты маңызды элементті бағалау толық енгізілді.

2023 жылы бағалы қағаздары Биржаның ресми тізімінің "Баламалы" алаңында айналысқа түсетін компаниялардың жылдық есептерін дайындау қажеттігі туралы шешім қабылданды. Осы талап 2025 жылдың 01 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Биржа сонымен қатар есепті кезеңдегі климаттық өзгерістер туралы ақпаратты ашу бойынша нұсқаулық әзірледі, ол ұсынымдық сипатқа ие.

ESG инфрақұрылымы

Биржа қаржы нарығының жүйелі инфрақұрылымдық институты бола отырып, өз алаңында орнықты даму жобаларын қаржыландыру үшін мүмкіндіктер жасаудың маңыздылығын түсінеді. Биржа өзінің стратегиялық міндеттері шеңберінде эмитенттер үшін ақпаратты ашу стандарттарын одан әрі жетілдіруді, инвесторлар үшін ESG есеп берушілік платформасын іске қосуды, қаржы нарығына қатысушылар арасында ESG хабардарлығын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр. 2023 жыл ішінде Биржа 2024 жылы іске қосу жоспарланып отырған эмитенттердің орнықты дамуы туралы инвесторларға қажетті ақпаратты қамтитын ESG Data Platform платформасын құру бойынша жұмыс жүргізді.

ESG шығарылымдары

Қазақстанда орнықты облигациялар нарығы 2020 жылы іске қосылды және осы сегментте тартылған қаражат сомасы жылдан жылға өсуде. Егер KASE-де 2020 жылы ESG облигациялар нарығына 14,0 млрд теңге, 2021 жылы – 29,4 млрд теңге, 2022 жылы – 33,6 млрд теңге тартылса, 2023 жылы 41,9 млрд теңге тартылды.

Қазақстандағы орнықты облигациялар нарығының тарихы 2020 жылы жалпы сомасы 14,0 млрд теңгеге "жасыл" облигациялардың бірінші шығарылымынан басталды: Азия даму банкі KASE-де 14,0 млрд теңгеге "жасыл" облигациялардың екі шығарылымын орналастырды, оларды орналастырудан түскен қаражат атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі жобаларды қаржыландыруға бағытталды.

2021 жылы Азия даму банкі гендерлік теңсіздікті төмендетуге және әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге жәрдемдесуге бағытталған жобаларды қаржыландыру үшін жылдық 10,15 %-бен 10 жыл мерзімге 8,4 млрд теңгенің "әлеуметтік" облигацияларының бірінші шығарылымын орналастырды. 2021 жылдың қыркүйегінде ДАМУ даму институты COVID-19 пандемиясы

жағдайында ШОБ, микроқаржы ұйымдарын, лизингілік компанияларды қаржыландыруға жылдық 11,90 %-бен бес жыл мерзімге 1,0 млрд теңге тартты.

2021 жылы Қазақстанның ESG-нарығына "жасыл" шығарылымыдармен жаңа қатысушы шықты. Еуразиялық даму банкі Қазақстан Республикасының аумағында банктің "жасыл" жобаларын қаржыландыруға жылдық 10,50 %-бен үш жыл мерзімге 20,0 млрд теңге тартты.

2022 жылы тарту мөлшерлемесінің өсуіне және жағдайдың тұрақсыздығына қарамастан, ESG-тарту көлемі өсуін жалғастырды. Азия даму банкі әлеуметтік жобаларға қосымша 14,0 млрд теңге, сондай-ақ "жасыл" қаржыландыруға 3,4 млрд теңге тартты. "KEGOC" АҚ компанияның қажетті желілік инфрақұрылым құрылысымен байланысты жобаларын іске асыруға 16,1 млрд теңге тартты. Бұл TONIA индикаторына байланыстырылған өзгермелі купондық мөлшерлеменен шығарылған алғашқы әлеуметтік облигациялар.

2023 жылы ESG облигацияларын орналастыру көлемі 41,9 млрд теңгені құрады, оның 31,4 млрд теңгесі төрт эмитенттің "жасыл" шығарылымдарымен және 10,6 млрд теңгенің әлеуметтік облигацияларының бір шығарылымымен тартылды:

- "KEGOC" АҚ 2022 жылы шығарылған облигацияларды 16,9 млрд теңгеге қосымша орналастырды;
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ "жасыл" жобаларды қаржыландыру мақсатында "жасыл" облигациялар шығару жолымен 10,0 млрд теңге тартты;
- "KazWind Energy" ("КазВинд Энерджи") ЖШС "Жел электр станциясының құрылысына" 3,0 млрд теңгеге орналастырылған «жасыл» облигациялардан қаражат бағыттады;
- "Black Biotechnology (Блэк Биотехнолоджи)" ЖШС органикалық ауыл шаруашылығын дамыту үшін инновациялық биоазықтық қоспалар мен тыңайтқыштар өндіретін зауыт құрылысын қаржыландыру мақсатында 1,5 млрд теңгенің "жасыл" облигацияларын орналастырды;

"ОнлайнКазФинанс" МҚҰ" АҚ гендерлік міндеттерді шешуге бағытталған 10,6 млрд теңгенің әлеуметтік облигацияларын орналастырды.

ESG іс-шаралары

KASE жыл сайын тұрақты дамудың жаһандық күн тәртібінің өзекті мәселелері, жауапты инвестициялау және ESG-ақпаратты ашу трендтері туралы қаржы нарығына қатысушылардың хабардарлығын арттыру үшін халықаралық сарапшыларды тарта отырып, эмитенттер мен инвесторлар үшін іс-шаралар өткізеді.

2023 жылы PRI Academy-мен бірлесіп эмитенттер үшін "PRI-ге кіріспе: жауапты инвестициялау практикасын дамыту және әлемдік инвестициялық секторда ESG саласындағы білім деңгейін арттыру" тренингі өткізілді. Сондай-ақ, RepRisk-пен бірлесіп "ESG Insights: трендтер, даму және интеграция" тренингі өткізілді.

2023 жылы Биржа ҚНРДА және IFC-мен бірлесіп шағын және орта бизнес секторындағы компаниялар үшін бірінші REGIO TAFF конкурсын өткізді. Ол қатысушының екі жеңімпазы орнықты даму саясатын әзірлеу және қаржылық емес есеп берушілікті дайындау үшін тегін қолдау, сондай-ақ тәуелсіз сыртқы бағалау мен қаржылық кеңесші қызметтерін алуға көмек алды. Конкурс жеңімпаздары "ТехноГруппСервис" ЖШС мен "Green Capital Kazakhstan" ЖШС болды.

2023 жылдың наурызда Биржа дәстүрлі түрде IFC-мен бірлесіп Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының жыл сайынғы ашылу рәсімін және DigitALL: Women in FinTech іс-шарасын өткізді. Биржа бұл рәсімді БҰҰ-ның «Тұрақты Қор Биржалары» бастамасын – Sustainable Stock Exchanges Initiative іске асыру шеңберінде алтыншы рет өткізіп отыр, оған KASE 2015 жылы қосылған болатын. Бұл акцияны бүкіл әлем бойынша дәстүрлі түрде UN Women, IFC, "Әйелдер және биржалық индекстік қорлар" ұйымы және Дүниежүзілік биржалар федерациясы қолдайды. Жыл сайын сауда-саттықтың ашылу рәсімін әлем бойынша 100-ден астам биржа өткізеді.

Ақпараттық саясат

Биржа биржалық ақпараттың негізгі көзі ретінде ақпаратпен жұмыс істеу үшін сенімді, ашық және қауіпсіз орта құруға ықпал етеді. Осы мақсаттар үшін Биржа Ақпараттық саясатты – реттеушілерге, мүдделі тұлғаларға және/немесе серіктестерге Биржа ақпаратын беруге негізделетін және олардың көмегімен Биржаның имиджі мен оның іскерлік беделі қалыптасатын және қолдау көрсетілетін

қағидаттар мен процедуралар жүйесін әзірледі. KASE ақпаратты ашу және тарату кезінде мынадай қағидаттарды ұстанады:

- 1) тұрақтылық, дәйектілік, жеделділік және уақтылылық;
- 2) Биржаның мүмкіндіктері мен құзыреті шеңберінде ақпаратты ашудың толықтығы;
- 3) бейтараптылық және объективтілік;
- 4) реттеушілер, серіктестер және мүдделі тұлғалар үшін Биржаның жария ақпаратына қол жеткізудің тең мүмкіндіктері мен қолжетімділігі;
- 5) Биржаның инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын және пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету;
- 6) құпиялылықты сақтау: ақпараттың ашықтығы мен коммерциялық ұйым ретінде Биржаның мүдделерін сақтау арасында ақылға қонымды теңгерімнің болуы;
- 7) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде Биржаға берілетін олардың қызметіндегі өзгерістер туралы ақпаратқа Биржа серіктестерінің құқықтарын сақтау.

Ақпараттық қызметтер

2023 жылы биржалық ақпараттық өнімдер инвесторлар мен жергілікті қаржы нарығына қатысушылардың назарында қала берді. Мұндай қызығушылық нарықтың цифрландыру және технологиялық даму үрдісіне негізделген, бұл өз кезегінде өңірдегі инновациялық өсуге және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға ықпал етеді. Бұл тұрғыда ақпараттық сервистер бизнес-процестерді жетілдіру, биржалық қызметтерге қол жеткізуді жақсарту және экономиканың түрлі секторлары жұмысының тиімділігін арттыру үшін маңызды құрал болып табылады. Мәселен, KASE ақпаратын тұтынушылар тобы 2023 жылы сервистерінде KASE сауда-саттық ақпараты да, оның техникалық инфрақұрылымы да пайдаланылатын "BCC Invest" АҚ, "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ, "Банк Фридом Финанс" АҚ, "Tansar Capital" АҚ, "Teniz Capital Investment Banking" АҚ сияқты жазылушылармен кеңейді. Нәтижесінде KASE ақпараттық қызметтеріне жазылған корпоративтік клиенттер саны 36 компанияға дейін өсті. KASE сауда-саттық ақпаратын таратушы болып табылатын клиенттердің саны 21-ді құрады, оның ішінде Bloomberg, Refinitiv, сондай-ақ Citigroup Global Markets LTD секілді үш компания әлемдік деңгейдегі

қаржылық ақпарат жеткізушілері болып табылады, 2023 жылдың соңына 209 түпкі жазылушының жиынтық аудиториясымен нақты уақыт тәртіптемесінде KASE саудасаттық ақпаратын таратады.

KASE қызметтерінің сапасын бағалау

Биржа клиенттерінің қанағаттану деңгейін арттыру, биржалық сервистерді бағалауда жоғары жайғасымдарды ұстап тұру және оларды жақсарту үшін жаңа жолдарды іздеу Биржаның негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Жаңа жобаларды іске асыру және Биржа мүшелері, листингілік компаниялар және басқа да қызмет алушылар үшін жаңа өнімдерді енгізе отырып, KASE осы жобалар мен өнімдер бойынша кері байланыс алуға және биржалық қызмет алушылармен коммуникация құруға ұмтылады.

Биржа ұсынатын қызметтердің сапасын бағалау бойынша клиенттермен тиімді коммуникация жүйесін құру мақсатында Биржа Басқармасының 2021 жылдың 05 қазандағы шешімімен бекітілген Биржа клиенттеріне қызмет көрсету деңгейінің өлшемдерін анықтау ережелері (SLA стандарттары) қабылданды, сондай-ақ әрбір қызметті алу қорытындылары бойынша клиенттерден кері байланыс алу үшін ақпараттық жүйе (web-қосымша) әзірленді. Жүйені пайдаланушылар функционалдық міндеттеріне клиенттерге қызмет көрсету жататын Биржаның барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлері, сондай-ақ Биржаның клиенттері болады.

Бұдан басқа, KASE клиенттердің Биржа қызметіне қанағаттануына кешенді бағалау жүргізеді. Осы мақсатта Биржа негізгі бизнес-процестер бойынша, оның ішінде тәуелсіз зерттеу компанияларын тарту арқылы клиенттерге жыл сайын сауалнама жүргізеді. Сауалнама қорытындылары бойынша Биржа ұсынылатын қызметтердің сапасын ұдайы жақсартуға ұмтыла отырып, бұдан әрі келесі жылға арналған іс-шаралар жоспарына енгізілетін Биржа сервистерін жақсарту жөніндегі шаралар кешенін анықтайды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша сауалнамаға Биржаның 52 мүшесінен (56 %) 29 мүшесі, 164 листингілік компаниядан (54 %) 88-і (бағалы қағаздарға рұқсаттама бастамашысы) және 355 клиенттен (23 %) Биржаның ақпараттық қызметтерінің 82 клиенті қатысты. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Биржаның клиенттерінің қанағаттануының жалпы бағасы 100 %-дан 93,1 %-ды құрады.

Қоршаған ортаны қорғау

Биржа тұтыну мен өндірістің ұтымды моделін енгізуге, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды қысқарту, қайта өңдеу және қайта пайдалану жөнінде шаралар қабылдау жолымен олардың көлемін азайтуға ұмтыла отырып, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті бөліседі.

Биржаның тұтынатын негізгі ресурстары электр энергиясы, жылу энергиясы, қағаз өнімдері және су болып табылады. 2021 жылы Биржа "Жасыл кеңсе" бағдарламасын енгізді, ол ұйымды басқарудың кешенді тәсілін білдіреді және жалпы қабылданған үш R принциптеріне негізделген бірқатар техникалық және уәждемелік-білім беру іс-шараларын қамтиды:

- Reduction – энергияны, суды, электр қуатын және басқаларды орынды тұтыну;
- Refinement – кеңсе материалдарын, қағаз бен басқа да шығыс материалдарын қайта пайдалану;
- Replacement – экологиялық жауапты сатып алу және қоршаған ортаға әсерін азайтатын тауарлар мен қызметтерді сатып алу, көлікті баламалы және/немесе тиімді пайдалануды насихаттау.

"Жасыл кеңсе" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Биржа Биржаның қызметкерлері қатарынан эко-белсенділер штабын – KASE GREEN құрды. Биржада қалдықтарды бөлек жинау енгізілген. 2023 жылы 131 кг жуық макулатура, 109 кг астам шыны және 48 кг пластик жиналды. 2023 жылы Биржа корпоративтік іс-шараларды өткізу кезінде пластик ыдыстарды пайдаланудан бас тартты.

Халықаралық қызмет

Халықаралық тәжірибені зерделеу және шетелдік эмитенттер мен инвесторлардың отандық қор нарығы туралы хабардарлығын арттыру мақсатында Биржа өз қызметін халықаралық аренада жалғастырады. Биржа WFE, FEAS және ТМД БХҚ сияқты халықаралық биржалық қауымдастықтардың толыққанды мүшесі болып табылады және осы ұйымдардың жұмысына белсенді қатысады.

Биржа WFE іс-шаралары мен бастамаларына белсенді қатысады. 2023 жылдың қаңтар және қараша айларында Басқарма төрайымы А. Алдамберген WFE Focus журналына сұхбат берді. 2023 жылдың мамырында Биржа өкілдері Japan Exchange

Group ұйымдастырған WFE Жұмыс комитетінің отырысына қатысты. 2023 жылдың қыркүйегінде Биржа WFE 62-ші Бас Ассамблеясы мен Жылдық Жиналысына қатысты, онда қатысушылар WFE жұмысының келесі жылға арналған негізгі бағыттарын анықтады. WFE жиналысы аясында сондай-ақ биржа индустриясы мен жаңа технологияларға байланысты негізгі мәселелерді тереңдетіп талқылау үшін жетекші биржалар мен капитал нарығы сарапшыларының панельдік пікірталастарына қатысты.

2023 жылдың наурызында Биржа өкілдері жыл сайынғы WFE-дің "Capacity Building & Technical Assistance: Clearing and CCPs" конференциясына қатысу үшін Йоханнесбург қаласында (OAP) жұмыс сапарымен болды. Биржа делегациясы ОК және тәуекел-менеджменттің соңғы даму трендтерімен танысты. Ынтымақтастық мәселелерін талқылау үшін WFE мүше биржалармен, қаржы ұйымдарымен және компаниялармен кездесулер өткізілді.

Биржаның 2022 жылы жүргізген жұмыстарының қорытындысы бойынша 2023 жылдың қаңтарында Биржа ресми түрде Орталық контрагенттердің жаһандық қауымдастығына (The Global Association of Central Counterparties, CCP Global) мүшелікке кірді. CCP Global мүшелігі ұйымның ОК халықаралық стандарттарына, Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық қауымдастығының (IOSCO) және Халықаралық есеп айырысу банкінің Есеп айырысу және төлем жүйелері комитетінің (CPSS) ұсынымдарына сәйкес келуге ұмтылуына ықпал етеді. CCP Global-ға қатысу клирингілік қызмет көрсетуде, тәуекелдерді басқаруда және биржалық сауданың тиімділігін арттыруда жергілікті әлемдік тәжірибені қолдануға мүмкіндік береді. CCP Global-дың жұмыс істеп тұрған мүшелерінің арасында әлемнің жетекші ОК мен биржалары, оның ішінде Nasdaq Clearing AB (NASDAQ), London Stock Exchange Group (LSEG), Dubai Clear, Takasbank – Istanbul Clearing, Settlement and Custody Bank, Hong Kong Exchanges and Clearing (HKEx), Korea Exchange (KRX), Japan Exchange (JPX), Bursa Malaysia, Clearing Corporation of India (CCIL), Singapore Exchange (SGX) және басқалары бар.

Биржа сонымен бірге жыл сайын ТМД БХҚ Кеңесінің мүшесі ретінде ТМД БХҚ отырыстарына, сондай-ақ толық құқылы мүше ретінде FEAS Директорлар кеңесінің және FEAS Бас Ассамблеясының отырыстарына тікелей белсенді қатысады. 2023 жылдың қарашасында Биржа ТМД БХҚ және FEAS алаңын ұсынды, Алматы қаласында ТМД БХҚ мүшелерінің жылдық жалпы жиналысын және FEAS

Басқармасының отырысын бірлесіп ұйымдастырды. Аталған іс-шаралар Алматы қаласындағы Биржалық Форумға орайластырылды. Наурызда FEAS Басқармасының отырысы онлайн форматта өтті. ТМД қор нарықтарының өкілдері елдердің ұлттық қаржы нарықтарының ағымдағы жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады. 2023 жылдың маусымында Ереванда ConFEAS конференциясы өтті, ол капитал нарықтарының төрт жекелеген саласын, оның ішінде трейдинг, саудадан кейінгі, ESG және қаржылық білім беруді (FinLit) қамтыды.

2023 жылдың қыркүйегінде Афины қаласында KASE өкілдері FEAS мүшелеріне арналған "FEAS 10th on-site training" оқыту тренингіне қатысты. Тренингтерді жыл сайын Федерацияға мүше биржалардың бірі өткізеді.

FEAS-қа мүше биржалардың қолдауымен қазақ, орыс, ағылшын, араб және басқа тілдерде (<https://comics.feas.org/>) қолжетімді "Borsa City" білім беру комиксінің екінші сериясы шығарылды. "Borsa City" – білім беру комиксі, ол капитал нарығы мен қор биржасының жастарға, мұғалімдерге және ата-аналарға мектепті құтқаруға және қала үшін жақсы болашақ құруға қалай көмектесетіні туралы әңгімелейді.

2023 жылдың сәуірінде Ташкент қаласына жұмыс сапары болып, онда Орталық депозитарий, биржалар, уәкілетті орган, жеке бизнес өкілдерімен екіжақты кездесулер өткізілді. Ташкент Республикалық Қор биржасындағы кездесу барысында тараптар ұйымдар мен биржалардың ағымдағы қызметі, перспективалық жобалар мен даму жоспарлары туралы ақпаратпен алмасты. Ташкентте KASE Day өткізілді, оның барысында KASE өкілдері Өзбекстанның валюта және қор нарығының өкілдерімен ағымдағы трендтермен, жоспарларымен және Қазақстан нарығындағы жалпы ахуалмен бөлісті.

2023 жылдың мамырында қор нарығының қызметін зерделеу және капитал нарығымен танысу мақсатында Warsaw Stock Exchange (GPW) Варшава Биржасына жұмыс сапары болды. Сапар аясында тәжірибе алмасу мақсатында келіссөздер мен таныстырулар, сондай-ақ нарықтың жергілікті қатысушыларымен кездесулер өткізілді.

2023 жылдың қыркүйегінде қаржы институттарымен және банктермен кездесу үшін Лондонға жұмыс сапары болып өтті.

2023 жылдың қарашасында Биржа басшылығы Абу-Дабиде тұрақты қор биржалары бойынша БҰҰ Жаһандық диалогына қатысты. Басқарма төрайымы ESG қызметі, сондай-ақ гендерлік теңдік бойынша сессияда сөз сөйледі.

2023 жылдың қарашасында 30 жылдығын атап өте отырып, Биржа 70-тен астам шетелдік ұйымды қабылдады. Іс-шара аясында Вена Биржасы, Стамбул Биржасы, Афины Биржасы, Корея Биржасы, Варшава Биржасы, Мәскеу Биржасы, Тегеран Қор Биржасы, Баку Қор Биржасы, Дамаск Бағалы Қағаздар биржасы, Тәжік Қор Биржасы, Армян Қор Биржасы, "Тошкент" Республикалық Қор Биржасы өкілдерімен екіжақты кездесулер өтті. Кездесулердің мақсаты екіжақты ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ әлеуетті бірлескен жобаларды іздестіру болды.

2023 жылы Биржа халықаралық қаржы ұйымдарымен бірқатар кездесулер өткізді. ЕҚДБ-мен наурыз айындағы кездесу "жасыл" экономика мен ESG мәселелеріне арналды. Наурыз және сәуір айларындағы Дүниежүзілік банк өкілдерімен кездесуде капитал нарығын дамыту мәселесі талқыланды. АДБ-мен кездесу ұсынылып отырған фискалдық басқару және экономикалық әртараптандыру реформаларының бағдарламасы бойынша Кеңес беру миссиясы шеңберінде ұйымдастырылды.

НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ

Халықаралық биржалық нарықтың трендтері

2023 жылы нарықтар әлемдік экономиканың тез қалпына келуін шектеген әртүрлі геосаяси және экономикалық факторлардың ықпалына ұшырады. Украинадағы арнайы әскери операцияның теріс әсеріне қосымша ретінде еуроаймақ елдері мен АҚШ экономикалары бірқатар банктердің банкроттығына тап болды. Бұл турбуленттілік жағдайларында қаржы институттарының тұрақтылығына қатысты нарықтардың қауіптенуін күшейтті. Дегенмен, 2023 жылдың екінші жартысында көптеген елдерде 2022 жылы геосаяси ахуалдың, логистикадағы және жеткізу тізбегіндегі бұзушылықтардың, энергетикалық және тауар нарықтарындағы сұраныс пен ұсыныстың жаһандық араласуының нәтижесінде өскен инфляция қарқыны төмендеді. Осының салдарынан орталық банктер арасында пайыздық мөлшерлемені төмендету мүмкіндігі туралы риторика орын алды. Дегенмен, бірқатар елдерде іскерлік белсенділіктің өсуін және экономиканың оң қарқынын ескере отырып, экономиканың рецессия сатысына дейін баяулау қаупіне қарамастан, әлемнің жетекші экономикаларының орталық банктері инфляцияның ағымдағы деңгейін шектеуші ақша-кредит саясатын аяқтау үшін жеткілікті жоғары деп есептей отырып, пайыздық мөлшерлемені төмендетуге батылы бармады. Сонымен қатар, бірқатар елдердің орталық банктері экономиканы ынталандыру мақсатында пайыздық мөлшерлемелерді төмендете бастады.

1 кесте. Нақты ЖІӨ және Инфляция динамикасы (ж/ж %)

	Нақты ЖІӨ (ж/ж %)						Инфляция (ж/ж %)					
	3 тоқ. 2023 (Ф)	4 тоқ. 2023 (О)	1 тоқ. 2024 (П)	2 тоқ. 2024 (П)	3 тоқ. 2024 (П)	4 тоқ. 2024 (П)	3 тоқ. 2023 (Ф)	4 тоқ. 2023 (Ф)	1 тоқ. 2024 (П)	2 тоқ. 2024 (П)	3 тоқ. 2024 (П)	4 тоқ. 2024 (П)
АҚШ	2,9	3,1	2,3	2	1	1,1	3,5	3,2	2,9	2,8	2,5	2,5
Еуроодақ	0	0,1	0,1	0,2	0,7	1	4,9	2,7	2,5	2,4	2	2,2
Англия	0,2	-0,2	0	0,1	0,5	0,9	6,7	4,2	3,7	1,9	2,1	2,3
Жапония	1,7	1	0,3	-0,3	0,9	1,2	3,2	2,9	2,6	2,5	2,2	1,8
Қытай	4,9	5,2	4,2	4,8	4,7	4,7	-0,1	-0,3	0,3	0,4	0,6	1,3
Үндістан	7,6	6,4	5,7	6,4	6,1	6,2	6,4	5,4	5,1	5,1	4	4,8
Ресей	5,5	4,4	3	1,6	0,4		14,4	7,2	7,5	7,6	6,7	5,1
Түркия	5,9	3,3	4,5	1,5	1,9	2,5	56,1	62,7	61,8	69,3	46,8	40,7
Бразилия	2	2,2	1,6	1,3	1,6	2	4,6	4,7	4,1	3,7	3,8	3,8
Аргентина	-0,8	-0,6	-3,7	-0,9	-3,2	-1,2	125	166,9	295,3	341	287,9	214,9
Таиланд	1,4	1,7	2,8	3,5	3,8	3,6	0,5	-0,5	0,6	1,6	2	2,2

Дереккөз: Bloomberg economic forecast

2023 жылы орталық банктердің пайыздық мөлшерлемелерінің раллиі өзінің шыңына жетті. 2023 жылы АҚШ ФРЖ мөлшерлемені жиынтығында 100 базистік тармаққа 5,25 %-5,50 %-ға дейін төрт есе көтерді. ЕОБ мөлшерлемесі 2023 жылдың қыркүйегінде 4,5 %-ға жетті. ФРЖ мөлшерлемесінің өсуінен кейін қазынашылық және корпоративтік облигациялар бойынша кірістілік өсті. АҚШ-тың 30 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі 2010 жылдың наурызынан бастап алғаш рет 4,50 % белгісінен асты, 10 жылдық қазынашылық облигациялар бойынша кірістілік 4,99 % максимумына жетті. Қарыз алудың жоғары мөлшерлемесі мемлекеттік те, корпоративтік те секторлардың борышына қызмет көрсету бойынша шығыстардың ұлғаюына алып келді. 2023 жылы АҚШ-тың мемлекеттік міндеттемелері бойынша таза пайыздық төлемдер ЖІӨ-нің 2,4 %-ын құрады.

Сонымен қатар, қарыз алудың жоғары мөлшерлемесіне және ФРЖ шектеуші ақша-кредит саясатына қарамастан, американдық индекстер жасыл аймақта болды: Dow индексі 13,7 %-ға өсті; S&P 500 – 24,2 %-ға; Nasdaq – 43,4 %-ға өсті.

Экономиканың 11 секторының 8-і жасыл аймақта жылды аяқтады. Ең жақсы динамиканы ақпараттық технологиялар секторының (+56,4 %), телекоммуникациялар секторының (+54,4 %), ұзақ пайдаланылатын тауарлар секторының (+41,0 %) компаниялары және өнеркәсіп компанияларының акциялары (+16,0 %) көрсетті. Коммуналдық қызметтер саласындағы компаниялардың акциялары (-10,2 %) және энергетикалық сектор компанияларының акциялары (-4,8 %) неғұрлым көп шығынға ұшырады.


WFE деректері негізінде 2023 жылғы әлемдік биржалық нарықтың түйінді көрсеткіштері ұсынылған:

- *акциялар нарығының жаһандық капиталдануы 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 13,6 %-ға өсіп, 111,2 трлн, АҚШ долларын құрады. Өсім WFE мүше биржаларының барлық өңірлерінде байқалды. ЕТША өңірлерінде, Америкада (Солтүстік және Оңтүстік Америка) және Азия-Тынық мұхиты өңірінде капиталдандыру тиісінше 12,5 %, 20,8 % және 4,5 %-ға өсті;*
- *акциялар сауда-саттығының жалпы әлемдік көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 10,6 %-ға азайды және 129,3 трлн, АҚШ долларын құрады. WFE-ге мүше биржалардың барлық өңірлерінде көлемнің төмендеуі байқалды. Америкадағы сауда-саттық көлемі 14,0 %-ға 70,0 трлн АҚШ долларына дейін, Азия-Тынық мұхиты өңірінде 5,8 %-ға 48,6 трлн АҚШ*

долларына дейін, ЕТША өңірлерінде 8,2 %-ға 10,7 трлн АҚШ долларына дейін төмендеді.


2023 жылдың қорытындысы бойынша WFE 79 мүшесінің арасында KASE акциялар нарығын капиталдандыру бойынша 44-ші орында тұр. KASE қор нарығындағы сауда-саттық көлемі 58,9 млрд АҚШ долларына жетті, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 28 %-ға артық. KASE 2023 жылдың қорытындысы бойынша акциялармен сауда-саттық көлемі бойынша 58-ші орында және WFE-ге мүше биржалар арасында облигациялармен сауда-саттық көлемі бойынша 18-ші орында тұр.

1 сурет. Қор биржаларын капиталдандыру, млрд АҚШ доллары




Дереккөз: WFE

2 сурет. Әлемнің қор биржаларындағы акциялармен сауда-саттық көлемі, млрд АҚШ доллары



Дереккөз : WFE

3 сурет. Әлемнің қор биржаларындағы облигациялармен сауда-саттық көлемі, млрд АҚШ доллары



Дереккөз: WFE

Ең үлкен өсу Аргентина қор нарығының индексінде байқалады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Аргентина қор биржасының индексі 360 %-ға өсті. Сонымен қатар, мұндай типтік емес динамика 211,4 % гиперинфляциямен және аргентиналық реалдың 353 %-ға күрт құнсыздануымен байланысты болды. Бұған жауап ретінде Аргентинаның орталық банкі базалық мөлшерлемені жылдық инфляцияның болжамды мәннен жоғары өсуіне және ұлттық валютаның құлдырауына қарай 133 %-ға дейін көтерді.

Венесуэланың қор нарығының өсуі 2023 жылы 176 %-ды құрады және инфляцияның 400 %-дан астам өсуі және ұлттық валютаның 93 %-ға құлдырауы жағдайында болды. Басқа реттеушілерден айырмашылығы, орталық банк мөлшерлемені жоғары деңгейде сақтай отырып көтерген жоқ. Ел Үкіметі мемлекеттік шығыстарды қысқарту, ұлттық валютаның тұрақты бағамын сақтау үшін валюта нарығына кредиттеу мен интервенцияларды шектеу жөнінде шаралар қабылдады.

2023 жылы ресейлік қор нарығы 44 %-ға өсті. АҚШ пен Еуропа елдері енгізген санкциялар Ресей экономикасына әсер етті. Инфляцияның өсуіне және рубльдің құнсыздануына жауап ретінде Ресей Банкі негізгі мөлшерлемені 16 %-ға дейін ұлғайту жөнінде шаралар қабылдады. Дегенмен, 2022 жылы байқалатын жоғары инфляция қаңтардағы 11,8 %-дан 2023 жылдың желтоқсанда 7,4 %-ға дейін


төмендеді. 2023 жыл ішінде валюта нарығында құбылмалылық байқалды, нәтижесінде рубль 25 %- дан астам құнсызданды.

Тұтастай алғанда, дамыған елдер индекстерінің көпшілігі 2023 жылды оң аяқтады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша төмендеуді Қытайдың қор нарығы көрсетті. 2023 жылы Shanghai Composite индексі 4 % жоғалтты. Қытай нарықтарының құлдырауының триггері жылжымайтын мүлік секторындағы көпжылдық проблемалар мен муниципалдық қарыздар болып табылады. Нарықтардың құлдырауына жауап ретінде Қытай Халық Банкі қор нарығын, жылжымайтын мүлік нарығын және экономиканы ынталандыру бойынша шаралар пакетін қабылдады. Бір жылдық кредиттер (MLF) бойынша мөлшерлеме 2,5 %-ға дейін, жеті күндік кері репо мөлшерлемесі – 1,8 %-ға дейін, бірінші класты қарыз алушылар үшін кредиттер бойынша мөлшерлеме – 3,45 %-ға дейін төмендеді.

Төменде 2023 жылдың негізгі қор индекстері мен KASE Индексінің өзгеру кестесі келтірілген.

4 сурет. 2023 жылдың қорытындылары бойынша негізгі әлемдік қор индекстерінің және KASE индексінің өсу көрсеткіштері, %



Дереккөз: Bloomberg

2023 жылы Қазақстан экономикасы оң өсім көрсетті. 2023 жылдың қорытындысы бойынша экономика өсімі 5,1 %-ды құрады. Ең көп өсу мынадай салаларда байқалды: құрылыс (+13,3 %), сауда (+11,3 %) және байланыс (+7,15 %).

2023 жылы инфляция деңгейінің динамикасы төмендеу трендіне ие болды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 2022 жылғы 20,3 %-дан төмендеп, 9,8 %-ды құрады. ҚР Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені 2023 жылдың тамызына дейін 16,75 % деңгейінде сақтап қалды. 2023 жылдың тамызында базалық мөлшерлеме 16,50 %-ға дейін төмендеді. 2023 жылдың қазанында Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 16,00 %-ға дейін, ал қарашада – 15,75 %-ға дейін төмендетті. 2022 жылы шектеуші ақша-кредит саясаты шеңберінде базалық мөлшерлеменің көтерілуі инфляцияның төмендеуіне және инфляциялық күтулердің төмендеу трендінің бекітілуіне ықпал етті.

Сонымен қатар, инфляциялық қысымның күшеюі және рубль бағамының кейіннен әлсіреуі ұлттық валютаның динамикасына әсер етті. Наурызға дейін теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 431,08 теңгеге дейін нығайды. 2023 жылдың наурызынан қыркүйегіне дейінгі кезеңде теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы бір АҚШ доллары үшін 482,77 теңгеге дейін 11,99 %-ға әлсіреді.

Сауда теңгерімі мен қызметтер теңгерімі жай-күйінің нашарлауына байланысты 2023 жылдың қорытындысы бойынша төлем теңгерімінің ағымдағы шоты тапшылықпен қалыптасып, -3,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Тауарлар экспорты 7,0 %-ға 78,7 млрд. АҚШ долларына дейін азайды. Тауарлар импорты 20,0 %-ға өсіп, 61,2 млрд. АҚШ долларына дейін өсті. Осыған байланысты, сауда-саттық балансының профициті 2022 жылмен салыстырғанда 52,0 %-ға төмендеп, 17,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл төмендеу 2023 жылдың бірінші жартысында мұнай бағасының құлдырауынан туындады. Шетелдік тікелей инвесторлардың кірістері 1,4 %-ға өсті және 26,7 млрд. АҚШ долларына ұлғайып, 373 млн. АҚШ долларын құрады.


2023 жыл қазақстандық қор нарығы үшін инфляцияның жылдық деңгейінің төмендеуі, сыртқы экономикалық күйзелістерді нивелирлеуден кейін нарықтардың тұрақтануы және макроэкономикалық көрсеткіштердің жақсаруы аясында қолайлы болды. Жыл қорытындысы бойынша KEGOC акцияларын қоспағанда, KASE Индексінің Өкілеттік тізімінің барлық акциялары оң динамиканы көрсетті. KASE Индексі акцияларының өсуінің негізгі факторлары қаржылық есептерді жариялау, дивидендтік төлемдер, сондай-ақ әлемдік нарықтарда шикізат құнының өсуі болып табылады.

KASE нарықтары

KASE-дегі сауда-саттық көлемі үшінші жыл қатарынан тарихи максимумдарды жаңартып келеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша барлық нарықтардағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 2022 жылдың көрсеткішпен салыстырғанда 57 %-ға өсті және 2020 жылдың көрсеткіштен 3,5 есе асып түсіп, 410,7 трлн теңге тарихи максимумына жетті.

5 сурет. Секторлар бойынша сауда-саттық көлемінің динамикасы, трлн теңге



Дереккөз: KASE

KASE-дегі сауда-саттық көлеміндегі негізгі өсім нарыққа қатысушылардың қысқа мерзімді теңгелік өтімділікке қажеттілігінің ұлғаюы аясында ақша нарығындағы сауда-саттықтың 60 %-ға 370 трлн теңгеге дейін өсуі есебінен қамтамасыз етілді, бұл ретте жоғарылатылған ұсыныс жоғары мөлшерлемелер есебінен қолдау тапты. Валюта нарығында да көлемнің 43 %-ға 30 трлн теңгеге дейін өскені байқалды. Бағалы қағаздар нарығында сауда-саттық көлемінің өсуі негізінен акциялардың қайталама нарығындағы және МБҚ-ғы сауда-саттық көлемінің есебінен қамтамасыз етілді. Бұл ретте акциялар нарығындағы көлемдер квазимемлекеттік ұйымдарды бастапқы нарықта орналастыру және олардың кейіннен қайталама нарықта айналымы есебінен өсті. Бұл ретте корпоративтік облигациялар және туынды бағалы қағаздар секторында қайталама нарықта белсенділіктің төмендеуі байқалды:

2 кесте. KASE қор биржасындағы сауда-саттық динамикасы, трлн теңге


	2019	2020	2021	2022	2023	2022 жылға 2023 өзг.	2022 жылға 2023 зг., %
Бағалы қағаздар нарығы	5 286,8	7 878,2	6 218,2	8 980,5	10 923,6	+1 943,1	+21,6%
Акциялар	203,6	238,4	422,8	307,3	333,6	+26,3	+8,6%
Kase Global	–	–	6,4	25,8	36,5	+10,7	+41,7%
БҚ корпоративтік борыштары	2 715,6	2 691,2	1 980,8	2 488,8	2 187,3	-301,5	-12,1%
МБҚ	1 823,7	4 650,7	3 575,9	6 004,3	8 013,0	+2 008,7	+33,5%
МҚҰ облигациялары	540,2	274,2	155,4	126,9	337,1	+210,2	+165,6%
Инвестициялық қорлардың БҚ	0,9	20,3	38,1	8,8	14,3	+5,5	+62,0%
Туынды бағалы қағаздар	3,0	3,4	38,8	18,4	1,8	-16,6	-90,0%
Шетелдік валюта нарығы	11 145,0	11 606,9	15 567,8	20 798,1	29 710,7	+8 912,6	+42,9%
Ақша нарығы	101 706,0	98 501,0	152 653,6	231 834,4	370 075,4	+138 241,0	+59,6%
Репо операциялары	72 707,8	88 568,9	141 631,4	202 635,7	306 582,7	+103 947,0	+51,3%
Валюталық своп операциялары	28 998,2	9 932,1	11 022,1	29 198,6	63 492,7	+34 294,1	+117,5%
Деривативтер нарығы	0,4	<0,1	<0,1	7,9	29,4	+21,5	272,5%
Фьючерстер	0,4	<0,1	<0,1	7,9	29,4	+21,5	+272,5%
Сауда-саттықтың БАРЛЫҚ көлемі	118 138,2	117 986,1	174 439,6	261 620,8	410 739,2	+149 118,4	+57,0%

Дереккөз: KASE

Бағалы қағаздар нарығы

Қазақстандық акциялар нарығын капиталдандыру 2023 жылы 26,4 %-ға немесе 5,6 трлн теңгеге өсіп, 26,7 трлн KZT құрады. Акциялар нарығының ЖІӨ-ге қатысты үлесі 22 %-ға дейін ұлғайды.


6 сурет. KASE акциялар нарығын капиталдандыру көлемінің ЖІӨ-ге қатынасы, %



Дереккөз: KASE, stat.gov.kz

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 2023 жылы 6,5 %-ға немесе 944,2 млрд теңгеге 13,5 трлн теңгеге дейін төмендеді. Корпоративтік борыш нарығының ЖІӨ-ге қатысты үлесі 2023 жылдың қорытындысы бойынша 11 %-ды құрады.

7 сурет. KASE-дегі айналыстағы корпоративтік борыштың ЖІӨ-ге қатынасы, %



Дереккөз: KASE, stat.gov.kz

Биржадағы эмитенттер мен жаңа шығарылымдардың жалпы саны өсуде

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Биржаның ресми тізімінде 654 эмитенттердің 235 атауындағы мемлекеттік емес бағалы қағаздар, оның ішінде "Негізгі" алаңында – 76 эмитенттің 351 бағалы қағазы, "Баламалы" алаңында – 76 эмитенттің 12 бағалы қағазы, "Аралас" алаңында – 73 эмитенттің 145 бағалы қағазы және "Жеке орналастыру" алаңында – 22 эмитенттің 35 бағалы қағазы болды.

2023 жылы листинг процедурасынан 73 эмитент (оның ішінде 36 жаңа эмитент) өтті, Биржаның сауда-саттық тізімдеріне 165 бағалы қағаздар шығарылымы енгізілді, олардың ішінде:

- екі эмитенттің үш атауындағы жай акциялар, бұл ретте 2023 жылы Биржаның сауда-саттық тізімінен 18 атаудағы акциялар алынып тасталды, осыған байланысты жиынтығында акциялар нарығындағы эмитенттер мен құралдардың саны 84 эмитенттің 99 атауына дейін азайды;
- KASE Global секторына бір жаңа эмитенттің және 5 шетелдік ETF акциялары қосылды. Жыл соңындағы жағдай бойынша осы секторда шетелдік эмитенттердің 45 атаудағы акциялары және 11 ETF болды;
- 56 эмитенттің 121 шығарылымының корпоративтік облигациялары. 2023 жылдың аяғында сауда-саттық тізімдерінде 106 эмитенттің 412 шығарылымы болды;
- бес халықаралық қаржы ұйымының облигацияларының 25 шығарылымы, барлығы жыл аяғында KASE алаңында бес МҚҰ-ның 60 шығарылымы болды;

- "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторындағы құралдардың саны 27-ден 24-ке дейін қысқарды.

8 сурет. KASE акциялары мен облигацияларының сауда-саттық тізімдерінің динамикасы



* KASE Global акцияларын есептемегенде

Дереккөз: KASE

Эмитенттердің шешімі бойынша 2023 жылы ресми тізімнен 13 эмитенттің 14 шығарылымы, оның ішінде 9 эмитент акцияларының 9 шығарылымы алынып тасталды. Биржаның ресми тізімінен 19 эмитенттің бағалы қағаздарының 42 шығарылымы мәжбүрлеп алынып тасталды. Айналыс мерзімінің аяқталуына және мерзімінен бұрын өтелуіне байланысты 36 эмитенттің 97 шығарылымы алынып тасталды.

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE-ге 52 қаржы ұйымдары мүше болды, оның ішінде:

- Биржада сауда-саттыққа жіберілген бағалы қағаздармен өткізілетін сауда-саттыққа қатысу құқығымен "қор" санатының 43 мүшесі;
- шетел валюталарымен сауда-саттыққа қатысу құқығымен "валюталық" санатының 37 мүшесі;
- туынды қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысу құқығымен "деривативтер" санатының 27 мүшесі.

Жыл бойы KASE мүшелерінің тізіміне алты қатысушы енгізілді:


- "Банк Фридом Финанс Қазақстан" АҚ ("қор" және "деривативтер" санаттары бойынша);

- NGDEM Global Limited жеке компаниясы ("қор" және "деривативтер" санаттары бойынша);
- "ЕвроЦентрАстана" АҚ ("валюталық" санаты бойынша);
- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ ("валюталық" санаты бойынша).
- "Teniz Capital Investment Banking" АҚ ("валюталық" санаты бойынша);
- "SkyBridge Invest" АҚ ("валюталық" санаты бойынша).

Бөлшек инвесторлар базасы үшінші жыл қатарынан қарқынды дамып келеді, биыл шоттардың жалпы саны 2,5 миллион данаға жуық

Жергілікті нарықта бөлшек инвесторлардың саны өсуде. ОД деректеріне сәйкес Қазақстанда 2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 2 445 000 шот, оның ішінде 696 000 қосалқы шот (693 000 жеке тұлға) және омнибус шоттар арқылы ашылған 1 749 000 жеке шот ашылды. Осылайша, 2024 жылдың 01 қаңтардағы жағдай бойынша инвесторлардың үлесі жұмыс күші санының шамамен 27 % құрайды.

9 сурет. Брокерлік шоттардың динамикасы



Дереккөз: KASE, ОД

2023 жылы шоттардың өсуі:

- "KEGOC" АҚ SPO жүргізумен;
- омнибус шоттарды ашу және пайдалану бойынша үрдістің өсуімен;
- жеке тұлғаны қашықтан сәйкестендіру есебінен брокерлік шот ашу процесінің жеңілдетілуімен және жаңа цифрлық брокерлік мобильді қосымшалардың пайда болуымен түсіндіріледі.

"KEGOC" АҚ SPO жергілікті бағалы қағаздар нарығының басты уақиғаларының бірі болды

"KEGOC" АҚ SPO шеңберінде KASE-де 18,7 млрд теңге сомаға 12 604 661 акция орналастырылды, бұл орналастырылған акциялардың барлық көлемінің 82 %-ын құрайды.

KASE-де "KEGOC" АҚ жай акцияларына жазылу барысында инвесторлардан жалпы сомасы 28,8 млрд теңгеге 37 445 өтінім келіп түсті. SPO шеңберінде орналастыру кезінде жай акцияның бағасы 1 482 теңгені құрады. KASE-де ұсынысқа сұраныс 127 %-ды құрады. Бұл ретте, қатысқан қосалқы шоттардың саны 6 мың құрады, KASE-де омнибус шоттары арқылы 19 мың инвестор өтінім берді. Инвесторлар құрылымында жеке тұлғалардың үлесіне 43,9 %, институционалдық инвесторлардың үлесіне – 24,3 %, банктердің үлесіне – 19,0 %, брокерлік және дилерлік ұйымдардың үлесіне – 7,0 %, өзге де заңды тұлғалардың үлесіне – 5,8 % тиесілі. Бейрезиденттер инвесторлардың жалпы санының 1,8 %-ын құрайды.


KASE сауда-саттық жүйесі арқылы жазылулар мен өтінімдер алымдары бойынша есеп айырысуларға Биржаның еншілес ұйымы – "KASE клиринг орталығы" АҚ кепілдік берді. Өтінімдерді жинау кезеңі ішінде KASE-нің 18 мүшесі өз клиенттерінің атынан өтінімдер берді.

2023 жылдың 28 қыркүйегінен 27 қазанына дейін KASE-де өткен "KEGOC" АҚ-ның жұмыс істеп тұрған акционерлері үшін басымдықпен сатып алу құқығы шеңберінде 3,9 млн. теңге көлеміндегі акциялар сатылды.

Орналастыру нәтижелері бойынша жеке тұлғалардың шоттарына 12,6 млрд теңге сомасына (KASE-де орналастыру көлемінің 67,6 %) қағаздар келіп түсті, институционалдық инвесторлар берген өтінімдердің қанағаттандырылған көлемі 4,4 млрд теңгені (23,4 %), заңды тұлғалар берген – 1,7 млрд теңгені (9,0 %) құрады.

SPO өткізілгеннен кейін 2023 жылдың 10 қарашасынан 29 желтоқсанына дейін KASE алаңында KEGOC акцияларының сауда-саттық көлемі 3,7 млрд теңгені құрады, бұл ретте осы кезеңде баға 1,2 %-ға төмендеді:

10 сурет. 2023 жылдың 10 қарашасынан 29 желтоқсанына дейін KEGOC акцияларының сауда-саттық бағасы мен көлемінің динамикасы



Дереккөз: KASE

Акциялар нарығы

Акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі жасалатын мәмілелер санының шамамен екі есе өсуі кезінде өсуде

2023 жылы акциялармен сауда-саттық көлемі 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 8,5 %-ға ұлғайып, 333,6 млрд теңгені құрады. Бұл ретте, 301,1 млрд теңге акциялардың қайталама нарығына тиесілі, онда 2023 жылы өсім "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ акцияларының қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемінің өсуі есебінен 78,3 %-ды құрады, ол бойынша IPO 2022 жылы және "KEGOC" АҚ акцияларының SPO-сын 2023 жылы өткізгеннен кейін орын алды.

Сонымен қатар, акциялар нарығында жасалатын мәмілелер санының ұлғаю үрдісі сақталуда. 2023 жылы акциялар нарығындағы мәмілелер саны 55,4 %-ға 802 250 дейін өсті. 2023 жылы орта есеппен күн сайын 3 261 мәміле жасалды, бір мәміленің орташа көлемі 416 мың теңгені құрады.

3 кесте. Акциялар нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көрсеткіштері


	2019 ж	2020 ж	2021 ж	2022 ж	2023 ж
Сауда-саттық көлемі, млрд теңге, оның ішінде:				307,3	333,6
- бастапқы нарық	203,6	238,4	422,8		
- қайталама нарық	0,0	3,5	0,9	138,4	32,5
Мәмілелер саны, дана	203,6	234,9	421,9	168,9	301,1
Бір күнгі мәмілелердің орташа саны, дана	103 222	195 687	452 284	516 318	802 250
Бір мәміленің орташа көлемі, мың теңге	420	795	1 846	2 107	3 261
	1 972	1 218	935	595	416

Дереккөз : KASE

Бұл тренд бөлшек инвесторлардың акциялар нарығындағы сауда-саттыққа қатысуының өсуімен түсіндіріледі. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде қайталама нарықта бөлшек инвесторлардың үлесіне акциялармен сауда-саттықтың брутто-айналымының 42,9 % тиесілі болды. Банкердің қатысуы 4,3 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың қатысуы 9,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың қатысуы 6,5 %-ға бағаланды, өзге заңды тұлғалардың үлесіне 36,4 % тиесілі болды.

2023 жылы қайталама нарықтағы шетелдік инвесторлардың үлесі жалпы брутто-айналым көлемінің 29,8 %-ға дейін ұлғайды. Бұл тренд тәуекел-тәбеттің өсуімен және әлемдік экономиканың қалпына келуі аясында дамушы нарықтардың экономикаларына қызығушылықтың тиісінше өсуімен байланысты.


11 сурет. 2023 жылғы инвесторлардың құрылымы*



* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда, қайталама нарықтағы акциялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан

Дереккөз: KASE

12 сурет. Жалпы брутто-айналымдағы бейрезиденттердің үлесі*, %




* акциялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан, мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының жайғасымы және тұрақты емес сипаттағы мәмілелер есептен алынып тасталды

Оң қаржылық нәтижелер, дивидендтік төлемдер және уран бағасының өсуі 2023 жыл ішінде KASE Индексінің өсу қозғалтқышы болды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша KASE Индексі 28,8 %-ға өсіп, 4 187,38 тармаққа жетті. 2023 жылдың 05 желтоқсанында KASE Индексі 4 251,24 тармақ деңгейінде тарихи максимумға жетті. Минималды мән 16 наурызда 3 243,13 тармақ деңгейінде тіркелді. 03 ақпаннан бастап KASE Индексі есептеу үшін акциялардың өкілеттік тізіміне "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ жай акциялары енгізілді.

2023 жылдың бірінші тоқсанында KASE Индексінің өсуі шамалы болды және 3,1 %-ды құрады. Екінші тоқсаннан бастап жылдық қаржылық есептердің шығуы және дивидендтік төлемдерді жариялау және жүзеге асыру аясында Индекс акцияларының тұрақты өсуі байқалады. Жыл қорытындысы бойынша KEGOC акцияларын қоспағанда, KASE Индексінің Өкілеттік тізімінің барлық акциялары оң динамиканы көрсетті. Ең жоғары өсімді қаржытех секторы мен энергетикалық сектордың, атап айтқанда "Банк ЦентрКредит" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ және Kaspi.kz АҚ акциялары көрсетті. KASE Индексі акцияларының өсуінің негізгі факторлары қаржылық есептерді жариялау, дивидендтік төлемдер, сондай-ақ әлемдік нарықтарда шикізат құнының өсуі болып табылады.

13 сурет. 13. KASE Индексінің құрамдас бөліктері



Дереккөз: KASE

2023 жылы "Банк ЦентрКредит" АҚ таза пайданы дивидендтер төлеуге бағыттамады. 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша Банктің таза пайдасы 103,6 млрд теңгені құрады. Банктің меншікті капиталы 2023 жылдың тоғыз айында бөлінбеген пайданың 44,7 %-ға өсуі есебінен 273,9 млрд теңгеден 381,8 млрд теңгеге дейін ұлғайды. S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі шілдеде Банктің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін "Тұрақты" болжамымен В+ тен ВВ- ке дейін көтерді. Сондай-ақ Moody's Investors Service рейтингтік агенттігі Банктің рейтингін Ва2-ден Ва3-ге дейін көтеріп, "Позитивті" болжамын сақтап қалды. Осы жағымды жаңалықтар аясында Банктің акцияларының бағасы бір жыл ішінде 52,7 %-ға өсті.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша 78,6 млрд теңге мөлшерінде таза пайда туралы есеп берді, ол түсімнің 134,2 млрд теңгеден 93,6 млрд теңгеге дейін төмендеуі есебінен 138,9 млрд теңгеден төмендеді. 25 мамырда акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 200,9 млрд теңге немесе бір акцияға 774,88 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. Moody's Investors Service рейтингтік агенттігі Компанияның рейтингін Ваа2 деңгейінде растады және болжамын "Тұрақты" деңгейінен "Позитивті" деңгейіне өзгертті. Нигердегі саяси дағдарыстан логистиканың және жеткізу тізбегінің бұзылуы салдарынан әлемдік тауар нарықтарында шикізат бағасының өсуі аясында жай акциялар 2023 жылы 43,4 %-ға өсті.

2023 жылдың 10 сәуірінде Kaspi.kz АҚ акционерлері Компанияның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеуді 2022 жылға бір акцияға 600 теңге мөлшерінде бекітті. 2023 жылдың 24 мамырында акционерлер 2023 жылдың бірінші тоқсандағы жай акциялар бойынша бір акция үшін 750 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. 23 тамызда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 2023 жылдың екінші тоқсанында жай акциялар бойынша бір акцияға 750 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. 20 қарашада Компания акционерлері 2023 жылдың үшінші тоқсанына бір акцияға 850 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. 2023 жылдың тоғыз айында Компанияның таза пайдасы 50 %-ға 400,6 млрд теңгеден 600,8 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Нәтижесінде 2023 жылы Kaspi.kz АҚ жай акциялары 37,4 %-ға өсті.

"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ таза пайдасы 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша 410,9 млрд теңгеден 537,3 млрд теңгеге дейін өсті. Бір акцияға шаққандағы пайда көрсеткіші 30,16 теңгеден 50,84 теңгеге дейін өсті.

2023 жылдың 25 мамырында 2022 жылдың қызмет қорытындылары бойынша Банк 276,9 млрд теңге немесе бір акцияға 25,38 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар бағасы 29,4 %-ға өсті.

2023 жылдың тоғыз айында "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ таза пайдасы 2022 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1 161,3 млрд теңгеден 949,0 млрд теңгеге дейін төмендеді. Төмендеу сатып алушылармен жасалған келісім-шарттар бойынша түсімнің 10 %-дан астам 6 087,4 млрд теңгеге дейін қысқаруы, бірлескен кәсіпорындардағы пайда үлесінің 27,4 %-ға 565,2 млрд теңгеге дейін төмендеуі есебінен болды. 2023 жылдың 19 мамырында Компанияның Директорлар кеңесі бір жай акцияға 491,71 теңге мөлшерінде 2022 жыл үшін дивидендтер төлеуге 300 млрд теңге бағыттауды ұсынды. Fitch Ratings рейтингтік агенттігі Компанияның рейтингін "тұрақты" болжамымен BBB деңгейіне көтерді. Moody's болжамды "тұрақты" деңгейден "позитивті" деңгейге көтеріп, Компанияның ұзақ мерзімді рейтингін Baa2 деңгейінде растады. S&P Global Ratings сондай-ақ болжамды "тұрақты" деп қайта қарап, Компанияның "BB+" деңгейіндегі рейтингін растады. Осының аясында 2023 жылдың басынан бастап Компанияның акциялары 22,4 %-ға 11 541,00 теңгеге дейін өсті, бұл ретте IPO бағасының өсуі 37,3 %-ды құрады.

"Қазақтелеком" АҚ 2023 жылдың тоғыз айындағы таза пайданың 2022 жылдың ұқсас кезеңіндегі 88,7 млрд теңгемен салыстырғанда 89,3 млрд теңгеге дейін өскені туралы есеп берді. 27 қазанда акционерлердің жалпы жиналысы 2022 жыл үшін дивидендтер төлеуге 33,4 млрд теңге немесе бір жай акцияға 3 038,36 теңге бағыттау туралы шешім қабылдады. Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бағасы 21,6 %-ға өсті.

"ҚазТрансОйл" АҚ акциялары 2023 жылы 17,8 %-ға өсті. Компания 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша 25,2-ден 33,3 млрд теңгеге дейін таза пайдаға қол жеткізді. 2023 жылдың 24 мамырында Компания акционерлерінің жалпы жиналысы дивидендтерді төлеуге 15,0 млрд теңге немесе бір жай акцияға 39,00 теңге бағыттау туралы шешім қабылдады. Fitch Ratings рейтингтік агенттігі Компанияның рейтингін "тұрақты" болжамымен "BBB"-тен "BBB"-ға дейін көтерді.

KASE Индексі компанияларының көпшілігінен ерекшеленіп, "Кселл" АҚ компанияның 2022 жылдың таза кірісін бөлмеу және жай акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша Компанияның таза пайдасы 2022 жылдың тоғыз айындағы 32,5 млрд теңгемен салыстырғанда, 23,6 млрд теңгеге дейін төмендеді. Осы уақиғаларға қарамастан, Компанияның акциялары ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша 13,3 %-ға 1 954,98 теңгеге дейін өсті.

"KEGOC" АҚ 2023 жылдың 9 айындағы таза пайданың 39 %-ға 28,6 млрд теңгеге дейін өскені туралы есеп берді. Компания 2022 жылдың екінші жартыжылдығында жай акциялар бойынша бір акцияға 50,59 теңге мөлшерінде дивидендтер төледі. Бұл ретте, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығына бір акцияға 50,59 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді ескере отырып, 2022 жылға төленген дивидендтердің жиынтық мөлшері 30,2 млрд теңгені немесе бір жай акцияға 65,44 теңгені құрады. 2023 жылдың 26 қыркүйегінде акционерлер акцияға 77,74 теңге мөлшерінде 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. Бір жылда акциялар 8,5 %-ға төмендеді. SPO шеңберінде қағаздарды орналастыру бағасы бір акция үшін 1 482 теңгені құрады. SPO өткізілгеннен кейін акциялар бір акция үшін 1 475-1 560 теңге ауқымында сатылды.


Корпоративтік облигациялар нарығы

Корпоративтік борыш нарығында орналастыру мен эмитенттер саны өсуін жалғастыруда

2023 жылы KASE-дегі корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі 12,1 %-ға немесе 301,5 млрд теңгеге төмендеп, 2,2 трлн теңгеге дейін азайды.

2023 жылдың тамызынан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатын жұмсарту фазасына көшті. Базалық мөлшерлеменің төмендеуінен кейін борыштық құралдарды орналастыру мөлшерлемелері де төмендеді. Корпоративтік облигацияларды нарықтық орналастыру бойынша кірістілік 2023 жылы теңгемен номинирленген 13,87-30,00 % және доллармен номинирленген жылдық 9,00-11,00 % ауқымында болды.

14 сурет. 2023 жылғы нарықтық орналастыру



Дереккөз: KASE, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қаңтар-ақпанда корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығы өткен жылдың максималды төмендеуінен кейін қалпына келді. Барлығы KASE-де 2023 жылы жалпы сомасы 1 522,4 млрд теңгеге 40 эмитенттің облигацияларының 79 шығарылымы орналастырылды, бұл 2022 жылғы орналастыру көлемінен 2,0 %-ға артық.

Борыштық капиталдың қайталама нарығында корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі 33 %-ға 664,9 млрд теңгеге дейін төмендеді. Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттықтың неғұрлым төмен көлемі бірінші тоқсанда байқалды, екінші тоқсаннан бастап қайталама нарықтағы сауда-саттықтың ай сайынғы көлемі шамамен 2 есе ұлғайды, дегенмен жылдық көлемі 2021 жылғы көрсеткішке жеткен жоқ.

Сонымен қатар, сауда-саттықтың жалпы көлемінің төмендеуіне қарамастан, 2023 жылы корпоративтік облигациялар нарығында жасалған мәмілелер саны 2022 жылғы осындай көрсеткіштен 2 еседен астам асып түсті және 44 235 дананы құрады. Елеулі өсім корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында жасалған мәмілелер санының 2,5 есе 40 952 данаға дейін өсуі есебінен болды. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 8,9 млрд теңгені (қайталама нарықта – 2,7 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 180 (қайталама нарықта – 166), бір мәміленің орташа көлемі – 49,4 млн теңгені (қайталама нарықта – 16,2 млн теңге) құрады.

4 кесте. Облигациялар нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көрсеткіштері


	2019	2020	2021	2022	2023
Сауда-саттық көлемі, млрд теңге, оның ішінде:					2 187,3
- бастапқы нарық	2 715,6	2 691,2	1 980,8	2 488,8	
- қайталама нарық	1 953,7	2 239,4	1 143,7	1 492,2	1 522,4
Мәмілелер саны, дана	761,9	451,8	837,0	996,7	664,9
- бастапқы нарық	2 704	3 203	8 839	18 481	44 235
- қайталама нарық	363	1 033	980	1 978	3 283
Бір күнгі мәмілелердің орташа саны, дана	2341	2 170	7 859	16 503	40 952
Бір мәміленің орташа көлемі, млн теңге	11	13	36	75	180
	1 004,3	840,2	224,1	134,7	49,4

Дереккөз: KASE

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 17,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 1,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 22,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 54,7 %, жеке тұлғалардың үлесі – 4,3 % құрады. Бейрезиденттердің қатысу үлесі 8,3 %-ды құрады.


Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 12,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 6,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 13,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 57,0 %, жеке тұлғалардың үлесі – 10,9 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі рекордтық 21,5 %-ды құрады.

15 сурет. 2023 жылғы инвесторлардың құрылымы*



* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда, қайталама нарықтағы корпоративтік облигациялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан

16 сурет. Жалпы брутто-айналымдағы бейрезиденттердің үлесі*, %



* корпоративтік облигациялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан, мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының жайғасымы есептен алып тасталды

Дереккөз: KASE

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

Мемлекеттік бағалы қағаздар секторында бастапқы және қайталама нарықтардағы сауда-саттық көлемі кезекті тарихи максимумға жетті

2023 жылы МБҚ-ның бастапқы және қайталама нарықтарындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі кезекті тарихи рекордты жаңартты және 2022 жылғы көрсеткіштен 33,5 % немесе 2,0 трлн теңгеге асып, 8,0 трлн теңгені құрады.

5 кесте. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көрсеткіштері

	2019	2020	2021	2022	2023
Сауда-саттық көлемі, млрд теңге, оның ішінде:					
- бастапқы нарық	1 823,7	4 650,7	3 575,9	6 004,3	8 013,0
- қайталама нарық	1 446,6	3 734,0	2 701,5	4 145,7	5 235,8
Мәмілелер саны, дана	377,1	916,8	874,4	1 858,7	2 777,2
- бастапқы нарық	887	1 859	2 557	3 420	5 344
- қайталама нарық	249	793	938	812	1 354
Бір күнгі мәмілелердің орташа саны, дана	638	1 066	1 619	2 608	3 990
Бір мәміленің орташа көлемі, млн теңге	7	8	10	14	22


Дереккөз: KASE

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 26,3 %-ға немесе 1 090,2 млрд теңгеге дейін өсіп, 5 235,8 млрд теңгеге жетті. Оның 139,6 млрд теңгесін 15 облыс, Алматы, Астана және Шымкент қалаларының әкімдіктері тартты. Қаржы министрлігі 1 жылдан 16 жылға дейін өтелгенге дейінгі мерзіммен 36 шығарылым орналастырып, жылдық орташа 11,50-17,78 % кірістілікпен 5 096,3 млрд теңге тартты.

Бастапқы нарықта өтеу мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейінгі міндеттемелердің үлесі 2022 жылдың басынан бастап 43 %-дан 18 %-ға дейін төмендеді. Өтеу мерзімі 5 жылдан 10 жылға дейін және 10 жылдан астам ұзақ мерзімді қағаздардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда тиісінше 11 %-дан 48 %-ға дейін және 5 %-дан 8 %-ға дейін өсті.

17 сурет. 2023 жылғы МБҚ кірістілігі және МБҚ кірістілігінің қисығы

2023 жылғы МБҚ кірістілігі және МБҚ кірістілік қисығы




Дереккөз: KASE, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


2023 жылы қайталама нарықта МБҚ сауда-саттық көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 49,4 %-ға ұлғайып, 2 777,2 млрд теңгені құрады. ҚР Қаржы министрлігінің облигацияларымен сауда-саттық көлемі 295 млрд теңгеге немесе 29 %-ға артты. ҚР Қаржы министрлігі еурооблигацияларының сауда-саттық көлемі 10 есеге жуық 8,5 млрд теңгеге дейін төмендеді. ҚРҰБ ноталарымен сауда-саттық көлемі 86 %-ға артып, 1 354,8 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемінің өсуі базалық мөлшерлеменің және борыштық капитал нарығы мөлшерлемесінің төмендеуі аясында нарыққа қатысушылардың белсенділігімен түсіндіріледі.

Қайталама нарықта өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша бөлінген өтеу мерзімі 5 жылдан 10 жылға дейін 16 %-дан 35 %-ға дейін және мерзімі 1 жылдан аз бағалы қағаздармен сауда-саттық үлесінің 32 %-дан 49 %-ға дейін ұлғаюы байқалады. Өтеу мерзімі 10 жылдан астам ұзақ мерзімді қағаздардың үлесі 21 %-дан 3 %-ға дейін, ал орта мерзімді 5 жылдан 10 жылға дейін - 20 %-дан 8 %-ға дейін қысқарды.

18 сурет. Өтеуге дейінгі мерзім бойынша бастапқы нарықта МБҚ орналастыру құрылымы, млрд теңге, %



19 сурет. KASE-дегі МБҚ қайталама нарығының құралдары бойынша көлемі, млрд теңге




Дереккөз: KASE


МБҚ бастапқы нарығындағы инвесторлардың құрылымы 2023 жылы айтарлықтай өзгерді. Институционалдық инвесторлардың үлесі 74,4 %-дан 40,7 %-ға дейін азайды, ал банктердің үлесі 14,5 %-дан 48,8 %-ға дейін өсті. Брокерлердің үлесі 1,6 %-ға дейін ұлғайды.

Қайталама нарықта инвесторлар құрылымында банктердің үлесі 39,9 %-дан 42,4 %-ға дейін, ал брокерлердің үлесі 3,0 %-дан 4,0 %-ға дейін ұлғайды. Бұл ретте институционалдық инвесторлардың үлесі 11,4 %-дан 7,3 %-ға дейін төмендеді.

20 сурет. 2023 жылғы бастапқы нарықтағы инвесторлардың құрылымы




21 сурет. 2023 жылғы қайталама нарықтағы инвесторлардың құрылымы




Дереккөз: KASE

Сатып алушылар жағындағы бейрезиденттердің қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 2,7 есе 376,2 млрд теңгеге дейін өсті. Бейрезиденттердің қайталама нарықтағы үлесі 6,9 %-дан 8,6 %-ға дейін өсті.

22 сурет. Бастапқы нарықтың брутто-айналымындағы бейрезиденттердің үлесі, %



23 сурет. Қайталама нарықтың брутто-айналымындағы бейрезиденттердің үлесі, %



Дереккөз: KASE


2023 жылдың 02 қазанынан бастап Қазақстан қор биржасы МБҚ нарығының біріктірілген индекстерін есептеуге және жариялауға кірісті.

МБҚ-ның біріктірілген индекстерінің жаңа сериясы мемлекеттік бағалы қағаздардың құны мен кірістілігінің өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттеусіз өзгеруін көрсетеді. МБҚ-ның біріктірілген индекстері Биржаның ресми тізіміне енгізілген, купонның тіркелген мөлшерлемесі бар, теңгемен номинирленген индекстелмеген МБҚ-ның қатарынан қалыптастырылады және МБҚ құнының өзгеруін, олардың кірістілігін көрсететін МБҚ шығарылымдарының көлемі бойынша сараланған ретінде есептеледі және мыналарды қамтиды:

- KZGB_CP – жинақталған және төленбеген купондық сыйақы ескерілмеген бағалар бойынша есептелетін МБҚ баға индексі;
- KZGB_DP – жиынтық кірістің баға индексі (есептелген купондық сыйақыны және қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып);
- KZGB_Y – кірістілік көрсеткіштері, жылдық пайызбен.

Осы индикаторлардың динамикасы 2023 жыл ішінде кірістіліктің төмендеуі мен МБҚ бағасының өсу үрдісін көрсетті.

24 сурет. МБҚ нарығының біріктірілген индекстерінің динамикасы, %



Дереккөз: KASE

KASE Global

KASE Global шетелдік бағалы қағаздар секторында сауда-саттық көлемі 41,7 %-ға 36,5 млрд теңгеге дейін өсті

2023 жылдың желтоқсанының аяғында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің 45 атаудағы акциялары және 11 ETF болды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша "KASE Global" секторында жалпы сомасы 36,5 млрд теңгеге 60 580 мәміле жасалды. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 148,6 млн. теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 246, бір мәміленің орташа көлемі – 603,3 мың теңгені құрады.

2023 жылы "KASE Global" секторындағы мәмілелердің ең көп саны мынадай акциялармен жасалды:

- Tesla (TSLA_KZ) – жалпы сомасы 1,6 млрд теңгеге 6 714 мәміле;
- Ford Motor Company (F_KZ) – жалпы сомасы 220,7 млн. теңгеге 6 017 мәміле;
- Intel Corporation (INTC_KZ) – жалпы сомасы 1,1 млрд теңгеге 5 135 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде брокер-дилерлердің үлесіне 36,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 0,1 %-дан аз, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 26,2 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 37,8 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,6 %-ды құрайды.

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары

2023 жылдың аяғында KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымының облигацияларының 60 шығарылымы болды: Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 27 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 16 шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының төрт шығарылымы және Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2023 жылы осы сектордағы сауда-саттық көлемі 2,7 есе немесе 210,1 млрд теңгеге ұлғайып, 337,1 млрд теңгені құрады. Мәмілелер саны 361-ден 473-ке дейін өсті.


Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторының бастапқы нарығында 2023 жылы жалпы сомасы 280,2 млрд теңгеге бес халықаралық қаржы ұйымының 13 шығарылымы орналастырылды, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 3,2 есе немесе 193,7 млрд теңгеге жоғары.

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 56,9 млрд теңгені құрап, өткен жылғы көрсеткіштен 40,5 %-ға немесе 16,4 млрд теңгеге артты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2023 жылы бастапқы нарықта банктердің үлесі 56,2 %-ды, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 4,8 %-ды, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 20,8 %-ды, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 18,0 %-ды және жеке тұлғалардың үлесі – 0,2 %-ды құрады. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-дан аз болды.


Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде қайталама нарықта 2023 жылы банктердің үлесіне 2,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 8,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 22,5 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 62,4 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 3,6 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 21,7 % деп бағаланады.

25 сурет. Өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша айналыстағы МҚҰ облигациялары борышының құрылымы*



* деректер 2024 жылдың 01 қаңтарына номиналды құны бойынша ұсынылған

26 сурет. 2023 жылдың қайталама нарықтағы инвесторлардың құрылымы*



* МҚҰ облигацияларымен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан, мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының жайғасымы есептен алып тасталды

Дереккөз: KASE

Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары

2024 жылдың 01 қаңтарында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компанияның және алты ETF басқаруындағы инвестициялық пай қорлары құралдарының 18-і болды.

2023 жылы аталған құралдармен сауда-саттық көлемі 61,3 %-ға немесе 2022 жылмен салыстырғанда 5,4 млрд теңгеге ұлғайып, 14,3 млрд теңгені құрады.

Сауда-саттықтың ең көп көлемі SSGA Funds Management, Inc. басқаратын SPDR


Bloomberg Barclays 1-3 Month T-Bill ETF және "Фридом Финанс" АҚ басқаратын "Fixed Income USD" АПИҚ-на тиесілі болды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 41,0 % жеке тұлғаларға, 15,6 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 7,3 % – басқа институционалдық инвесторларға, 36,1 % – өзге заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 8,3 %-ды құрады.

Ақша нарығы

2023 жылы ақша нарығындағы сауда-саттық көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 59,6 %-ға немесе 138,2 трлн теңгеге ұлғайып, 370,1 трлн теңгеге жетті. 2023 жылдың екінші жартысында қысқа мерзімді өтімділікке қажеттілік инфляция деңгейінің төмендеуі, макроэкономикалық көрсеткіштердің жақсаруы, ақша нарығындағы артық өтімділіктің артуы салдарынан төмендей бастады. Нәтижесінде 2023 жылдың тамызынан бастап ҚР Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені дәйекті түрде 16,75 %-дан 15,75 %-ға дейін төмендетті. Ақша нарығының мөлшерлемелері де 2023 жыл ішінде төмендегенін көрсетті. Мәмілелер көлемі арқылы бір жұмыс күніне ашылған USD/KZT валюталық своп операциялары және МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістілік мәнін білдіретін MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы бір жыл ішінде 266 б.т. жылдық 15,19 %-дан жылдық 17,85 %-ға дейін азайды.

27 сурет. Инфляция және пайыздық мөлшерлемелер



Дереккөз: KASE, stat.gov.kz

Репо операциялары

Репо операцияларының жиынтық көлемі 2023 жылы 306,6 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 103,9 трлн теңгеге немесе 51,3 %-ға артық.

Операциялардың орташа күнделікті көлемі 1 246,3 млрд теңгені құрады, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа саны – 1 185, бір мәміленің орташа көлемі – 1 051,6 млн теңге. Repo операцияларының құрылымында 78,9 % МБҚ-мен авторепо операциялары, 21,1 % – МеБҚ-мен авторепо, 0,02 % – МБҚ-мен тікелей репо, 0,002 % – МБҚ-мен тікелей репо болды. 2022 жылғы көрсеткіштен 5,1 млн теңгеге асып, 1,5 млрд теңгеге КҚС-мен 21 авторепо мәмілесі жасалды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша TONIA индикаторы 144 б.т.-ға, жылдық 17,63 %-дан 16,19 %-ға, TRION индикаторының мәні – 137 б.т.-ға, жылдық 17,56 %-дан 16,19 %-ға, TWINA индикаторының мәні – 154 б.т.-ға, жылдық 17,04 %-дан 15,50 %-ға дейін төмендеді. Ақша нарығының индикаторлары салық төлемдері кезеңінде маусымдық құбылмалылықты көрсете отырып, ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің төмендеуінен кейін төмендеді.

Репо мәмілелерінің құрылымында Орталық Контрагенттің қатысуымен жасалған операциялардың үлесі өсуін жалғастыруда. 2020 жылы ОК-мен репо мәмілелерінің үлесі 34,1 %-ды, 2021 жылы – 84,3 %-ды құрады, 2022 жылы ОК үлесі 93,9 %-ға дейін, 2023 жылы – 98 %-ға дейін өсті.

Орталық контрагент институтының дамуына қарай сауда-саттықтың бірте-бірте ұзағырақ мерзімдерде ұлғаюы байқалады. Дегенмен, мерзімі 7 күнге дейінгі репо мәмілелері репо мәмілелерінің негізгі үлесін құрайды. 2023 жылы 7 күннен 30 күнге дейінгі мерзімге репо мәмілелері 15,1 трлн теңге сомасына, 30 күннен 90 күнге дейінгі мерзімге 352 млрд теңгеге жасалды:

6 кесте. Repo нарығындағы мәмілелер 2019-2023 жылдардағы мерзімдер бойынша бөлінген


	2019	2020	2021	2022	2023
0 күннен 7 күнге дейін	70 839	85 331	135 872	192 696	291 116
7 күннен 30 күнге дейін	1 866	3 238	5 593	9 612	15 115
30 күннен 90 күнге дейін	2	0	167	245	352
Барлығы	72 707	88 569	141 631	202 553	306 583

Дереккөз: KASE

Валюталық своп операциялары

2023 жылы жасалатын своптар көлемінің өсу үрдісі жалғасты. 2023 жылы валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 2,2 есе немесе 34,3 трлн теңгеге, 2022 жылғы 29,2 трлн теңгеден 63,5 трлн теңгеге дейін өсті:

28 сурет. 2015-2023 жылдары репо-своп мәмілелері көлемінің өзгеруі, млрд теңге



Дереккөз: KASE

2023 жылы операциялардың орташа күндік көлемі 258,1 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 28, бір мәміленің орташа көлемі – 9,2 млрд теңгені құрады.

7 кесте. 2023 жылы құралдар бойынша бөлінген своп нарығындағы мәмілелер

Валюталық жұп	Құрал	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	25 144,7	54 682,2	39,6%
	USDKZT_0_002	37 234,2	81 509,7	58,6%
	USDKZT_0_01W	226,5	497,0	0,4%
	USDKZT_0_01M	101,0	220,2	0,2%
	USDKZT_0_03M	124,2	275,0	0,2%
	USDKZT_1_001	1,3	2,7	<0,1%
EUR/KZT	EURKZT_0_001	0,2	0,5	<0,1%
	EURKZT_1_001	2,0	4,1	<0,1%
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	43,6	8 589,5	0,1%
	RUBKZT_0_002	615,0	113 800,0	1,0%

Дереккөз: KASE

SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық свопының кірістілігі 2023 жыл ішінде 901 б.т.-ға, жылдық 18,62 %-дан жылдық 9,60 %-ға дейін азайды. SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своп кірістілігі 670 б.т.-ға, жылдық 18,68 %-дан жылдық 11,98 %-ға дейін төмендеді.

Шетелдік валюта нарығы

Биржа мүшелерінің белсенділігінің артуына байланысты валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі өсуде. Бұл ретте, USDKZT валюталық жұбының сауда-саттық үлесі EURUSD, USDCNY, EURCNY валюталық жұбымен тікелей конверсиялық

операциялардың көлемі ұлғайған кезде төмендейді. 2023 жылдың 06 наурызынан бастап валюта нарығында АҚШ доллары-қытай юаны және еуро-қытай юаны жұптарымен сауда-саттық басталды.


2023 жылы валюта нарығында сауда-саттық көлемі 29,7 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы мәннен 42,9 %-ға немесе 8,9 трлн теңгеге жоғары. USDKZT жұбының шетел валютасымен сауда-саттық үлесі жалпы көлемде 62,7 %-ға дейін төмендеді, бұл ретте валюта жұбымен сауда-саттық көлемі 25 %-ға 18,6 трлн теңгеге дейін өсті. RUBKZT жұбының үлесі 10,3 %-дан 7,1 %-ға дейін азайды. Осы валюта жұбының сауда-саттық көлемі 24,3 млрд теңгеге 2,1 трлн теңгеге дейін төмендеді. CNYKZT жұбының үлесі 1 %-ға дейін төмендеді, бұл ретте сауда-саттық көлемі жартысына 284,8 млрд теңгеге дейін төмендеді. EURKZT жұбының үлесі 0,9 %-дан 1,7 %-ға дейін өсті. Валюта жұбының сауда-саттық көлемі 492,8 млрд теңгеге жетіп, 2022 жылғы көрсеткіштен 2,7 есе артты.

Еуроның АҚШ долларына қатысты нығаюы аясында 2023 жылы сауда-саттық көлемінің 2 еседен астам 6,9 трлн теңгеге дейін өскені байқалады. EURUSD жұбының үлесі 14,2 %-дан 23,1 %-ға дейін ұлғайды.

2023 жылы сауда-саттық басталғаннан кейін USDCNY жұбының шетел валютасымен сауда-саттығының жалпы көлеміндегі сауда-саттығының үлесі 4,4 %-ды құрады, EURCNY сауда-саттығының үлесі – 0,1 %-дан кем болды. Осы валюта жұбы бойынша сауда-саттық көлемі тиісінше 1,3 трлн теңгені және 50 млн теңгені құрады.

29 сурет. Шетел валютасымен сауда-саттық көлемі, млрд теңге

2023 жылы сауда-саттық көлемінде биржалық нарықтың құрылымы. Көлемі млн валюта бірлігімен



Ескертпе: үлестер сауда-саттық көлемінен KZT-мен есептелді

Дереккөз: KASE

2023 жылы шетел валютасы нарығындағы құралдар саны 2022 жылғы мәннен 36 %-ға асып, 466,4 млрд валюта бірлігіне жетті. Жалпы көлемнен 2023 жылы сатып алынған доллар саны 40,8 млрд бірлікті, рубль – 403,3 млрд бірлікті, юань – 4,4 млрд бірлікті, еуро – 1,0 млрд бірлікті құрады. Долларға сатып алынған еуро бірліктерінің саны 13,9 млрд бірлікті құрады. Юаньға сатып алынған доллар бірліктерінің саны 2,9 млрд бірлікті құрады. Юанға сатып алынған еуро бірліктерінің саны 100 мың бірлікті құрады.

Деривативтер нарығы

Биржалық нарықтың осы секторында саудаға АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына жеткізілімсіз фьючерстер, ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамы, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акциялары, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциялары және KASE Индексі қолжетімді.

2023 жылы ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамына 29,4 млрд теңге сомасына фьючерстермен 15 мәміле жасалды. 2023 жылы деривативтермен сауда-саттық көлемі 2022 жылғы осындай көрсеткіштен 3,7 есе асып түсті. 2023 жылы мәмілелер саны өткен жылмен салыстырғанда үш есеге өсті. Басқа базалық активтерге (АҚШ доллары, KASE Индексі, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ және "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциялары) мәмілелер жасалған жоқ.

Операциялық және қаржылық нәтижелер

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша KASE активтері 2023 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке сәйкес 3 208,4 млрд теңгені құрады. Ақша және оның баламалары 185,6 млрд теңгені, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері – 66,7 млрд теңгені, "кері РЕПО" операциялары – 72,0 млрд теңгені құрады.

Міндеттемелер мен капитал


KASE міндеттемелерінің мөлшері аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке сәйкес 2023 жылы 3 163,2 млрд теңгені құрады, оның ішінде 91 % немесе 2 877,6 млрд теңгені орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелері құрайды, 10 % немесе 284,2 млрд теңгені орталық контрагент ретінде KASE шоттарында орналастырылған клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналары мен қамтамасыз етілуі құрайды.

Есептік жылы меншікті капитал негізінен бөлінбеген пайда (36,9 млрд теңге) есебінен 45,2 млрд теңгеге жетті. KASE жарғылық капиталының мөлшері

2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша 4,2 млрд теңгені құрады және өткен жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

Клирингілік сақтық қорлар 2023 жылдың қорытындысы бойынша 3,9 млрд теңгені құрады және өткен жылмен салыстырғанда 0,7 млрд теңгеге немесе 22 %-ға ұлғайды. Негізгі құралдарды қайта бағалауға сақтық қорлар 0,2 млрд теңгені құрады.

30 сурет. Табыстылықтың түйінді көрсеткіштері



Дереккөз: KASE

Кірістер

KASE операциялық кірістері аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке сәйкес 2023 жылы 27,4 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың нәтижесінен 15,4 млрд теңгеге немесе 129 %-ға жоғары. Комиссиялық кірістер 2,4 млрд теңгеге немесе 42 %-ға ұлғайып, 8,1 млрд теңгені құрады. Пайыздық кіріс 12,8 млрд теңгеге немесе 199 %-ға өсіп, 19,2 млрд теңгені құрады.

Комиссиялық кірістер құрылымында неғұрлым көп үлесті клирингілік алымдар (41 %), операциялар жүргізу үшін комиссиялық алымдар бойынша кірістер (37 %), листингілік алымдар (11 %) алады, сондай-ақ ең аз үлесті мүшелік жарналар бойынша кірістер (4 %), ақпараттық қызметтер көрсетуден түскен кірістер (3 %) және қашықтан қол жеткізу қызметтерін көрсетуден түсетін кірістер (3 %) алады.


Биржаның операцияларды жүргізгені үшін комиссиялық алымдары 0,9 млрд теңгеге немесе 44 %-ға ұлғайып, 3,0 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен

салыстырғанда комиссиялық алымдардың ұлғаюы барлық нарықтардағы саудасаттық көлемінің өсуінің арқасында болды.

Биржаның листингілік алымдары 2023 жылы 0,1 млрд теңгеге немесе 17 %-ға артып, 0,9 млрд теңгеге жетті.

Биржаның клирингілік алымдары 1,2 млрд теңгеге немесе 58 %-ға артып, 3,4 млрд теңгені құрады. Мүшелік жарналар бойынша кірістер 0,04 млрд теңгеге немесе 2022 жылмен салыстырғанда 12 %-ға өсіп, 0,35 млрд теңгені құрады. Ақпараттық қызмет көрсетуден түскен кіріс 2022 жылмен салыстырғанда 0,01 млрд теңгеге немесе 3,61 %-ға артып, 0,26 млрд теңгені құрады.

31 сурет. Негізгі қызметтер бөлінісіндегі кірістердің құрылымы



Дереккөз: KASE

Шығыстар

KASE шығыстары аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке сәйкес 2023 жылы 6,1 млрд теңгені құрады және өткен жылмен салыстырғанда 2,1 млрд теңгеге немесе 52 %-ға өсті. KASE шығыстарының құрылымында ең көп үлесті персоналға арналған шығыстар (58 %), тозу және амортизация (9 %) және негізгі құралдар мен MEA-ға техникалық қызмет көрсету (7 %) алады. Персоналға жұмсалатын шығыстардың өсуі штат санының ұлғаюымен байланысты.

Операциялық қызметтің нәтижелері

2023 жылдың қорытындысы бойынша KASE таза пайдасы 11,7 млрд теңгеге ұлғайып, 18,5 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың нәтижесінен 172 %-ға жоғары. EBITDA 162 %-ға ұлғайып, 21,9 млрд теңгені құрады. Биржаның операциялық кірісі 129 %-ға ұлғайды, операциялық шығыстар 52 %-ға ұлғайды, операциялық маржа бір жыл бұрынғы 66,6 %-ға қарағанда 2023 жылы 77,9 %-ға ұлғайды. Таза пайда маржасы бір жыл бұрынғы 57,1 %-ға қарағанда 2023 жылы 67,6 %-ға дейін өсті.

Капиталдың табыстылығы (ROE) 2023 жылдың қорытындысы бойынша есептік жылы таза пайданың ұлғаюы есебінен 29,4 %-дан 51,4 %-ға дейін ұлғайды. Активтердің табыстылығы (ROA) орталық контрагентпен байланысты активтердің едәуір төмендеуі және таза пайданың ұлғаюы нәтижесінде 0,08 %-дан 0,24 %-ға дейін ұлғайды.

Корпоративтік есеп

Корпоративтік басқару

КASE акционерлері туралы ақпарат

2024 жылдың 01 қаңтарында Биржаның жарияланған жай акцияларының жалпы саны бес миллион дананы құрады, оның ішінде 1 075 231 жай акция орналастырылды, олардың акционерлері 66 тұлға болып табылады, оның ішінде банктер, брокерлік және сақтандыру ұйымдары, бөлшек инвесторлар – жеке тұлғалар бар, Ұлттық Банкке Биржаның орналастырылған жай акцияларының жалпы санының 46,99 % үлесі тиесілі болды.

КASE акционерлерінің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы Биржаның жоғары басқару органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және Биржаның жарғысында анықталған.

Директорлар кеңесі Биржаның басқару органы болып табылады, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және/немесе Биржаның жарғысымен Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2021 жылдың мамырында акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесінің он адамнан тұратын сандық құрамы анықталды, оның ішінде:

- Директорлар кеңесінің сайланбайтын үш мүшесі – "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 84 бабы 4 тармағының негізінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өкілі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілі, сондай-ақ Биржа Жарғысының 17 бабы 3 тармағының 2) тармақшасының негізінде Биржа Басқармасының Төрағасы (лауазымы бойынша)
- Биржа акционерлері мүдделерінің төрт өкілі;

- Биржаның үш тәуелсіз директоры.

Осы шешіммен мыналар анықталды:

- Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелерінің өкілеттік мерзімі олар сайланған күннен басталады және Биржаның 2023 жыл үшін жылдық қаржылық есеп берушілігін қарауға арналатын Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады;
- Биржаның акционерлері мүдделерінің өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері болып – Е. С. Әбдіразақов, А. В. Дронин, И. Л. Марич, Е. И. Салимов және Биржаның тәуелсіз директорлары болып – Я. Виллемс, И. Дорон, А. Р. Елемесов сайланды.

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE Директорлар кеңесінің құрамы:

Ұлттық Банктің және уәкілетті органның өкілдері "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының негізінде:

- **Молдабекова Әлия Мейірбекқызы** (Директорлар кеңесінің Төрағасы) – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;
- **Хаджиева Мария Жамаловна** – Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары;


атқарушы органның басшысы Биржа жарғысының негізінде:

- **Алдамберген Алина Өтемісқызы** – KASE Басқарма төрайымы;

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы заңының негізінде басқару органының сайланатын мүшелері:

- **Әбдіразақов Елдар Советұлы** – "Сентрас Секьюритиз" АҚ; "Сентрас Иншуранс" сақтандыру компаниясы" АҚ, "Коммекс-Өмір" сақтандыру компаниясы" АҚ, "Сентрас Коммекс Life" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- **Дронин Александр Владимирович** – сақтандыру, инвестициялық және қаржы-техникалық сектордағы түрлі жобалардағы тәуелсіз стратегиялық кеңес беруші;
- **Елемесов Асқар Раушанұлы** – KASE тәуелсіз директоры;

- **Израиль Дорон** – KASE тәуелсіз директоры;
- **Марич Игорь Леонидович** – "Московская Биржа" тобының өкілі;
- **Сәлімов Ертай Исмаилұлы** – "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- **Ян Виллемс** – KASE тәуелсіз директоры.



2023 жылы Директорлар кеңесінің отырысы тұрақты түрде күндізгі және сырттай форматта өткізілді.

Есептік кезеңде Директорлар кеңесі Биржа қызметінің оның құзыретіне жататын стратегиялық және ағымдағы мәселелерін қарады. Директорлар кеңесінің 12 отырысы және 24 сырттай дауыс беру өткізілді.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Биржаның Директорлар кеңесінің мынадай комитеттері мен комиссиялары жұмыс істейді:

- Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті;
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті;

- Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листингтік комиссиясының құрамына қойылатын талаптарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылдың 19 желтоқсанындағы № 249 қаулысымен бекітілген Қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру ережелеріне сәйкес Биржада:

- Листингтік комиссия;
- Директорлар кеңесінің Эмитенттер аудиті жөніндегі комитеті жұмыс істейді.

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру процесінде туындайтын даулар мен жанжалдарды шешу тәртібіне сәйкес Даулар мен жанжалдарды шешу жөніндегі комиссия жұмыс істейді.

Директорлар кеңесі комитеттерін және Биржа комиссияларын қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ олардың құзыреті, функциялары, сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Биржаның ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

2023 жылы:

- Биржа Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің 13 отырысы;
- Биржаның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 11 отырысы;
- Биржаның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің 13 отырысы;
- Листинг комиссиясының 9 отырысы, сондай-ақ осы комиссияның 31 сырттай дауыс беруі;
- Директорлар кеңесінің Эмитенттердің аудиті жөніндегі комитетінің 5 отырысы өткізілді.

Биржа Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің құрамында сарапшылар ретінде Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігінің және инвестициялық компанияның, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдері болды.

Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асыру кезінде Биржаның Корпоративтік басқару кодексінде, Биржаның Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы қағидада көзделген мақсаттарды, міндеттерді басшылыққа алады және Биржа қызметінің оң нәтижелеріне қол жеткізу үшін өзінің функционалдық міндеттерін сақтайды.

Биржа Басқармасы

Басқарма Биржаның алқалы атқарушы органы болып табылады және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Биржа жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының және/немесе Биржаның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

2023 жылдың 29 маусымында Қазақстан қор биржасының Директорлар кеңесінің шешімімен KASE Басқармасының мынадай мүшелерінің өкілеттік мерзімі 2026 жылдың 01 шілдесіне дейін ұзартылды:

- А.Ө. Алдамберген, Басқарма Төрайымы;
- Е.Б. Мажекенов, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Ж.Н. Саржаков, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Н.Ю. Хорошевская, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- А.Ю. Цалюк, Басқарма Төрағасының орынбасары.

2023 жылдың 08 тамызынан бастап Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Биржа Басқармасының құрамында мынадай өзгерістер болды:

- Басқарма Төрағасының орынбасары Н.Ю. Хорошевская басқа жұмысқа ауысуына байланысты Басқарма құрамынан шығарылды;
- Бұрын KASE Ақпарат және статистика департаментінің директоры қызметін атқарған KASE басқарушы директоры Д.М. Аманжолова Басқарма мүшесі болып сайланды. Д.М. Аманжолованың өкілеттік мерзімі тұтастай алғанда

Басқарманың өкілеттік мерзіміне ұқсас – 2026 жылдың 01 шілдесіне дейін белгіленді.

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE басқармасы Бес адамнан тұрды:

- **А.Ө. Алдамберген, Басқарма Төрайымы;**
- **Д.М. Аманжолова, басқарушы директор – Басқарма мүшесі;**
- **Е.Б. Мажекенов, Басқарма Төрағасының орынбасары;**
- **Ж.Н. Саржаков, Басқарма Төрағасының орынбасары;**
- **А.Ю. Цалюк, Басқарма Төрағасының орынбасары.**



2024 жылы KASE Басқармасының құрамына Директорлар кеңесінің шешімдерімен мынадай өзгерістер енгізілді (есепті күннен кейінгі уақиғалар):

- 2024 жылдың 13 қаңтарынан бастап KASE Басқарма Төрағасының орынбасары А.Ю. Цалюктің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;

- Басқарма Төрағасының орынбасары қызметіне KASE басқарушы директоры – Басқарма мүшесі Д.М.Аманжолова 2024 жылдың 22 қаңтарынан бастап тағайындалды
- 2024 жылдың 22 қаңтарынан бастап IT жөніндегі басқарушы директор Е.М. Қуанышбеков Басқарма мүшесі болып сайланды.

Биржаның сыйақылары туралы ақпарат

Биржаның Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелеріне сыйақылар мен шығыстар өтемақысын төлеу олармен жасалатын келісім-шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Көрсетілген басшы жұмыскерлердің сыйлық сыйақысының мөлшерін Директорлар кеңесінің мүшелеріне қатысты акционерлердің жалпы жиналысы және Басқарма мүшелеріне қатысты Директорлар кеңесі Биржаның тиісті қаржы жылындағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қарай анықтайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Биржа жарғысына және Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес:

- Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақысы Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен анықталады;
- Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің жылдық сыйлық сыйақысының мөлшері сыйақы беру жүзеге асырылатын жылдың барлық айлары үшін Директорлар кеңесінің осы мүшесіне төленген ай сайынғы сыйақының жалпы сомасының 85 %-ынан аспауы тиіс;
- есептік қаржы жылында Директорлар кеңесі отырыстарының, Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс берулерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің осы мүшелері мүшесі болып табылатын Биржаның өзге де тұрақты жұмыс істейтін комитеттері мен комиссияларының отырыстарының 50 %-нан кеміне қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелеріне жылдық сыйақы төленбейді.

2023 жыл ішінде Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне елу төрт миллион сегіз жүз елу сегіз мың он бес теңге (54 858 015 теңге) төленді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдері болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыйақы ала алмайтын тұлғаларға жататын Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне:

- "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 84 бабы 4 тармағының және Биржа жарғысының 17 бабы 3 тармағының 1) тармақшасының негізінде Директорлар кеңесінің құрамына кіретін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігінің өкілдеріне;
- Биржа жарғысының 17 бабы 3-тармағының 2) тармақшасы негізінде лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің құрамына кіретін Биржа Басқармасының Төрағасына сыйақы белгіленбейді және төленбейді.

Биржа Басқармасының мүшелеріне сыйақы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Биржа жарғысына және Басқарма туралы қағидаға сәйкес:

- Басқарма мүшесінің лауазымдық жалақысының ай сайынғы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;
- Басқарма мен Биржа қызметінің есептік жылдағы нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі есептік жыл үшін Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлық сыйақысының мөлшерін белгілеу туралы шешім қабылдайды;
- Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлық сыйақысының мөлшері есептік жыл ішінде Басқарманың әрбір мүшесінің жұмысын бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;
- Директорлар кеңесі Басқарма мүшесіне біржолғы төлем туралы шешім қабылдай алады.

2023 жыл ішінде Биржа Басқармасының мүшелеріне үш жүз он сегіз миллион екі жүз отыз мың жетпіс үш теңге 36 тиын (318 230 073,36 теңге) төленді.

КАСС акционерлері туралы ақпарат

2024 жылдың 01 қаңтарында Клиринг орталығының жарияланған жай акцияларының жалпы саны төрт жүз мыңды құрады, оның ішінде 55 жай акция

орналастырылды. Клиринг орталығының жалғыз акционері "Қазақстан қор биржасы" АҚ болып табылады.

КАСС акционерлерінің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы Клиринг орталығының жоғары басқару органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және Клиринг орталығының Жарғысында анықталған.

Директорлар кеңесі Клиринг орталығының басқару органы болып табылады, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және/немесе Клиринг орталығының Жарғысымен Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Клиринг орталығының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2022 жылдың қарашасында Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен Директорлар кеңесінің үш адамнан тұратын сандық құрамы анықталды.

Осы шешіммен мыналар анықталды:

- Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелерінің өкілеттік мерзімі олардың сайланған күнінен басталады және Клиринг орталығының 2025 жыл үшін жылдық қаржылық есеп берушілігін қарауға арналатын Клиринг орталығы акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады;
- жалғыз акционердің өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері болып А.Ө. Алдамберген, Ж.Н. Саржаков және Клиринг орталығының тәуелсіз директоры болып М.Ж. Ташметов сайланды.

2023 жылдың сәуірде Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің құрамы өзгертілді, атап айтқанда:

- Ж.Н. Саржаковтың Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Н.Ю. Хорошевская Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі (жалғыз акционердің өкілі) болып сайланды.

2023 жылдың қазанында Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің құрамы өзгертілді, атап айтқанда:

- Н.Ю. Хорошевскаяның Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған;
- Ж.Н. Саржаков Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі (жалғыз акционердің өкілі) болып сайланды.

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы:

- **Алина Өтемісқызы Алдамберген** (Директорлар кеңесінің төрағасы) – Биржа Басқармасының Төрайымы, жалғыз акционердің өкілі;
- **Жайнар Наурзбаевич Саржақов** – Биржа Басқармасы Төрағасының орынбасары, жалғыз акционердің өкілі;
- **Мирлан Жапарбекұлы Ташметов** - (Директорлар кеңесінің мүшесі – Клиринг орталығының тәуелсіз директоры).



2024 жылдың 07 ақпанында KASE Директорлар кеңесінің шешімімен КАСС Директорлар кеңесінің сандық құрамы сегіз адам болып анықталды (есепті күннен кейінгі уақиғалар). КАСС Директорлар кеңесінің құрамына мынадай мүшелер қосымша сайланды:

- Е.И. Салимов, И.В. Сердюк – КАСС жалғыз акционері мүдделерінің өкілдері;
- Ш.Р. Айнабаева, К.К. Дамитов – Директорлар кеңесінің мүшелері, тәуелсіз директорлар;
- Н.Ю. Хорошевская – КАСС Басқармасының Төрайымы.

Клиринг орталығының Директорлар кеңесі комитеттері мен комиссияларын қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ олардың құзыреті, функциялары, сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Клиринг орталығының ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

2023 жылы:

- Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар, әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 9 отырысы;
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің 7 отырысы өткізілді.

Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асыру кезінде Клиринг орталығының Корпоративтік басқару кодексінде, Клиринг орталығының Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы қағидада көзделген мақсаттарды, міндеттерді басшылыққа алады және Клиринг орталығы қызметінің оң нәтижелеріне қол жеткізу үшін өзінің функционалдық міндеттерін сақтайды.

Клиринг орталығының басқармасы

Басқарма КАСС алқалы атқарушы органы болып табылады және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және Клиринг орталығының жарғысымен Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының және/немесе Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Клиринг орталығының ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

2023 жыл ішінде Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес КАСС Басқармасының құрамында мынадай өзгерістер болды:

- 2023 жылдың 26 сәуірінен бастап Басқарма құрамынан Е.С. Сыздықов пен А.В. Ли шығарылды, көрсетілген күннен бастап Ж.Н. Саржаков Басқарма Төрағасының орынбасары болып сайланды;
- 2023 жылдың 08 тамызынан бастап Н.Ю. Хорошевская үш жылдық өкілеттік мерзімімен КАСС Басқарма Төрайымы болып және И.М. Сабитов КАСС Төрағасының орынбасары болып сайланды, көрсетілген күннен бастап КАСС Басқармасының құрамынан Ж.Н. Саржаков шығарылды.

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Басқарма құрамы:

- **Н.Ю. Хорошевская**, Басқарма Төрайымы;
- **И.М. Сабитов**, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- **Е.В. Студенина**, Басқарма Төрағасының орынбасары.



КАСС Директорлар кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 03 қаңтарынан бастап А.В. Ли КАСС Басқармасының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі өкілеттік мерзімімен КАСС Басқармасы Төрағасының орынбасары болып сайланды (есепті күннен кейінгі уақиғалар).

Клиринг орталығының сыйақылары туралы ақпарат

Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне сыйақылар мен шығыстар өтемақыларын төлеу олармен жасалатын келісім-шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Көрсетілген басшы жұмыскерлерге сыйақы мөлшерін Директорлар кеңесінің мүшелеріне қатысты Клиринг орталығының жалғыз акционерінің және тиісті қаржы жылындағы Клиринг орталығының қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты Басқарма мүшелеріне қатысты Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Клиринг орталығының Жарғысына және Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес:

- Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақысы Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен анықталады;
- Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің жылдық сыйақысының мөлшері сыйлықақы беру жүзеге асырылатын жылдың барлық айлары үшін Директорлар кеңесінің осы мүшесіне төленген ай сайынғы сыйақының жалпы сомасының 85 %-ынан аспауы тиіс;
- есептік қаржы жылында Директорлар кеңесі отырыстарының, Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс берулерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің осы мүшелері мүшесі болып табылатын Клиринг орталығының өзге де тұрақты жұмыс істейтін комитеттері мен

комиссияларының отырыстарының 50 %-нан кеміне қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелеріне жылдық сыйақы төленбейді.

2023 жыл ішінде Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директорына екі миллион екі жүз мың теңге (2 200 000 теңге) төленді.

Клиринг орталығының Басқарма мүшелеріне сыйақы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Клиринг орталығының жарғысына және Басқарма туралы қағидаға сәйкес:

- Басқарма мүшесінің лауазымдық айлықақысының ай сайынғы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;
- Басқарма мен Биржаның есептік жылдағы қызметінің нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің есептік жылдағы жылдық сыйлықақы сыйақысының мөлшерін белгілеу туралы шешім қабылдайды;
- Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлықақы сыйақысының мөлшері есептік жыл ішіндегі Басқарманың әрбір мүшесінің жұмысын бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;
- Директорлар кеңесі Басқарма мүшесіне біржолғы төлем туралы шешім қабылдай алады.

2023 жыл ішінде Клиринг орталығы Басқармасының мүшелеріне қырық бір миллион тоғыз жүз алпыс екі мың жеті жүз жетпіс тоғыз теңге отыз екі тиын (41 962 779,32 тиын) төленді.

Корпоративтік жауапкершілік және кадрларды басқару

KASE Тобының жетістіктері – біздің команданың еңбегі. Талантты қызметкерлерді тарту және ұстап тұру KASE мен KACC-тің басты міндеттерінің бірі. KASE Тобы лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге жауапты:

- 1) бәсекеге қабілетті жалақы төленеді;
- 2) кәсіптік даму үшін мүмкіндіктер беріледі;
- 3) өзара сенім мен құрметке, ашықтық пен адалдыққа, тұрақты даму мен инновацияларға негізделген корпоративтік мәдениет қолдау табады.

KASE Биржалық Тобының командасы компаниялардың дамуына зор үлес қосты. Әрбір қызметкер жалпы іске өзінің қайталанбас үлесін қосады. Компания еңбегінің, адалдығының және кәсібилігінің арқасында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді және биржалық индустрияда көшбасшы болды.

KASE және KACC өздерінің еңбек қатынастарын мынадай қағидаттарға негіздейді: жұмыскерлердің жалпыға бірдей танылған еңбек құқықтарын сақтау, тең мүмкіндіктер беру және жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, оқуға қол жеткізу, қызмет бабында жоғарылау кезеңдерінде кемсітушілікті, сондай-ақ жынысы, нәсілі, тілі, діни нанымы, саяси нанымы, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі және дене бітімінің кемістігі сияқты өлшемдер негізінде жұмыстан босатуды болдырмау, сондай-ақ әділ еңбекақы төлеуді қамтамасыз ету.

Корпоративтік құндылықтар

KASE Тобының биржалық нарықты дамыту үшін стратегиялық маңызды жобаларды іске асыратын кәсіпқойлардың үлкен командасы ретінде жұмыс істеуінің түйінді элементі ағымдағы міндеттер мен мақсаттарға сәйкес келетін корпоративтік құндылықтардың болуы болып табылады.

KASE Тобының корпоративтік құндылықтары – бұл инновациялар, жауапкершілік, ашықтық және қамқорлық.

Біз өзіміздің серіктестерімізбен, клиенттерімізбен және бір-бірімізбен инновациялар мен орнықты даму қағидаттарында ортақ игілік үшін жұмыс істейміз, өзгерістерге үнемі бейімделіп, ашықтық пен ашықтық қағидаттарын басшылыққа аламыз. Біз өз шешімдеріміз үшін жауапкершілікте боламыз, өз командаларымыздың кәсібилігін және қызметтеріміздің сапасын қамтамасыз етеміз, еліміздің, клиенттеріміздің және қызметкерлеріміздің болашағын ескереміз және даму үшін жағдай жасаймыз.

Мерейтой жылы құндылықты дамыту бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілді. Корпоративтік құндылықтар қор нарығын дамыту, жаңа технологияларды, өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді енгізу, қазіргі заманғы ахуалға әсер ететін қолданыстағы сервистер мен технологияларды жетілдіру және нарықтың барлық қатысушыларының тұрақтылыққа қол жеткізуіне жәрдемдесу үшін бизнес пен команданы біріктіруге ұмтылысты білдіреді.

Алдын ала бекітілген тәсілге сүйене отырып, Биржа командасы 2023 жылы серіктестерінің ішінен корпоративтік құндылықтарды тасымалдаушыларды таңдады – KASE қызметкерлері корпоративтік құндылықтардың негізгі шарттарына неғұрлым толық жауап беретін жеке қасиеттерін көрсетеді: ашықтық, инновациялылық, жауапкершілік және басқаларға қамқорлық.

Корпоративтік мәдениетті дамыту

HR-саясаттың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі KASE Тобының корпоративтік мәдениетін қалыптастыру және дамыту болып табылады, ол тиімді жұмыс үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға, ұжымның командалық рухын және компаниялар Тобының алға қойған мақсаттары мен міндеттеріне жұмыскерлердің адалдығын қолдауға ықпал ететін негіз қалаушы құндылықтар мен стандарттар жүйесін білдіреді.

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мақсатында KASE және KACC қызметкерлері үшін әртүрлі корпоративтік іс-шаралар өткізіледі және мынадай құралдар қолданылады:

- жетістікті растау – грамоталар мен алғыс хаттар;
- ұжымды біріктіру және корпоративтік құндылықтарды дамыту;
- уәждеме – ұжымда қолайлы жұмыс көңіл-күйін қалыптастыру;
- жұмыскерлердің қанағаттануын және хабардар болуын арттыру.

Ішкі коммуникациялар бойынша басты фокустардың қатарына мыналарды жатқызуға болады.

Жұмыскерлерді уақтылы және толық ақпараттандыру (тұрақты негізде Townhalls арқылы ақпараттандыру, электрондық пошта, әлеуметтік желілер және т.б. арқылы хабарларды жіберу жүзеге асырылады).

Жұмыскерлер арасында коммуникативтік және команда құрушы байланыстарды дамыту (тимбилдинг өткізу, қонақ дәрістер өткізу, жаңадан келгендермен кездесу, тартымдылыққа сауалнама жүргізу, құндылықтарды тасымалдаушыларды таңдау және корпоративтік мерекелер).

2023 жылы KASE Биржалық Тобын дамытуға қосқан елеулі үлесі және KASE мен KACC аса маңызды жұмыстары мен жобалары үшін жұмыскерлер марапатталды:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының Алғысымен Биржаның 1 жұмыскері марапатталды;
- Қазақстан ұлттық валютасының 30 жылдығына орай "Еңбегі үшін" медалімен Биржаның 14 жұмыскері марапатталды;
- "Теңгеге 30 жыл" мерейтойлық медалімен Биржаның 20 жұмыскері марапатталды;
- "Қазақстандық капитал нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" KASE марапаттау стелласымен 10 жұмыскер марапатталды;
- "KASE биржалық нарықтарын дамытуға қосқан үлесі үшін" KASE марапаттық плакеткасымен 73 жұмыскер марапатталды;
- KASE-нің "KASE биржалық нарықтарында өтімділікті арттыру", "ОК негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде дамыту", "Инновацияларды енгізу және технологиялық жаңғырту", "Стейкхолдерлер үшін құндылықтарды арттыру" жобаларын іске асырғаны үшін 90-нан астам жұмыскер алғыс грамоталармен марапатталды.

KASE Биржалық Тобының корпоративтік мәдениетін дамытуды қамтамасыз ету үшін мынадай корпоративтік іс-шаралар ұйымдастырылды:

- тоқсан қорытындыларын жария ететін таунхолдар, олар офлайн және онлайн форматында аралас түрде өтеді;
- жаңадан қабылданған жұмыскерлердің ұжымға жаңадан қабылданғандарды ықпалдастыруға бағытталған Биржа Басқармасының Төрағасымен тоқсан сайынғы кездесу-танысулары.

KASE-нің 30 жылдығын мерекелеу шеңберінде KASE Тобы қызметкерлерінің қатысуымен бірқатар іс-шаралар өтті, оның ішінде корпоративтік мәдениетті дамытуға және қолдауға бағытталған:

- Букреев шыңына командалық көтерілу;
- Баум тоғайындағы эко-сенбілікке белсенді қатысу;
- Country Village Resort демалыс аймағында өткен жазғы жыл сайынғы тимбилдинг, онда қызметкерлер бір командаға бірігіп "Голдберг машинасын" жасады;

- KASE Биржалық Тобы жұмыскерлерінің қатысуымен "KASE-ге 30 жыл – табысқа бағыт" деректі-тарихи фильмін түсіру. Фильмде Биржаның құрылған күнінен бастап осы уақытқа дейінгі қалыптасуы мен дамуының маңызды кезеңдері фильмнің кейіпкерлерін – Биржаның жұмыскерлерін және Қазақстанның ұйымдасқан қаржы нарығын қалыптастыруға елеулі үлес қосқан кейбір негізгі тұлғаларды қабылдау призмасы арқылы бейнеленген;
- Биржаның 30 жылдық мерейтойына және ҚР Ұлттық валюта күні мен елдің қаржы жүйесі жұмыскерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында "Қазақстан Камераты" мемлекеттік классикалық музыка ансамблінің орындауындағы салтанатты концерт;
- KASE мерейтойын мерекелеуге арналған гала-кешкі ас;
- Жаңа жылды мерекелеу және қызметкерлердің балаларына арналған шырша.

Оқыту және дамыту

Оқыту және біліктілікті арттыру KASE және KACC персоналды басқару саясатының бір бөлігі болып табылады. Компаниялар жұмыскерлердің жаңа білім алуға және бар білімін, оның ішінде ішкі және сыртқы оқыту арқылы дамытуға ұмтылуын көтермелейді.

Кәсіптік және міндетті оқыту басым бағыт болып табылады. KASE Биржалық Тобының стратегиялық жобаларын іске асыру үшін қажетті қаржы секторында кәсіби дағдыларды, корпоративтік құзыреттер мен жобалық басқару дағдыларын дамыту мәселелеріне көп көңіл бөлінеді.

Есептік жылы 60-тан астам KASE және KACC жұмыскерлері негізінен Корпоративтік қаржы, Қаржылық модельдеу, Қаржылық талдау, IT бағыт (Java, Oracle, Linux) және бухгалтерлік курстар (1С ЖПБ, халықаралық салық салу, кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл бағыттары бойынша курстарда оқытылды және басқа да бірқатар бағыттарды қамтиды.

Сонымен қатар бірқатар бөлімшелердің жұмыскерлері үшін IPMA сертификаттауымен жобаларды басқару курсы ұйымдастырылды.

Компания қызметкерлері үшін ағылшын және қазақ тілдерінен тілдік курстар өткізіліп, 50-ден астам адам оқытылды.


Биржаның персоналы

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE штат саны 235 бірлікті құрады, бұл ретте нақты саны – 195 бірлік.

Биржаның жас құрылымы

Жасына қарай бөліністе персоналдың құрылымы былайша көрінеді: 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі – 24 %-ды, 30-дан 39 жасқа дейін – 36 %-ды, 40-тан 49 жасқа дейін – 29 %-ды, 50 жастан асқандар үлесі - 11 %-ды құрайды. 2023 жылы Биржадағы жұмыскерлердің орташа жасы 38 жасты құрады.

32 сурет. Биржаның жас құрылымы



Дереккөз: KASE


Биржа жұмыскерлерінің білімі

Есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша KASE жұмыскерлерінің негізгі құрамының (99,5 %) жоғары білімі бар.

Биржаның гендерлік құрамы

KASE-де әйел жұмыскерлердің жалпы саны 53 %-ды, ерлердің жалпы саны 47 %-ды құрайды. Бұл ретте Биржаның топ-менеджменті (Биржа Басқармасы мен Директорлар кеңесі) әйелдердің басқаруға қатысуының жоғары көрсеткішін көрсетеді: басқарманың 40 % және ДК-нің 30 % әйелдер болып табылады.

33 сурет. Биржаның гендерлік құрамы




Дереккөз: KASE

Биржа персоналының тұрақтылығы

Есептік кезеңде Биржа персоналының құрамы айтарлықтай жаңарды. Бұл ретте жұмыскерлердің 17 %-да KASE-дегі жалпы жұмыс өтілі он жылдан астам, жұмыскерлердің 7 %-да бес жылдан тоғыз жылға дейінгі өтілі бар, KASE-дегі бір жылдан бес жылға дейінгі жұмыс өтілі жұмыскерлердің – 47 %-да бар және 29 %-ын Биржада бір жылдан кем жұмыс өтілі бар жұмыскерлер құрайды.

34 сурет. KASE персоналының тұрақтылығы



Дереккөз: KASE


Клиринг орталығының персоналы

2024 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Клиринг орталығының штат саны 59 бірлікті құрады, бұл ретте нақты саны – 46 бірлік.

Клиринг орталығының жас құрылымы

Жасына қарай бөліністе персоналдың құрылымы мынадай: 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі – 10,9 %, 30-дан 39 жасқа дейін – 30,4 %, 40-тан 49 жасқа дейін – 32,6 %, 50 жастан асқандар – 26,1 % құрайды. Клиринг орталығы бойынша жұмыскерлердің орташа жасы 2023 жылы 41 жасты құрады.

35 сурет. КАСС-тың жас құрылымы



Дереккөз: КАСС


Клиринг орталығы жұмыскерлерінің білімі

Есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша KASE жұмыскерлерінің негізгі құрамының (100 %) жоғары білімі бар.

Клиринг орталығының гендерлік құрамы

КАСС-та әйел жұмыскерлердің жалпы саны 67,4 %-ды, ердердің саны 32,6 %-ды құрайды.

36 сурет. Клиринг орталығының гендерлік құрамы



Дереккөз: КАСС

KASE Тобының әлеуметтік жауапкершілігі

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамыту шеңберінде KASE Тобы Қазақстан жастарының қаржылық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөледі. Осыған байланысты KASE және KACC Қазақстанның жоғары оқу орындарымен тағылымдамалар мен практиканы ұйымдастыру, перспективалы студенттерді жұмысқа орналастыру, сондай-ақ KASE аумағында және жоғары оқу орындарында қор нарығы туралы таныстыру дәрістері мен семинарлар өткізу бөлігінде белсенді ынтымақтастықты жалғастыруда. 30-дан астам студент KASE және KACC-те тәжірибеден өтті.

Ақпараттық және физикалық қауіпсіздік

Ақпарат қауіпсіздігі және физикалық қауіпсіздік ақпараттық-техникалық қауіпсіздік қызметі (бұдан әрі – АТҚҚ) жауапкершілігінің негізгі салаларын білдіреді. АТҚҚ-нің негізгі мақсаты KASE және KACC-тегі ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қорғау деңгейін ұдайы арттыру және тәуекелдерді төмендету болып табылады. АТҚҚ өз қызметінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, нормативтік-құқықтық актілерді, халықаралық стандарттарды басшылыққа алады және халықаралық практикаларды енгізуге ұмтылады.

Есептік кезеңде ақпараттың жылыстауын болдырмау үшін бағдарламалық қамтамасыз ету (бұдан әрі – БҚ), ақпараттық қауіпсіздік саласындағы уақиғаларды басқару жүйесі енгізілді. Сондай-ақ жергілікті компьютерлер мен серверлік платформаларда зиянды бағдарламалардың алдын алу үшін бағдарламалық қамтамасыз ету енгізілді. Киберқұралдардан қорғау деңгейін арттыру үшін Биржаның және Клиринг орталығының ақпараттық жүйелеріне сыртқы және ішкі аудиттер жүргізіледі.

Ақпараттық қауіпсіздік жүйесін жақсарту шеңберінде KASE Тобы қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздік саласындағы осалдықтар мен қауіп-қатерлерге қатысты хабардарлығын арттыру бойынша іс-шара өткізілді. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы жаңа қауіп-қатерлер мен талаптар туралы ақпаратты тұрақты түрде тарату жүзеге асырылады. Сондай-ақ, ішкі құжаттарға сәйкестігін тексеру және Биржа мен Клиринг орталығының желілері мен жүйелерін пайдалану тәртібін күшейтуге бағытталған басқа да іс-шаралар жүргізілді.

ISO 27001:2013 стандартына және уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес нормативтік құжаттаманы жетілдіру жөніндегі жоспар шеңберінде Биржаның және

Клиринг орталығының ішкі құжаттары ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің жұмыс істеуін анықтау үшін өзгертілді және толықтырылды.

Өткізілген іс-шаралардың жиынтығы KASE Тобының ақпараттық қауіпсіздік деңгейін жақсартуға және осы саладағы тәуекелдерді төмендетуге алып келді. Физикалық қауіпсіздікті жақсарту үшін күзет қызметтерін ұсынуды бақылау процедуралары жетілдірілді, күзет және дабыл сигнализациясы, бейнебақылау және face id жүйесі енгізілді.

Тәуекелдерді басқару жүйесі

KASE Тобында тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған жүйесі құрылған, бұл ретте Топ компанияларының әрқайсысына тәуекелдердің ерекше түрлері тән.

Тәуекелдерді басқару KASE Тобының барлық елеулі тәуекелдерін анықтауға, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдауға бағытталған KASE және KACC қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

KASE және KACC-тағы тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы мынадай органдар мен бөлімшелерді: Директорлар кеңесін, Басқарманы, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшені, компаенс бөлімшесін, заң бөлімшесін, Ішкі аудит қызметін, тәуекелдердің иелері – құрылымдық бөлімшелерді тарта отырып, бірнеше деңгейде тәуекелдерді басқарудан тұрады.

Тәуекелдерді басқару жүйесін үздіксіз дамыту және жетілдіру KASE Тобына ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерге уақтылы ден қоюға, қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

KASE және KACC тәуекелдерді басқару – бұл тұрақты, динамикалық және үздіксіз процесс. Есептік кезеңде KASE Тобында тәуекелдерді басқару бойынша мынадай жұмыс жүргізілді:

- Биржаның ішкі құжаттары мен процедураларына негізделген KACC тәуекелдерін басқару жүйесі саласындағы ішкі құжаттар әзірленді;
- KASE Тобы мен оның басшылары бизнесті дамыту стратегиясы шеңберінде қабылдауға дайын топ пен әрбір ұйымның жеке тәуекел-тәбеті бекітілді;
- Биржаның тәуекелдерді басқару жүйесінің ISO 31000:2018 халықаралық стандартының ұсынымдарына сәйкестігіне өзіндік бағалау жүргізілді, бұл ретте

стандартты имплементациялау KASE бүкіл тобы бойынша жүзеге асырылатын болады;

- есептік кезеңде тәуекелдерді сәйкестендірудің жыл сайынғы процедурасы жүргізілді. Тәуекелдерді сәйкестендіру өткен кезең тұрғысынан да, болашақ ықтимал уақиғалар тұрғысынан да, сондай-ақ бизнес-процестерді жан-жақты талдау негізінде жүргізілді. KASE Тобын дамытудың жаңа бағыттарын игеру кезінде тәуекелдер тіркелімдері жаңа сәйкестендірілген тәуекелдермен (ESG-тәуекелдер) толықтырылды. Елдегі және әлемдегі ағымдағы саяси ахуалға байланысты жаңа тәуекелдер сәйкестендірілді және бағаланды. Жүргізілген жұмысты ескере отырып, тәуекелдер тіркелімі, Биржаның тәуекелдер картасы қайта қаралды.

Тоқсан сайын Биржаның және Клиринг орталығының Басқармасы өздерінің басқару органдарына іске асырылған тәуекелдер мен оларды барынша азайту үшін қабылданған шаралар бойынша ағымдағы жағдай туралы хабарлайды. Биржа Басқармасы сонымен қатар Биржа Директорлар кеңесіне KASE Тобында іске асырылған тәуекелдер туралы ақпаратты ашады.

KASE Биржалық Тобында тәуекел-мәдениетті жетілдіру тұрақты негізде тәуекелдерді басқару процесіне құрылымдық бөлімшелерді тарту жолымен, сондай-ақ Директорлар кеңесі, Басқарма, Басқарма жанындағы комитеттер және Биржа/Клиринг орталығы жұмыскерлері арасында ақпарат алмасу есебінен жүзеге асырылады.

2023 жылы Биржа/Клиринг орталығы жұмыскерлерінің тәуекел-мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді. Жұмысқа қабылдау кезінде жаңа жұмыскерлер Биржада/Клиринг орталығында тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидаттарымен танысудан өтеді. Биржа/Клиринг орталығы жұмыскерлерінің тәуекел-мәдениетін арттыру бойынша жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде әрбір жұмыскердің тәуекелдерді басқару жүйесіне қатыстылығын түсінудің неғұрлым жоғары дәрежесі байқалады.

Биржаның/Клиринг орталығының нарықтық тәуекелдерін тиімді басқару үшін ОК қызметін жүзеге асыру кезінде Биржаның/Клиринг орталығының Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган – Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді. Комитеттің функцияларына қаржы құралдарының іргелі және бекітілетін тәуекел-параметрлерінің мәндерін бекіту, биржалық нарықтарда

клирингілік қатысушыларға жеке шектелімдер мен шектеулерді белгілеу және қолдану бойынша Биржа Басқармасына ұсынымдар дайындау, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар кіреді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру қажет бағыттарды анықтау үшін Биржаның Ішкі аудит қызметі Ішкі тексерулер жоспарына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізеді.

Биржада және Клиринг орталығында енгізілген, автоматты тәртіптемеде клирингілік ұйым (орталық контрагент) ретінде Биржаның нарықтық тәуекелдеріне мониторингті және бақылауды жүзеге асыратын тәуекелдерді басқару жүйесі Биржада сатылатын қаржы құралдарының өсу құбылмалылығына уақтылы ден қоюға мүмкіндік берді.

Қызметтің үздіксіздігін басқару

Биржа құратын қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі KASE Тобы үшін бірыңғай болып табылады, өйткені Top бірыңғай IT-инфрақұрылымды, бірыңғай сауда-саттық жүйелерін пайдаланады.

Биржа қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл қызмет ішкі құжаттармен – Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен 2020 жылдың 24 сәуірінде Қызметтің үздіксіздігін басқару саясатымен, Биржаның Басқармасы 2020 жылдың 30 шілдесінде бекіткен, инциденттер мен төтенше жағдайлар туындаған кезде қызметтің аса маңызды түрлерінің үздіксіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Биржаның қызметін тез қалпына келтіру мақсатында олардың негізгі қызметке әсерін барынша азайту мақсатында халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып әзірленген Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуді және қалпына келтіруді ұйымдастыру ережелерімен және Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарымен регламенттеледі. Биржаның қызметін аса маңызды бағыттар бойынша қалпына келтіруді қамтамасыз ету мақсатында Биржа Басқармасы қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және қалпына келтіру жоспарын бекітті.

Есептік кезеңде қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін реттейтін Биржаның ішкі құжаттарына өзекті сипат берілді. Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды өзектендіру қажеттілігі Биржа және оның еншілес ұйымы – Клиринг орталығы үшін қызметтің үздіксіздігін басқарудың бірыңғай жүйесін құрумен

байланысты, сондай-ақ қызметтің аса маңызды түрлерінің тізбесін және тестілеу түрлерін қалыптастыру жөніндегі тәсілдер қайта қаралды.

Биржада бірнеше деректерді өңдеу орталықтарының жүйесі жұмыс істейді, сондай-ақ қызметтің үздіксіздігін басқару сызбасы жаңғыртылды, тоқтаусыз жүйені қамтамасыз ету мақсатында Биржаның IT-инфрақұрылымын тұрақты жаңғырту жүргізілуде. Оңтайлы IT-инфрақұрылымды қамтитын, бүгінгі күнге дейін құрылған қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі қатерлі жағдай туындаған сәттен бастап белгіленген уақыт ішінде қызметтің аса маңызды түрлерін қалпына келтіруді қамтамасыз етеді. Биржаның жұмысын қамтамасыз ететін деректерді өңдеу орталықтары қазіргі заманғы талаптарға – TIER II (істен шығуға төзімділік – 99,75 %) және TIER III (істен шығуға төзімділік – 99,98 %) талаптарына сәйкес келеді.

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін ISO 22301-2019 халықаралық стандартына сәйкестігіне өзіндік бағалау жүргізілді, сондай-ақ анықталған сәйкессіздіктер бөлігінде стандарт ұсынымдарын енгізу жөніндегі жоспар әзірленді.

Үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру бойынша жоспарларды тестілеу (оның ішінде деректерді өңдеудің сақтық орталықтарында және виртуалды жұмыс орындары мен сақтық кеңсені пайдалана отырып сауда-клирингтік жүйелердің жұмысын тестілеу) Биржаның бейінді бөлімшелерімен тұрақты түрде өткізіледі.

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесіне тәсілдерді өзгерту шеңберінде Биржаның серверлерінде құрылатын және пайдаланушының орналасқан жеріне қарамастан барлық ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті көздейтін виртуалды жұмыс орындары жүйесін жаңғырту жоспарланған. Жұмыс орындарын виртуалдандыру төтенше жағдайларға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

KASE Тобы қызметінің үздіксіздігі ішкі жұмысты ұйымдастырумен қамтамасыз етіледі, бірақ табиғи, әлеуметтік, экономикалық және техногендік сипаттағы сыртқы факторлардың да әсері бар. Атап айтқанда, Биржа қызметінің жекелеген түйінді аспектілері олардың істен шығуға төзімділігі және халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып, тиісті сападағы қызметтерді жеткізудің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында олар жүргізетін іс-шаралардың болуы тұрғысынан Биржа үнемі талдап отыратын аса маңызды жеткізушілердің қызметтерді үздіксіз жеткізуіне байланысты.

2023 жылы бизнес-процестерді қалпына келтірудің рұқсат етілген максималды бос тұру уақытынан/нысаналы уақытынан асып кету тіркелген жоқ.

2023 жылы қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесімен байланысты тәуекелдерді іске асырудан нақты материалдық залал жоқ.

Комплаенс-бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Тез өзгертін сыртқы орта, жаһандық күйзелістер, санкциялық қарсыластықтар және неғұрлым қатаң реттеуші талаптар жағдайында KASE Тобы Қазақстанның қаржы нарығының басқа қатысушылары сияқты басқару ерекше көзқарас пен назар аударуды, сондай-ақ комплаенс бақылаудың пәрменді жүйесінің болуын талап ететін комплаенс тәуекелдеріне тап болады. Осы мақсаттар үшін тиісінше Биржаның Директорлар кеңесіне және Клиринг орталығының Директорлар кеңесіне есеп беретін KASE Комплаенс-қызметі және KACC Комплаенс-қызметі (бұдан әрі – Қызмет) ұйымдастырылды және жұмыс істейді. Қызмет KASE Тобы қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттардың талаптарына, сондай-ақ қолданылатын шетел құқығы нормаларына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

KASE Тобында комплаенс саласындағы халықаралық тәжірибе мен стандарттарды ескере отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Комплаенс-тәуекелдерді басқару саясаты, Корпоративтік әдеп кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар, Мүдделер қақтығысын басқару саясаты, Инсайдерлік ақпаратты пайдалануды бақылау ережелері және басқа да ішкі құжаттар әзірленді және бекітілді.

Қызмет Биржа мен Клиринг орталығының қызметінде олардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкестікті қамтамасыз ету, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мәмілелер жасау кезінде шет мемлекеттердің санкциялық шектеулерін және ерекше жағдайларды сақтау, мүдделер қақтығысын барынша азайту, уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан қабылданған шараларды талдау және KASE Тобы клиенттерінің/контрагенттерінің шағымдарын (өтініштерін) қарау бөлігінде комплаенс-тәуекелдерге үздіксіз мониторингті жүзеге асырады.

2023 жылы Қызмет осы жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға және санкциялық комплаенсті жетілдіруге

бағытталған шараларды қоса алғанда, Биржаның негізгі қызметі бойынша комплаенс-тәуекелдерді уақтылы анықтауға, бағалауға және бақылауға бағытталған іс-шараларды іске асырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бағыты бойынша Биржада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, мүдделер қақтығысын реттеуге және ұйым ішіндегі корпоративтік мәдениетті жақсартуға бағытталған шаралар мен бақылау процедураларының тізбесі әзірленді. Есептік кезеңде Қызмет көрсетілген құжаттарды қолдану және қалыптасқан жағдайларды шешу тәртібіне қатысты жұмыскерлермен тұрақты негізде кеңесулер өткізді. Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Қызмет жұмыскерлердің жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысқан жағдайда олардың мүдделер қақтығысының болуын талдауды жүзеге асырды, сондай-ақ жұмыстан босатылатын жұмыскерлер толтыратын сауалнамаларды жинауды және талдауды жүзеге асырды.

Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарға байланысты өтініштерді, сондай-ақ KASE Тобының немесе оның жұмыскерлерінің іс-әрекеттеріне шағымдарды (өтініштерді) қарау үшін "жедел желі" ұйымдастырылды, оның байланыс деректері Биржаның веб-сайтында көрсетілген.

2023 жылға арналған Тексеру жоспарына сәйкес Қызмет контрагенттермен өзара қарым-қатынас кезінде санкциялық талаптар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды сақтау процестерін жоспарлы тексеруді жүзеге асырды және комплаенс-тәуекелдерді төмендету және оларды тиімді басқару үшін іс-шаралар жоспарын әзірледі.

2023 жыл ішінде KASE мен KACC-те санкциялық тәуекелдерді барынша азайту үшін бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды, оның шеңберінде KASE Тобының қызметіне санкциялық мониторинг пен санкциялардың әсеріне талдау жүргізілді, ішкі бақылау шаралары күшейтілді және Биржа мүшелері мен листингілік компанияларға қойылатын талаптар өзгертілді. Қызмет халықаралық санкциялық тәртіптемелердің даму үрдістерін талдап, KASE Тобының барлық жауапты бөлімшелері мен жұмыскерлерінің назарына жеткізді.

KASE Тобы жұмыскерлерінің комплаенс-мәдениетін ілгерілету және арттыру үшін Қызмет комплаенс-тәуекелдерді және комплаенс-мәдениетті басқару, мүдделер қақтығысын басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мен шектеулер, оның ішінде активтер мен міндеттемелер туралы декларация беру жөніндегі талаптар мәселелері бойынша оқыту жүргізді.

KASE Биржалық Тобының ішкі аудиті

KASE ішкі аудит қызметі және KACC ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Биржа мен Клиринг орталығы акционерлерінің мүдделерін қорғау, тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу, ұсынымдар беру және білім алмасу арқылы KASE Биржалық тобының құнын сақтау және арттыру мақсатында құрылған.

ІАҚ қызметі ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздеріне және реттеушінің талаптарына сәйкес келеді, атап айтқанда, ішкі аудит функциялары тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларынан оқшауланған. ІАҚ ішкі аудиторлардың объективтілігін және ІАҚ тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы функционалдық-әкімшілік бағыныстылық және есеп беру тәртіптемесінде болады.

Қолданыстағы есеп берушілік шеңберінде басқару органдары корпоративтік басқарудың, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділік деңгейі туралы сенімді және өзекті ақпаратпен қамтамасыз етіледі. KACC 2023 жылы құрылғанын ескере отырып, ішкі аудиторлық тексерулер жүзеге асырылмаған және тиісінше есеп берушілік ұсынылмаған.

ІАҚ жетекшісі болып табылатын Аудит жөніндегі комитеттен кері байланыс алуды ішкі аудит жөніндегі комитеттің ішкі аудит құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдерін/ұсынымдарын талдауды қоса алғанда, Аудит жөніндегі комитетпен өзара іс-қимыл барысында, сондай-ақ Аудит жөніндегі комитет мүшелеріне сауалнама жүргізу арқылы әртүрлі нысандарда ішкі аудит басшысы жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен бекітілген (№ 27 хаттама) Ішкі аудиттің кепілдік беру және сапасын арттыру бағдарламасына сәйкес KASE ішкі аудит функциясының ағымдағы жай-күйіне өзін-өзі бағалау жүргізілді, оның нәтижелері бойынша сәйкестіктің жалпы бағасы 85,6 % құрады. KASE Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2023 жылдың қорытындысы бойынша ІАҚ жұмысының нәтижелеріне қанағаттанушылығын бағалау 4 баллды құрады, яғни максималды ықтимал баға берілді.

Бекітілген өкілеттіктерге сәйкес KASE Директорлар кеңесі, сондай-ақ KACC Директорлар кеңесі аудиттің тәуекелге бағдарланған карталарын және жылдық аудиторлық жоспарды, ІАҚ және ішкі аудиторлардың негізгі көрсеткіштерін, сондай-ақ ІАҚ бюджетін бекітеді.

2023 жылы KASE Ішкі аудит қызметінің аудиторлық жоспары өткен кезеңдерден қалған аяқталмаған тапсырмаларды ескере отырып, 100 %-дан астам орындалды. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері қосымша кеңес беру қызметтерін көрсетті. Аудиторлық және кеңес беру тапсырмаларын орындау нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметі ұсынымдар, оның ішінде ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы жүйелерін, процестерді, қызметті жүргізудің принциптері мен әдістерін жақсарту бойынша ұсыныстар берді. Берілген ұсынымдардың орындалуы мониторингінің нәтижелері және аудиторлық жоспардың орындалуы туралы ақпарат Ішкі аудит жөніндегі комитетке және Биржаның Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы негізде берілді.

Кәсіби білімін жетілдіру және біліктілігін арттыру мақсатында ІАҚ жұмыскерлері тұрақты негізде, оның ішінде CIA кәсіби сертификатын алу үшін оқытудан өтеді.

Есептік жылы KASE ІАҚ қызметі тоқсандар бөлінісінде "тиімді" ретінде бағаланды, бұл 2023 жылдың қызметтің негізгі көрсеткіштерінің орындалуымен расталады.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР

ASTS+	Мәскеу биржасының сауда-саттық клиринглік жүйесі негізінде әзірленген KASE сауда-саттық клиринглік жүйесі
CDSB	Climate Disclosure Standards Board (Климат туралы ақпаратты ашу стандарттары жөніндегі кеңес)
COVID-19	SARS-CoV-2 коронавирусы тудыратын жіті респираторлық инфекция
EBRD	European Bank for Reconstruction and Development (Еуропа қайта құру және даму банкі)
ESG	Environmental, Social and Governance – экологиялылық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлері
ETF	Exchange Traded Fund, саудаланатын биржалық қор
FAST	FIX Adapted for Streaming (сауда-саттық жүйелеріндегі деректерді беру хаттамасы)
FEAS	Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (Еуро-Азия қор биржалары федерациясы)
FIX	халықаралық стандарт болып табылатын деректерді беру хаттамасы
Frontier Market	Шекара нарығы
FTSE	Financial Times Stock Exchange халықаралық индекстер қызметі
IFC	International Finance Corporation (Халықаралық қаржы корпорациясы)
IOS, Android	смартфондарға, электрондық планшеттерге, алып жүретін ойнатқыштарға және басқа да кейбір құрылғыларға арналған мобильді операциялық жүйе
IOSCO	International Organization of Securities Commissions – Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы
IPO	Initial Public Offering (алғашқы жария орналастыру)
IR	Investor Relations (инвесторлармен коммуникация құру)
IRIS	биржаның ақпараттық терминалы
ISO	International Organization for Standardization (стандарттарды шығарумен айналысатын халықаралық ұйым)
IT	Information Technology (ақпараттық технологиялар)

KASE	"Қазақстан қор биржасы" АҚ атауының аббревиатурасы
MOEX	"Мәскеу Биржасы" БАҚ
MSCI	Morgan Stanley Capital International халықаралық индекстер қызметі
IOSCO	International Organization of Securities Commissions (Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы)
PRI	Principles for Responsible Investment (Жауапты инвестициялау принциптері)
RUONIA	бір күндік рубльдік кредиттердің (депозиттердің) индикативтік өлшенген мөлшерлемесі, ол минималды несиелік тәуекелі бар ресейлік банктер қатарынан стандартты қарыз алушының "overnight" шарттарымен қамтамасыз етілмеген рубльдік қарыз алу құнын бағалауды көрсетеді.
S&P	Standard & Poor's халықаралық индекстер қызметі
SLA	Service Level Agreement (Қызмет көрсету деңгейі туралы келісім)
SMA	sponsored market access (тапсырма беруші тікелей сауда-саттық жүйесіне рұқсаттама)
SOFR US	АҚШ Қазынашылығын мемлекеттік бағалы қағаздармен қамтамасыз ету үшін "overnight" шарттарында үш түрлі РЕПО транзакцияларының көлемі бойынша орташа алынған медианалық мөлшерлеме болып табылатын АҚШ долларымен ақша нарығындағы пайыздық мөлшерлеме
SONIA UK	нақты транзакцияларға негізделеді және банктер басқа қаржы мекемелерінен және институционалдық инвесторлардан "overnight" шарттарымен фунт стерлинспен қарыз алу үшін төлейтін орташа пайыздық мөлшерлемені көрсетеді
SPECTRA	деривативтер нарығындағы сауда-саттық клирингілік жүйе
sTrade	KASE әзірлеген сауда-саттыққа қашықтан қол жеткізудің интернет-платформасы
TCI	TONIA Compounded Index – TONIA индикаторының соңғы есептелген мәні негізінде әрбір күнтізбелік күн есептелетін композиттік TONIA индексі
TCR	TONIA Compounded Rate – TONIA мәндері негізінде әрбір күнтізбелік күн есептелетін құрамдас TCI мөлшерлемесі. Есептеуде есептік кезеңдегі күнтізбелік күндердің нақты санына тең жылжымалы терезе пайдаланылады
TOD	мәміле жасалған күні орындалатын есеп айырысуды жүзеге асыру шарты (ағылшын тіліндегі "today" сөзінен алынған)

TOM	мәміле жасалған күннен бастап келесі жұмыс күні орындалатын есеп айырысуды жүзеге асыру шарты (ағылшын тіліндегі "tomorrow" сөзінен алынған)
TONIA	әрбір сауда-саттық күнінің қорытындылары бойынша есептелетін бір күн мерзімге МБҚ Себетімен репо операциялары бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіретін репо операциялары нарығының негізгі индикаторы
TRION	әрбір сауда-саттық күні ішінде есептелетін, бір күн мерзімге ОК қатысуымен жүзеге асырылатын МБҚ Себетімен репо операциялары бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме
TWINA	әрбір сауда-саттық күні ішінде есептелетін, ОК қатысуымен жүзеге асырылатын МБҚ Себетімен репо операциялары бойынша жеті күн мерзімге орташа алынған пайыздық мөлшерлеме
UN SSE	Sustainable Stock Exchanges (Тұрақты қор биржалары)
VDI	виртуалды жұмыс орындары жүйесі
WEP	Women's Empowerment Principles
WFE	World Federation of Exchanges (Дүниежүзілік биржалар федерациясы)
АҚ	акционерлік қоғам
ҚНРДА	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ЕОДҚ	Еуразия Орталық Депозитарийлерінің Қауымдастығы
ЕДБ	екінші деңгейдегі банк (банктер)
Биржа	"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Брокер-дилерлер	Уәкілетті органның лицензиясы бар брокерлік және/немесе дилерлік ұйымдар
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
ЖОО	жоғары оқу орны
МБҚ	мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар
ДАМУ	"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ
ЕТША	Еуропа, Таяу Шығыс және Африка

ЕҚДБ	Еуропа қайта құру және даму банкі
KASE индексі	KASE акциялар нарығының индексі
КҚС	клирингілік қатысу сертификаттары
ТМД ХБК	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Халықаралық биржалар қауымдастығы
млн	миллион
млрд	миллиард
Мәскеу биржасы	"Мәскеу Биржасы" БАҚ
ХҚҰ	халықаралық қаржы ұйымы (халықаралық қаржы ұйымдары)
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
"Атамекен" ҚР ҰКП	"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
МЕБҚ	мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар
МҚҰО	мемлекеттік қатысу үлесі бар облигациялар
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ОПЕК+	мұнай өндіру квоталарын бақылау мақсатында мұнай өндіруші елдер құрған халықаралық үкіметаралық ұйым.
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
COVID-19 пандемиясы	SARS-CoV-2 коронавирусы тудырған коронавирустық инфекцияның ағымдағы пандемиясы
БАҚ	Бұқаралық акционерлік қоғам
ИПҚ	инвестициялық пай қоры
БҚ	бағдарламалық қамтамасыз ету
Үкімет	Қазақстан Республикасының Үкіметі
ӨКП	өңірлік кәсіпкерлер палатасы (палаталары)
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

АҚШ	Америка Құрама Штаттары
T+2	мәмілені орындау ол жасалған күннен бастап екінші жұмыс күні жүргізілетін есеп айырысуды жүзеге асыру шарты
СКЖ	сауда-саттық клирингілік жүйесі
ЖШС	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
трлн	триллион
мың	мың
ФРЖ	федералдық резервтік жүйесі
ОД	Орталық депозитарий
ОК	орталық контрагент
ДӨӨ	Деректерді өңдеу орталығы

Байланыс және деректемелер

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы

Мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" КФК солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат

БСН 931 240 000 220

тел.: (727) 237 53 00